Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Қолжазба құқығында

**ТОКЕЕВА АСЕЛЬ АМАНТАЕВНА**

# Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде

6D020200 - Халықаралық қатынастар

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі
филос. ғыл. докт., проф.
Раев Д.С.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
тар. ғыл. докт., проф.
Чернышов Ю.Г.
Ресей Федерациясы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**...................................................................... 3
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**................................................... 4
**КІРІСПЕ**......................................................................................................... 5
**1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**...................................................... 16
1.1 «Стратегиялық әріптестік»ұғымы: теориялық концептуалды талдау….. 16
1.2 Халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздері............................................................................... 24
1.3 Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестіктің даму эволюциясы.............................................. 34
**2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ....** 44
2.1 Қазақстан мен Қытайдың халықаралық және аймақтық ұйымдардағы әріптестігі.................................................................................................... 44
2.2 Халықаралық ұйымдар аясындағы Қазақстан-Қытай өзара әріптес байланыстарының экономикалық аспектілері............................................... 54
2.3 Қазақстан–Қытай әріптестік қатынастарының қазіргі халықаралық және аймақтық ұйымдарындағы негізгі мәселелері....................................... 63
**3 ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ӘРІПТЕСТІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**.......................................................................... 74
3.1 Қазақстанмен Қытайдың өзара әріптестік қатынастары дамуының қазіргісаяси-құқықтық негіздері мен ағыттары............................................. 74
3.2 Қазақстан-Қытай арасындағы бүгінгі геостратегиялық әріптестіктрансформациясы.................................................................................. 85
3.3 Қазақстан-Қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағы… 95
**ҚОРЫТЫНДЫ**............................................................................................. 108
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**............................................ 112
**ҚОСЫМША А -** Қытай дипломатиялық серіктестіктерінің иерархиялық орналасуы............................................................................................................ 122

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнату туралы бірлескен коммюнике» (1992 жылдың 3-қаңтары)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көпжақты ынтымақтастықты XXI ғасырда одан әрі жетілдіре түсу туралы бірлескен декларация» (1999 жылдың 23- қарашасы)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы татукөршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім» (2002 жылдың 23-желтоқсаны)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестік орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» (2005 жылдың 4-шілдесі)

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының XXI ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясы (20 желтоқсан 2006 ж.)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларация» (2011 жылдың 13-маусымы)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясы» (2013 жылдың 8-қыркүйегі)

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы» (2015 жылдың 31-тамызы)

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясат аясындағы жобалар мен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» бастамасы талқыланды. (12.07.2016 ж.)

Сауда, инвестициялық және экономикалық ынтымақтастық саласындағы құжаттарға қол қойылды. (03.11.2016 ж.)

Сыртқы істер министрліктері арасында 2017-2019 жылдарға арналған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. (24.04.2017 ж.)

Екі елдің көшбасшылары кеңейтілген түрде келіссөз жүргізіп, осы келіссөздер негізінде 9 тарихи құжатқа қол қойылған. (Маусым айы 2018ж.)

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен мәлімдемесі (2019 жылғы 11 Қыркүйек)

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АДБ | -Азия Даму Банкі |
| АИИБ | -Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі |
| АҚШ | -Америка Құрама Штаттары |
| АӨСШК | -Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары |
| АСЕАН | -Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы |
| АТА | -Азия Тынық мұхит аймағы |
| АТЭС | -Азия Тынық мұхит мемлекеттерінің экономикалық бірлестігі |
| БСҰ | -Бүкіләлемдік сауда ұйымы |
| БҰҰ | -Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| БҰҰ БА | -Біріккен Ұлттар Ұйымы БасАссамблеясы |
| БҰҰ ҚК | -Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесі |
| ЕО | -Еуропалық Одақ |
| ЕурАзЭО | -Еуразия Экономикалық Одағы |
| ЖЖЭБ | -Жібек Жолының экономикалық белдеуі жөніндегі кеңес |
| ЖІӨ | -Жалпы ішкі өнім |
| КСРО | -Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| ҚКП ОК | -Қытай коммунистік партиясы орталық комитеті |
| ҚР | -Қазақстан Республикасы |
| ҚРСІМ | -Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| ҚХР | -Қытай Халық Республикасы |
| ОАА | -Орталық Азия аймағы |
| ТАРІ | -Түркіменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан газ құбыры |
| ТМД | -Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| ТРР | -Транс Тынық мұхит әріптестігі |
| ШҰАА | -Шыңжан Ұйғыр автономиялық аймағы |
| ШЫҰ | -Шаңхай Ынтымақтастық Ұйымы |

# КІРІСПЕ

**Ғылыми жұмысқа жалпы сипаттама.** Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара қатынас стратегиясының негізіне терең зерттеу жасалады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі екі мемлекет арасындағы татукөршілік достастықтан стратегиялық әріптестікке дейін жүріп өткен жолға сараптама жасала келіп, екі мемлекет арасындағы өзекті мәселелер зерделенген. Сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар жасалады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Тақырыптың өзектілігін төмендегі факторлармен дәйектеуге болады. Біріншіден,тақырыптың өзектілігі бүкіл әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы екі ел арасындағы ғасырларға жалғасқан тарихи көршілік байланыстың жаңарған формуласына айналуымен анықталмақ. Біздің еліміз Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныды және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сол сәттен бері Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы халықаралық конъюнктураның өзгерістері сынақтарына шыдас бере отырып, сенімділік, тең құқылық, өзара тиімділік пен өзара ықпалдастық сипатын айғақтап, саламатты және тұрақты арнада жедел дамуда. Қауіпсіздік саласынан бастап ғылым-білім саласына дейінге барлық аяларды қамтыған екі мемлекет арасындағы қатынастар жоғары қарқынмен күн өткен сайын даму үстінде. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ресми қарым- қатынас орнатқан отыз жыл көлемінде көптеген тарихи маңызы зор келісімдерге қол жеткізді. Аталмыш құжаттар мен құрылымдар екі мемлекеттің тұрақты әрі табысты, ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік негізінде даму жолының құралыісепті. Қытайдай алып мемлекетпен стратегиялық әріптес болу кез келген мемлекет үшін сыртқы саясатындағы үлкен жетістік. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатында стратегиялық әріптестікке ерекше мән беріледі. Осы уақытқа дейінгі алған екі ел арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелері бойынша ҚХР мен әріптестіктігінің жарқын болашағы үшін Қазақстан алдыға нақты мақсаттар мен стратегиялар қою керек.

Екіншіден, халықаралық қатынастарда «әріптестік», «серіктестік», «Стратегиялық ынтымақтастық» терминдерінің мағыналық мазмұнын нақтылай отырып, олардың арақатынасын айқындай келе бұл терминдерді біздің зерттеу жұмысымыздың контексінде қарастыру арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ынтымақтастық қарым- қатынасының негіздері мен болашағына көз жүгірту қажеттілігі тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Үшіншіден, тақырыптың өзектілігін бүгінгі әлемдік саясаттағы дисфункциялық көріністермен байланыстырылады. Өйткені екі ел арасындағы байланыстарға сызат түсірер мәселелер толық шешімін тапқан соң ғана, қос мемлекет ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін стратегиялық әріптеске айналды деген көзқарастамыз. Дегенімен, қазіргі таңда желіде жүрген түрлі әңгімелер,

әлемде болып жатқан қауіп-қатерге байланысты алдымен өз еліміздің ұлттық қауіпсіздігімізді, шекаралық мәселелерді, өзімізге тән қызығушылығымызды, жалпы айтқанда өз ұлттық мүддемізді ойлағанымыз жөн. Өйткені 15-20 жылдан кейін екі ел арасындағы қарым-қатынас қандай жағдайда болатынын болжау өте қиын.

Төртіншіден, тақырыптың өзектілігі екі мемлекет арасындағы әріптестік контекстіндегі болжамдық мәселелерді айқындаумен байланыстырылады. Болашаққа көз тігер болсақ, екі елдің іскерлік ынтымақтастық әлеуеті әлі де жоғары екенін көреміз және оның болашағы аса зор екенін де байқаймыз. Алайда осы уақытқа дейінгі тәжірибеміз, жеткен нәтижелеріміздің қорытындысы бойынша негізгі мәселелерді шеше алдық па? Алға қойған мақсаттарымызға жете алдық па? Екі елге пайдасы тиіп жатыр ма? Қазақстан өз экономикасын әлем бойынша қарқынды дамыта ала ма? Осы сияқты түрлі сұрақтарға жауап іздей отырып қазіргі жаһандану заманында түрлі қауіп-қатердің алдын алып, дұрыс қадам жасауға жол береді. Осылайша ортақ күш-жігер жұмсаудың нәтижесінде ғана біздің халықтарымыз бейбітшілікпен, тұрақтылықпен қамтамасыз етілетін болады.

Осы жоғарыда көрсетілген мәселелер Қазақстан мен Қытай арасындағы әріптестік қатынастарын жаңа заман талабына және Жаңа Қазақстан жағдайына сай зерттелуді талап ететіндігін көрсетеді.Сонымен қатар, алдындағы осы мәселелерді зерттеген еңбектерді толықтыру қажеттігінен туындап отыр.

**Диссертацияның деректік негіздері.**Зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты дереккөздері бірнеше топқа бөлінді.

Дереккөздерінің бірінші тобын Қытай мен Қазақстанның дербес сыртқы саяси ұстанымдары, дипломатиялық стратегиясын нақтылайтын сыртқы саяси тұжырымдамалары мен құндылықтары, екі елдің сыртқы істер министрліктері тұрақты жариялайтын мемлекеттердің ұстанымдары мен мәлімдемелері, сыртқы саясатқа тікелей және жанама ықпал ететін үкімет органдарының мәлімдемелері, мемлекет басшыларының сыртқы саясатқа қатысты сөйлеген сөздері және екі елдің халықаралық және аймақтық ұйымдар мен жаһандық құрылымдардағы ресми құжаттары құрайды. Қытайға қатысты деректерді нақтылай айтқанда, атақты саясаткер Чжоу Эньлай (周恩来) мәлімдеп, әлі күнге дейін Қытай сыртқы саясатының негізгі тұжырымдамасы саналатын бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы, Қытай Сыртқы Істер Министрлігі (中国外交部) ресми сайтында жарияланған ұстанымдары мен әрқилы сыртқы саяси мәселелерге қатысты мәлімдемелері, Қытайдың серіктестік дипломатиясының тұжырымдамасы, қазіргі Сыртқы Істер Министрі Ван И (王毅) және Президент Си Цзиньпинь (习近平) мырзалардың сыртқы саясатқа қатысты жасаған мәлімдемелері қамтылған. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы сыртқы саяси тұжырымдамалары, Қазақстанның Сыртқы Істер Министрлігі әрқилы мәселелерге қатысты жариялайтын құжаттар, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат қағидаттарына қатысты жасаған мәлімдемелері жіті зерделенді. Сонымен қатар, ҚР мен ҚХР-ның сыртқы саяси ведомстволары мен

дипломатиялық мекемелерінің есептері мен статистикалық мәліметтері зерттеу жұмысын жазу барысында кеңінен қолданылды.

Дереккөздерінің екінші тобына 1991-2022 жылдар арасында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында қабылданған ресми дипломатиялық құжаттар енгізілді. Екі үкімет тарапынан қол қойылған дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени мәселелерге арналған ресми құжаттар жинағы мен мемлекет және үкімет басшылары және де мемлекеттік мекемелер басшыларының екі тарапты қол қойған ресми келісім-шарттары, декларациялар, меморандумдар мен бірлескен мәлімдемелері зерттеу жұмысында кеңінен пайдаланылды. Аталмыш құжаттар ҚХР мен ҚР арасындағы көп салалы қарым-қатынастарға нақты баға беруге, жан-жақты терең сараптама жасауға мүмкіндік беретін деректік құндылығы аса жоғары мәліметтер болып табылады. Нақтырақ айтар болсақ, «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Достық өзара қатынастар негіздері туралы бірлескен декларация» [1-3], «2003-2008 жж. 6 аралығындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы туралы бағдарлама» [4], 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» [5], «Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт» және «21-ші ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы» [6], «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы кешенді стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларация» [7], «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесі» [8] тәрізді ресми құжаттар зерттеу жұмысын жазу барысында аса құнды материалдар ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, ҚХР-сының Орталық Азияға қатысты өңірлік саясаты мен стратегиясын сипаттап, оны бағалауда құнды құжаттар болып табылатын «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы декларация» [9], «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Хартиясы» [10], «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы» [11], «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының онжылдығына қатысты Астана декларацияларын» [12], "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы аясында қабылданған екіжақты құжаттар соның ішінде ынтымақтастық форумдары барысында жасалған мәлімдемелерді атап өтуге болады. Екі мемлекеттің жаһандық әмбебап ұйым БҰҰ-ның арнайы мамандандырылған мекемелерінің, Еуропалық Одақтың, ШЫҰ, ЕурАзЭО, АӨСШК, АСЕАН, АТЭС, сондай-ақ БСҰ, Бүкіл әлемдік банк, АИИБ, АДБ, Жібек Жолы қоры сияқты саяси-экономикалық, интеграциялық және қаржы құрылымдарының зерттеу тақырыбына қатысты ресми құжаттары, жылдық есептері мен әр сала бойынша статистикалық мәліметтері топтастырылған құжаттар жиынтығы.

Дереккөздерінің үшінші тобына екі мемлекет басшыларының, үкімет жетекшілерінің, сыртқы істер министрлері мен өзге де мемлекеттік мекемелер жетекшілерінің жасаған баяндамалары, сөйлеген сөздері мен ғылыми жарияланымдары, БАҚ-нда басылған сұхбаттары топтастырылды. Атап айтқанда, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың елдің ішкі-сыртқы саясатына

жанжақты баға беретін әр жылдары жарыққа шыққан кітаптары [13-21] мен қазақстандық дипломатияның сардары Қ.К.Тоқаевтың [22-25] еңбектері зерттеу жұмысын жазу барысында кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ, еліміздің даму жолын айқындап отырған «Қазақстан-2050», Ұлт жоспары – бес индустриалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламалары еліміздің сыртқы саяси ұстанымдарын нақтылауда қолданылды. Сонымен қатар, ҚХР билігі мен Коммунистік Партиясының жетекшілері Мао Цзедун, Дэн Сяопин, Цзян Цзямин [26], Ху Цзиньтао [27] және Си Цзиньпин төрағалардың еңбектері, [28] съездерде жасаған ресми баяндамалары мен сөйлеген сөздері, ҚХР мен ҚР басшыларының біріккен мәлімдемелері [29-30], ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ресми баяндамалары, сөйлеген сөздері, жасаған мәлімдемелері мен баспасөз беттерінде жарияланған сұхбаттары топтастырылған «Ел басқару жөнінде» атты еңбегі [31].

Деректердің төртінші топтамасын қазақ, қытай, ағылшын және орыс тілдерінде жарияланған ғылыми зерттеулер мен мақалалар, белді ақыл-ой орталықтарының есептері, қытайтанушы және Орта Азия аймағын зерттеуші ғалым-мамандар және сарапшылардың құнды пікірлері құрайды. Солардың қатарында, зерттеу жұмысын жазу барысында құнды мәліметтер берген «Web of Science», «Jstor», «Science Direct», «SAGE Journals» «Taylor Francis», «Reconnecting Asia», «Springer Link», және «EBSCO» ғылыми мақалалардың бай деректер базасы болды. Сонымен бірге, Оксфорд Университеті жариялайтын "The China Quarterly" журналы, Чикаго Университеті жобасы "The China Journal", Қытай Әлеуметтік Ғылымдар Академиясы мақалалары («中国社会科学院» Zhongguo Shehui Kexueyuan),«中国一带一路网» (Zhongguo Yidai Yilu wang) журналы, Қытай зерттеуімен шұғылданатын Германиядағы алдыңғы қатарлы "MERICS" ақыл-ой орталығы мақалалары мен есептері және Гарвард Университеті қабырғасында қызмет ететін "Fairbank Center for Chinese Studies " орталығы зерттеулері бар. Сонымен бірге, Қазақстан мен Ресей журналдары атап айтқанда, Қазақстанда жарық көретін «Дипломатия жаршысы», «Саясат», «Қоғам және дәуір», «Казахстан-Спектр», «Центральная Азия» журналдары және «Ulys» сандық-журналы; ресейлік «Проблемы Дальнего Востока», «Мировая экономика и«Азия Африка сегодня» сияқты журналдар зерттеуіміздің деректер тұрғысынан құндылығын арттырғаны сөзсіз.

Бесінші топта мерзімді басылымдарда жарияланған мәліметтер, ғаламтор желілерінде жарияланған ақпараттық сипаттағы мәліметтер, сұхбаттар, талдау мақалалары мен журналисттік зерттеулер, сонымен қатар келісімдер, шарттар, заңдардың электронды дереққорлары дерек көздерінің бесінші тобына топтастырылды. «Международные отношения», батыстық «Foreign Affairs», «The Economist», «Diplomat», «The Guardian», «NY Times», «China Daily», «China Economic Journal», «Business Insider», «The Wall Street Journal», сондай-ақ, қытайлық «人民日报» (Renmin ribao), «中国日报» (Zhongguo ribao), «北京日报 » (Beijing ribao) газеттері мен «中亚研究» (Zhongya yanjiu), «俄罗斯中亚东欧市场» (Eluosi Zhongya Dongou Shichang), «俄罗斯中亚东欧研究» (Eluosi

Zhongya Dongou Yanjiu) «中国外交» (Zhongguo waijiao), «现代国际关系» (Xiandai guoji guanxi), « 财新 » (Caixin) және «Шелковый путь-ревю» журналдары, zakon.kz порталының «Заңгер» деректер қоры, «Әділет», «Талдау» электронды деректік қорларын атап өтуге болады.

**Ғылыми жұмыстың зерттелу деңгейі.** Қазір әлемде Қытайдың саяси-экономикалық ықпалы мен әскери қуатының жылдап артып келе жатқаны себепті қытайтану саласы қарыштап дамып келе жатқан салалардың біріне айналып отыр. Бұл құбылыс Қытай көлемі жөнінен Жапон экономикасын орнынан ысырып, АҚШ-тан кейінгі әлемдегі екінші экономика атанған 2010 жылдан бастап анық біліне бастады. Еуропа, Азия және Африканың көптеген елдерінің сыртқы сауда айналымында бірінші серіктесі атануы, "Бір белдеу, Бір жол" мегажобасының іске қосылуы және әскери бюджетінің соңғы 26 жыл бойы тұрақты өсуі Қытайды халықаралық саясаттағы ең маңызды елдердің біріне айналдырып, оның зерттеп-зерделеудің маңыздылығын негіздеп келеді.

АҚШ, Ресей және Үндістан тәрізді ірі елдер Қытайды жаңа заманда жақыннан тану үшін қаржылық қолдауын аямай талай зерттеу институттары мен ақыл-ой орталықтарын құрып, сыртқы саясатында сол зерттеу нәтижелерін басшылыққа алып, ұлттық мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданып келеді. Қытай да өз кезегінде университеттері аясында және дербес қалыпта да әлем елдерін оның ішінде "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы қамтитын елдерді егжей-тегжейлі танып-білу мақсатында зерттеу орталықтарының санын ұлғайтып жатыр. Қытай ақыл-ой орталықтарының саны бойынша дүниежүзінде АҚШ-тан кейін екінші орынға шыққаны да осы бетбұрыстың дәлелі екендігі сөзсіз. Соның ішінде, Шыңжаңда ғана емес, сонымен бірге Шанхайдағы Фудан Университеті тәрізді белді Жоғарғы Оқу Орындарында Орталық Азия мен Еуразия зерттеу орталықтарының жұмыс істеуі осы бетбұрыстың жарқын мысалы болса керек.

Қазір елімізде іргедегі алып көршінің саяси-экономикалық даму динамикасын және Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы саласымен жүйелі түрде терең шұғылданатын зерттеу орталықтары әлі болмағанымен, Қытай тақырыбымен шұғылданатын сарапшы-мамандар мен ғалымдардың саны артып келеді.Бірқатар жоғарғы оқу орындарында шығыстану және қытайтану кафедралары және Президенттің жанында стратегиялық зерттеулер институтындағы қытайтанушылар Қытай турасындағы сапалы әрі жан-жақты зерттеулер жариялай бастады. Бұрнада еліміздегі қытайтанушылар көбіне Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы сауда-экономикалық байланысты зерттеумен шектеліп қалып жатса, бүгінде Қытайдың аймақтық державадан әлемдік державаға трансформациясы, Қытай дипломатиясындағы жаңа феномендер, Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының стратегиялық деңгейі және Қазақстанның Қытай саясатындағы экономикалық және геосаяси рөлінің маңыздылығы тәрізді тақырыптар отандық қытайтану саласында қамтыла бастады. Біздің бұл ғылыми жұмыс та өзінің теориялық және практикалық маңыздылығымен Қазақстан-Қытай стратегиялық серіктестігі саласына пайдалы болады деген үміттеміз.

Тұтастай алғанда, елімізде ҚХР-дың сан ғасырға созылған тарихы мен бүгінгі күнгі Қытай дипломатиясы мен ішкі-сыртқы саясатына, экономикалық әлеуеті мен жаһандық саясаттағы орны жайлы, сондай-ақ ҚР-мен көпсалалы қарымқатынастары отандық ғалымдар жұмыстарында жалпылай қарастырылғанымен, зерттеліп отырған тақырып қырынан кешенді зерттеген еңбектер аздап кездеседі. Қазақ-қытай қарым-қатынастарын жан-жақты зерттеп жүрген бірқатар қазақстандық ғалымдардың еңбектерін ерекшелеп атауға болады. 1995-2001 жылдар аралығында ҚР-ның ҚХР Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарған Қуаныш Сұлтанов өз еңбектерінде [32-33] Қытай мен Қазақстанның елдің ішкі саясатында орын алған күрделі өзгерістерден кейін жүргізілген терең экономикалық реформаларға кешенді сараптамалар жасай отырып, екі мемлекеттің сыртқы саясаттағы басымдықтары мен бір-біріне қатысты дипломатиялық стратегиясына геосаяси тұрғыдан баға береді. Сондай-ақ, әлемдік астам державалардың мүдделері тоғысқан Орталық Азия аймағының әлемдік саясаттағы маңыздылығына терең тоқтала отырып, «Үлкен орталық азиялық ойын» түсінігін қалыптастырды. К.Ш.Хафизова [34] өз еңбектерінде қазақ-қытай дипломатиялық қатынастарының даму тарихын терең зерттей отырып, екі мемлекеттің геосаяси мүдделеріне тарих кезеңдері тұрғысынан баға береді. 1997-2000 жылдары ҚР-ның ҚХР-дағы Елшілігінде дипломатиялық қызмет атқарған белгілі қытайтанушы Әуезхан Орман өз еңбегінде [35] Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси концепциясына заманауи талаптар тұрғысынан кешенді баға береді. Сондай-ақ, ҚХР-дың ішкі-сыртқы саясатын, қазақ-қытай қатынастарын ерте кезеңнен бүгінгі күнге дейін зерттеп жүрген қытайтанушы ғалым, профессор Н.Мұқаметханұлының еңбектерін [36-41] де ерекше атап өту керек.

Қытайдың даму жолына келелі сараптама жасай отырып, қарыштап дамыған Қытайдың сыртқы саяси тәбетіне баға береді. Сонымен қатар, қытайтанушы ғалым өз еңбектерінде елімізде қалыптасып отырған синофобияға ғылыми тұрғыда жауап беруге тырысады. Сонымен қатар, А.М.Амребаев,Н.Алдабек [42-43],С.Сатубалдин [44], К.Бурханов, С.Болекбаев [45], Т.Т. Шаймергенов, М.А. Абишева [46], Е.У.Байдаров, С.Б.Кожирова, Д.А.Мадиев [47], Г.У.Биримкулова, Ж.Е.Ашинова [48] сияқты еліміздің таңдаулы ғалымдарының еңбектері қазақ-қытай қатынастарының даму динамикасын кезеңдік тұрғыдан сипаттауға және әр қыранына ашып қарастыруға септігін тигізді. Қазіргі заманның жаңа талаптары тұсындағы Қазақстан-Қытай қатынастарының барысын нақты бағалауда кейінгі жылдары басылып шыққан қазақстандық ғалымдар мен қытайтанушы зерттеушілердің еңбектері кеңінен пайдаланылды. М.Ж.Абдиров өзінің "Китай в современном глобальном мире" [49] атты монографиясында Қытайдың заманауи саяси стратегиясына көнеқытайлық пәлсафа мен стратегема тұрғысынан терең сараптама бере келе, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуындағы Қытайдың үлесі мен елдің бейбіт дамуын қамтамасыз етудегі Қытай басшыларының сыртқы саяси концепцияларына жан-жақты баға береді.

Белгілі қытайтанушы ғалым Кожирова С.Б. өз еңбектерінде [50-55] қазақ-қытай қарым-қатынастарының өзекті мәселелерін жан-жақты зерттей отырып, бүгінгі күнгі жағдайына нақты баға береді. Екі мемлекет арасындағы қатынастардың белсенді жүзеге асуындағы ШҰАА орнын айрықша бөліп қарастырып, екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуы мен Қытайлық мегабастама Жібек Жолының экономикалық белдігі концепциясы шеңберінде қазақ-қытай қатынастарының болашағы аясында Шыңжаң аймағының рөлін нақтылаған. Сонымен қатар, қазақстандық синофобияның басты себебі болып табылатын қытайлық миграция мәселесін нақты сауалнамалық-сұхбаттық негізде терең зерттеп, аталмыш сұраққа нақты жауаптар береді.

ҚХР-ның сыртқы саясаты мен дипломатиялық стратегиясына арналған және елдің ішкі саяси-экономикалық мәселелеріне арналған шет елдік ғалымдардың еңбектері зерттеушілердің екінші тобына жатқызылды. Олардың қатарынан М.Лантейн [56], Джиль Бэйтс [57], Питер Грис [58], Бернардо Мариани [59], Джефрей Н.Вассерстром [60] тәрізді ғалымдардың ғылыми еңбектерін атауға болады. Аталынған зерттеушілердің жұмыстары Қытай билігінің соңғы үш буынының ішкі-сыртқы саясаты мен Қытайдың қазіргі экономикалық жағдайына және қытайлық дипломатияға арналған. ҚХР біртінден әлемдік алып державаға айналуы батыстық ғалымдарды қарқын алып күшейіп келе жатқан Қытайға қатысты қандай сыртқы саясат пен дипломатиялық стратегияны ұстану қажет деген сұрақтың ойландыратыны көптеген зерттеулерге арқау болып отыр. Әсіресе, экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылыққа таласып келе жатқан американ-қытай қатынастарының болашағы батыс ғалымдарының ерекше назарында.

Халықаралық қатынастар мен заманауи дипломатияның ақсақалы есепті Генри Киссенджердің «Diplomacy» [61],«World order» [62] және «On China» [63] атты еңбектері әлемдік тәртіптің қазіргі жағдайы мен Қытайдың заманауи халықаралық қатынастардағы орнын нақтылауда, сонымен қатар халықаралық қатынастардың болашақ дамуын зерделеуде аса құнды еңбектер болып табылады. Қырғи-қабақ соғысы жылдары жаулас елдер болып келген АҚШ пен Қытайды жақындастыруда шешуші рөл атқарған Киссенджердің қытай-американ қарым-қатынастардың даму эволюциясының заңдылықтарын терең түсіндіруде ешкім тең келмес тұлға екені анық. Ғалымның әр еңбегі мен әлемдік ең беделді басылымдар бетінде жарық көрген саяси сұхбаттары халықаралық қатынастардағы заманауи құбылыстар мен әлемдік тәртіптің одан әрі дамуын айқындауда тірек болар құнды еңбектер екені атаған жөн.

Зерттеу тақырыбының теориялық сипатын ашу барысында, әсіресе, әлемдік тәртіп өзгерген тұстағы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында ҚХР-ның сыртқы саяси концепциясында орын алған өзгерістер мен заман талабына сай қалыптасқан қытайлық сыртқы саяси-экономикалық бастамаларды түсінуде З.Бжезинский [64], С.Хантингтон [65], Ф.Фукуяма [66] тәрізді XXI ғасырдағы халықаралық қатынастар ғылымының беталысын айқындаған ғалымдардың еңбектері кеңінен қолданылды.

**Ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны**. ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдағы басы аралығындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастары.

**Ғылыми зерттеу жұмысының пәні** – Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері мен бағыттары, саяси-құқық базасы.

**Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты**– диссертациялық жұмыста Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті кешенді талдау.

**Зерттеу жұмысының міндеті.** Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді**жүзеге асыру көзделеді:

- «Стратегиялық әріптестік» ұғымына теориялық-концептуалды талдау жасау;
- Халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтау;
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестігінің эволюциясынсараптау;
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігін саралау;
- Қазақстан мен Қытай халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуініңэкономикалық бағыттарын мен негізгі мәселелерін анықтау;
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының серіктестігінің саяси-құқықтық негіздері мен бағыттарын пайымдау;
- Қазақстан-Қытай арасындағы бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясын сараптау;
- Қазақ-қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағы гипотезасын бағамдау.

**Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері.** 1991 жылдан бастап осы 2022 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Екі ел арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге отыз жылдық аралықтағы нақты мәліметтерді қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтары**

- алғаш рет «стратегиялық әріптестік» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстіде семиосфералық тұрғыда талдау жасалады;
- кейс-стади әдісін қолдана отырып, халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерінің алғаш рет анықталады;
- Қазақстан мен Қытайдың аймақтық платформа аясында ынтымақтастығына талдамалық принципке негізделгенсараптама менолардың халықаралық және аймақтық ұйымдардағы әріптестігіне компаративистикалық талдау жасалады;
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының серіктестігінің саяси-құқықтық негіздері мен бағыттарының нақтыланады;
- екі елдің ортақ мүдделері, ортақ ұстанымдары және ортақ мақсат-міндеттерінің негізінде бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясының ерекшеліктері анықталады;

- Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және жаңадан құрылған Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында қабылданған құжаттарға тыңнан баға беріліп, соңғы бірнеше жылда мақұлданған жаңа құжаттар ғылыми айналымға енгізіледі;

- Қазақстан-Қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына гипотезалық ұстанымға сүйене отырыпболжам жасалынады.

Бұл ғылыми жұмыс Қазақстан мен Қытай дипломатиясының тұтас отыз жылдық дәуірін төрт кезеңге жіктеле отырып сарапталады.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары**

1. Зерттеу жұмысымызда алғаш рет «стратегиялық әріптестік» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстіде семиосфералық тұрғыда талдау жасау арқылы әріптестік ұғымы нақты салалық қатынас шеңберінде қолданылатын саяси категория болып табылатындығы расталды.

2. Ғылыми жұмысында халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерін зерделей отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы әріптестік коммуникация тұрақты (константты) ұстаным бола беретінідігі анықталды.

3. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестігінің эволюциясы екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың динамикасы кезеңдеріне негізделеді.

4. Қазақстан мен Қытай арасындағы тату көршілік, «бейбіт қатар өмір сүрудің принциптері», қарым-қатынас тарихи шарттастығы халықаралық міндеттердің объективті негізділігі екіжақты байланыстардың бекем қаланған шарттық-құқықтық негізі болатыны мойындалады.

5. Қазақстан мен Қытайдың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық талдау аталған аймақтық платформа аясында екі ел ынтымақтастығының кешенді екендігін анықталды және халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуінің экономикалық бағыттары екі ел арасындағы әріптестіктің негізгі буыны болады;

6. Қазақстан–Қытай әріптестік қатынастары екі ел арасындағы байланыстыңсаяси-құқықтық негіздеріне сүйенеді, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында аясында қабылданған құжаттар қазіргі заман талабына толығымен сай келеді және болашақтағы бағыттарын анықтайды;

7. Қазақстан Республикасы үшін экономикалық қуатты көршілес елмен стратегиялық әріптестік байланыстарының болашағы зор, елімізді мүддесі мен сыртқы саясатының басты ұстанымын ілгерілету жолында Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы ел арасындағы әріптестіктің негізгі деп танылады.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.**Бұл зерттеу жұмысында теориялық негіз ретінде одақтастық теориясының (alliance theory) құрама бөлігі саналатын стратегиялық серіктестік концептісі (strategic partnership concept) алынып, оның ішінде дәлірек Wilkins пен Paramesvaran құрылымына сүйенеді. Аймақтық интеграция теориясы (regional integration theory) және мемлекеттердің арасындағы сауда тарифтерін қысқартуды

уағыздайтын неолиберализм теориясының кейбір аспектілері де зерттеуімізді байытты. Сонымен бірге, Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасының геосаяси динамикасын назарға ала отырып, Халфорд Маккиндердің «Хартленд» теориясы да қолданылды.

Диссертацияның әдіснамалық негізін тәсілдемелер мен нақты зерттеу әдістері құрайды.Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық стратегиясының негізіне терең зерттеуге мүмкіндік берген тарихи–логикалық ұстанымдары зерттеудің тұжырымдамалық негізін құру үшін қолданылды.

Жұмыстың әдіснамалық негіздері ретінде концептуалдық, жүйелік, тарихи-логикалық, компаративистикалық, жіктемелік, эпистолярлық,құжаттық, контент талдау, ивент талдау, кейс-стади талдауәдістері және жалпылық, коммуникативтік, даралық, ерекшеліктік, себеп-салдарлық, индукция және дедукция, тұтастық, әмбебаптық ұстанымдарыалынды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық бөлігінде халықаралық қатынастар саласында танымал кейс-стади (case study) әдісі қолданылып, Қытайдың стратегиялық қарым-қатынас иерархиясындағы Қазақстанның рөлі және екіжақты қатынастың ерекшеліктері зерделенді. Сондай-ақ, теориялық-әдіснама негізіне тарих, халықаралық қатынастар, саясаттану ғылымдарының қалыптастырған жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлері мен тұжырымдары, осы салалардағы жетекші ғалымдардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің мемлекеттің ішкі саясаты, даму бағыты, оның принциптері мен теориясы туралы жазған еңбектері қаперге алынды. Зерттеуші жұмысты жүргізу барысында арнайы іргелі зерттеулерді, сондай-ақ осы салада жазылған тарихшылардың, саясаттанушылардың, шығыстанушы мамандардың мақалалары мен басқа да публицистикалық еңбектерін ғылыми тұрғыда жинақтау мен сараптау әдісіне сүйенеді. Зерттеу жұмысы барысында сипаттама жасау, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы, талдау, жинақтау, қорыту, сандық және сапалық бағалау, анализ және синтез әдіс-тәсілдері қолданылады.

**Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы диссертациялық жұмыстаалынған ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар Қазақстан-Қытай әріптестігін алдағы зерттеу жұмыстарына теориялық негіз бола алады деп есептейміз.Халықаралық қатынастар саласындақамтылған одақтастық теориясының құрамындағы стратегиялық әріптестік концептісінің Қытай дипломатиясындағы көрінісі дәлірек Қытай-Қазақстан қарым-қатынасындағы қолданысы және аймақтық интеграция теориясының Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы практикалық маңызы Орта Азия, Қытай және аймақты дипломатия бойынша ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық аясын кейбір тұғырнамалық негіздеме әрі концептуалдық шешімдермен кеңейте түспек. Зерттеуде Қазақстан-Қытай қарым-қатынасына геосаяси теориялық тұрғыда да баға берілуі ғылыми еңбектің құндылығын арттырып, халықаралық қатынас және геосаясат мамандарына да пайдалы болатынына сенімдіміз.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы – Қазақстан Республикасының Сыртқы

Істер Министрлігі, дипломатиялық қызмет өкілдері, зерттеу нәтижелері бейіндік министрліктер мен ведомствалар қызметінде, Қазақстан Республикасының ішкі дамуына қатысты мәселерді шешуде, Қытаймен арадағы байланыстарды ұйымдастыруда, реттеуде қолданысқа ие болуы мүмкін. Сонымен қатар «ҚХР-дың саяси-қоғамның дамуы», «ҚХР-дың саяси жүйесі» сынды пәндерден оқу бағдарламаларын дайындауда Қазақстан жоғарғы оқу орындарында, арнайы курстарда, тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеу жобалық нұсқау ретінде қолдануға болады. Алынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер Шығыстану, Аймақтану, Халықаралық қатынас пәндерін оқытуда нұсқаулық материалдарды түзуге көмектеседі. Зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары мен тұжырымдары осы салада іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізушілерге де пайдалы болмақ.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы.** Диссертация жұмысы Халықаралық қатынастар кафедрасында талқылаудан өтті. Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері мен тұжырымдары 6 халықаралық конференция жұмыстарында ұсынылып, конференция материалдарының жинағына енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстан РеспубликасыҒылым жәнежоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда қазақ және орыс тілдерінде 3 ғылыми мақала және Scopus базасына енетін шетелдік ғылыми журналда ағылшын тілінде 1 ғылыми мақала жарық көрді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Стратегиялық әріптестік» ұғымы: теориялық концептуалды талдау

Стратегиялық әріптестіктер концептісі халықаралық қатынастар саласында таяуда ғана талқылау нысанына айналды. Ол халықаралық аренада мемлекетаралық ынтымақтастықтың бір түріне жатады. Кеңінен алып қарасақ, серіктестік ұғымы ықтимал сын-қатерлердің алдын ала отырып, ортақ мүдделер үшін ынтымақтасу мүмкіндіктерін жаратуды қамтиды. Сәйкесінше, серіктестік қатынастары мемлекет арасындағы кәдуілгі екіжақты қарым-қатынастан тереңірек байланысты білдіріп, анық мақсатты ынтымақтасуды білдіреді.

Кейбір авторлар [67] стратегиялық әріптестік концептісінің өзегінде қауіпсіздік мәселесі жатқанын алға тартып, оның қауіпсіздік саласындағы қолданысына баса назар аударады. Олардың пікірінше, мәнді стратегиялық серіктестіктің өрлеуі экономикалық мақсаттардан гөрі қауіпсіздік мәселелерін шешуге тәуелді.

Қызығы, халықаралық қатынастар саласындағы “серіктестік” ұғымының нақты анықтамасы жоқтың қасы.“Серіктестік” ұғымы- “одақтастық” (мәселен, Транс-Атлантикалық Серіктестік), “экономикалық ынтымақтастық” (мысалы, экономикалық серіктестік келісімдері) немесе кейде “бәсекелестер арасындағы байланысты” суреттеуге қолданылуы мүмкін.Мәселен, Джамал [68] Израиль мен Палестина қарым-қатынасын “шартты серіктестік” деп атаған болатын. Кейбір елдер серіктестік ұғымына нақты мағына беріп, оны қарым-қатынастың арнайы түрлеріне ғана қолданады. Мысалы, АҚШ серіктес деп өз одақтастарын емес, үкімет аралық диалогтарына қарағанда ресми және айқын құрылымы бар қарым-қатынастарына қолданады. Еуропа Одағы аумағында серіктестік деп белгілі бір экономикалық ынтымақтастықты атайды.

Қытай болса, әрқилы және әрқандай деңгейдегі серіктестік желісін құрумен ғана емес, сондай-ақ серіктестік қарым-қатынастарын өзінің сыртқы саясатының басты тұғырына айналдыруымен [69] ерекшеленеді. Қытай тәрізді серіктестік қарым-қатынастарын орнатуға айрықша маңыз берген елдер саны кемде-кем.Қытай өзінің серіктестік жүйесінде үшінші мемлекетті көздемейтін тұрақты байланыстар орнатуға басты назар аударды.Бұл серіктестіктерді қауіпсіздікке басымдық беретін дәстүрлі әскери одақтармен салыстыруға келмейді. Нәтижеде Бейжің терең және икемді серіктестік жүйесін қалыптастырып, жылдам нәтижеден гөрі ағымдағы қарым-қатынастарды орнату және оны сақтауға басымдық беріп келеді.

Бұл ғылыми еңбегіміздің теориялық негізі Wilkins және Parameswaran [70] дамытқан концептіге сүйенеді. Авторлар стратегиялық серіктестікке “ортақ мүдделерді көздеу мен сын-қатерлердің әрқилы салада шешімін табу үшін құрылған әрі еркін және міндеттер жүктелмейтін қалыпта екі немесе одан да көп тараптың құрылымдық ынтымақтастығы” деп анықтама береді. Осы

анықтамаға сәйкес, стратегиялық серіктестіктің төрт қасиетін ажыратып, таратып айтайық.

Біріншіден, стратегиялық серіктестік мемлекеттер арасындағы әдепкі димломатиялық қатынастан тереңірек байланысты қалыптастыра отырып, үкімет пен министрліктер деңгейінде тұрақты ақпарат алмасу арқылы оған құрылымдық сипат береді. Оның институционалды тарапы мақсатты мемлекеттерге байланысты өзгеруі мүмкін және ынтымақтастық салаларын анықтайтын ортақ мәлімдемелерде бекітіледі. Мәселен, Қытай Халық Респубиликасының серіктестік келісімдері үкіметаралық коммуникация үшін қосымша каналдар ашу және үкімет басшылары әсіресе әскерилер арасындағы ресми кездесулерді қалыпты дәстүрге айналдыруды қамтиды. Қытай-Ресей сыртқы істер және қорғаныс министрлері арасындағы тұрақты кездесулер, Қытай-Бразилия жоғары деңгейдегі координация және ынтымақтастық комитетінің жыл сайынғы жиындары және Қытай-Венесуэла үкіметтері жоғарғы деңгейдегі комиссия кездесулері мұның жарқын мысалдары болып табылады.

Екіншіден, серіктестіктер жоғары дерәжелі икемділігімен ерекшеленеді. Әдетте, олардың мемлекеттер арасында түзілетін одақтастықтар мен коалицияларға қарағанда ресми міндеттемелері болмайды. Мұндай серіктестіктердың жоғары дәрежедегі институционалдылығы болмағандықтан оған қосылу мен шығудың шығыны аз және жалпы көбіне символикалық қасиеті басым болады. Кейбір ғалымдардың пікірінше [71], қырғи қабақ соғысынан кейінгі дәуірде дамушы мемлекеттер автономиялық қуаты мен әлеуетін сақтай отырып, экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы табысқа қол жеткізу үшін дәл осындай серіктестіктерді жөн көреді.

Басқаша айтқанда, мемлекеттер автономиялық шешім қабылдау құзіретінен ғана емес, сондай-ақ өзге елдермен серіктестік қатынастан айрылып қалуды алаңдағандықтан мемлекетаралық одақтастықтардан аулақ болуға тырысады. Бұл фактор Қытай мысалында анық бола түседі. Соңғы жылдары Бейжің мемлекеттер арасындағы бейтараптық, конфронтацияға жол бермеу және өзге үшінші тарапты көздемеу құндылықтарын қамтыған серіктестіктерді дипломатиясының басты тұжырымдамасына айналдырғанын жалықпай қайталап келеді.

Үшіншіден, қауіптен гөрі мемлекеттік мақсаттарды орындауды басымдылық санайтын стратегиялық серіктестіктер қатысушы тараптардың ортақ мүдделер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін ынтымақтастыққа ынталы екендіктерін паш етеді. Қытай Халық Республикасының ресми тұжырымдамасында серіктестіктерде бәсекелестік болмайды деген түсініктеме жоқ. Шын мәнінде, Қытай тарапы серіктестік барысында ұлттық мүдделердің немесе саяси идеология қайшылығының орын алуы қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Серіктестіктер халықаралық дипломатияда ортақ мүдделерге қол жеткізу үшін мемлекеттердің ішкі істері турасындағы келіспеушіліктер мен наразалықты басу құралы саналады. Мемлекеттер арасындағы мүдделер мен мәселелер әртүрлі саланы қамтуы мүмкін. Жалпылай алғанда, серіктестік

адамдар арасындағы байланыс, бизнестер ынтымақтастығы, экономикалық, мәдени және ғылыми ынтымақтастық тәрізді салаларды қамтып, қауіпсіздік мен әскери мәселелерді әдетте талқылаудан тыс қалдырады. Осы салалардың ішінде нарыққа қол жеткізу, инвестициялық мүмкіндіктер, табиғи ресурстар және энергетика көздері Қытай үкіметі үшін экономикалық серіктестік байланыстардың өзегі саналады.

Төртіншіден, серіктестіктер одақтастықтарға қарағанда мемлекеттердің өзін-өзі ұстауы мен үдеріске маңыз беретін яғни "ынтымақтастық үшін ынтымақтасу" қасиетімен ерекшеленеді. Мемлекеттер арасындағы белгісіздікті жою және өзгелермен текетірестен аулақ болу серіктестік қатынастың басты аспектісі саналады. Серіктестіктер мемлекеттердің бір-бірінен не күте алатындығы және потенциалды мәселелер мен ынтымақтастық құрылымдары туралы ақпарат береді. Басқаша айтқанда, серіктестіктер бұл халықаралық жүйедегі ойыншылардан қандай дәрежедегі ынтымақтастық күтілендігі жайлы мағлұмат құралы саналады. Тұрақты ақпарат алмасу мен кездесулер белгісіздікті азайтып қана қоймай, екіжақты қарым-қатынасты тереңдетіп, болашақтағы ынтымақтастықты үдетеді. Мұндай жағдайда, байланыс орнату мен оны тұрақтылығын сақтау маңыздылығы жөнінен бірінші орынға шығып, нақты нәтижелерге қол жеткізу екінші орынға ысырылады.

Қытай дипломатиясында "серіктестік" концептісі қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін ғана пайда болғаны белгілі. АҚШ-тың жалғыз супердержава статусы және оның құрған одақтастар желісінен секем алған Қытай әлемдегі көпполярлықты жақтап, серіктестік концептісін таныстырды. Бейжің бұл серіктестер желісін ресми түрде жүргізілетін жоғары дәрежелі, ынтымақтастық қағидасына сай екі жақты қарым-қатынастар деп анықтап, ешқандай үшінші жақты көздеуді немесе ірі державалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау құралы емес екендігін қадап айтқан болатын.

Қытай өзінің алғашқы серіктестік қарым-қатынасын 1993 жылы Бразилиямен орнатып, одан кейін құрылған стратегиялық серіктестіктер Бейжің дипломатиясының ең айшықты символына айналды. 2016 жылдың соңына қарай 78 ел және 5 ұйым Қытаймен серіктестік орнатып, Бейжіңнің жалпы әлемдегі дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің 45%-ын қамтыды.Қытайдың жиырма көршісінің он жетісі белгілі бер деңгейде Бейжіңмен серіктестік қатынасын орнатқаны мәлім.Қытайдың барлық серіктестіктерін тұтастай алғанда оның шамамен қырықтан астамының деңгейі жоғарылап, кейбірі бірнеше рет жаңаланған екен. Олардың арасында мемлекеттер мен аймақтық топтар және халықаралық ұйымдар да бар. Қытай Халық Республикасының серіктестік желісі Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Жапония дәне Еуропа Одағы тәрізді ірі елдермен қатынасты тереңдету мақсатымен басталған болатын. Осы ретте, Америка тарапынан болуы мүмкін қысымды да Бейжің қаперіне алғаны белгілі.

Осы орайда, Quan Li және Min Ye пікірінше, дәстүрлі одақтастық теориясы Қытайдың серіктестер таңдау мәселесін толығымен қанағаттанатын деңгейде түсіндіре алмайды деп сенеді. Олардың ойынша, Қытай Халық Республикасы

серіктестік мәселесінде үш факторға назар аудару керек. Бірінші, қырғи қабақ соғысынан кейінгі уақытта жалғыз супердержава Америка Құрама Штаттарымен жекедара бетпе-бет кездескен Бейжің Вашингтон қысымына төтеп беру үшін серіктестер желісіне мұқтаж. Американың қазіргі әскери және экономикалық күш-қуатын ескерсек, бұл стратегияның тұшымдылығына көз жеткіземіз. Мұндайда Вашингтонға қарсы шығудың орнына Бейжің стратегиялық серіктес мемлекеттер жделісін құрып, оны қорғаныс механизмі ретінде қолдануды жөн көреді.

Екіншіден, Қытай көрші елдермен ынтымақтастықты дамыту үшін серіктестіктер қалыптастыруға көп көңіл бөледі. Осы арқылы Бейжің өзінің айналасында тұрақты ортаны сақтауды басымдылық санайтынын паш етеді.

Үшіншіден, Қытайдың модернизациясына үлес қоса алатын елдер Бейжіңнің стратегиялық серіктесіне айналу мүмкіндігі зор. Бұл Бейжің үкіметінің ағымдағы ғасыр ортасына қарай заманауи әрі дамыған мемлекет атану мақсатымен үйлеседі.

Бүгінгі таңда Солтүстік Корея ғана Қытайдың жалғыз ресми одақтасы болғанымен, Қытай әлемдегі ондаған елдермен ресми серіктестік қарым-қатынастарын орнатқан. Пирамиданың ең жоғарғы шыңында Ресей мен Пәкістан бар, одан кейін Мьянма, Камбоджа, Тайланд, Лаос тәрізді Оңтүстік шығыс Азия елдері орын алған. Ал Қазақстан мен Қытай арасында “тұрақты әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік”(永久全面战略伙伴关系) орнағаны [72] белгілі.

Жалпылай алғанда, Қытай серіктестіктерінің тереңдігі әрқандай шығып, серіктестіктен (伙伴关系) жан-жақты стратегиялық серіктестік қарым-қатынасына (全面战略伙伴关系) дейін ажыратылады. Мұндағы жан-жақты сөзі (全面) серіктестіктің кең ауқымды және көп сатылы екендігін меңзеп, экономикалық, ғылыми, технологиялық, саяси және мәдени салаларды қамтитынын әрі екі-жақты және көпжақты деңгейде үкіметаралық және үкіметтік емес топтар арасында жүргізілетінін білдіреді. “Стратегиялық” сөзі ынтымақтастықтың ұзақ-мерзімді және тұрақты екенін, сондай-ақ екі ел қарым-қатынасының масштабты деңгейінен қарастырылуы қажеттігіне назар аудартады. Ал “серіктестік” сөзі ынтымақтастықтың теңдік,екі жаққа пайдалы әрі ұтылыссыз [73] екендігін айшықтайды.

Қытайдың ресми одақтастар желісін құрудан аяқ тартуындәстүрлі оқшаулану саясаты, өткен ғасырдан жалғасын тапқан идеологиялық принциптері мен стратегиялық есептерімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ, Қытайдың стратегиялық серіктестік концептісі Бейжіңнің ментальді картасын және оның әрекетіндегі заңдылықтарды байқауға болады. Біріншіден, Қытай дипломатиясы өзінің ресмилікке аса назар аударуымен ерекшеленеді. Стратегиялық серіктестік дипломатиялық тұрғыда ыңғайлылықты жарату үшін қолданылып, баспасөз беттерінде және дипломатиялық ортада маңызды дипломатиялық жағдайлардың айрықша атап өту үшін қолданылады. Шынтуайтында, барлық стратегиялық серіктестіктер мемлекет басшыларының ресми сапары барысында құрылады немесе жаңа деңгейге шығады.

Екіншіден, Қытайлар қоғамды қатып қалған ережелерге құрылған дүние деп қарастырмайды. Керісінше, қарым-қатынастар қалыптасып, артынша өзгеріп отырады деп есептейді. Сәйкесінше, халықаралық қоғам бұл ұдайы қозғалыстағы күрделі әлеуметтік қарым-қатынас. Қытай пікірінше, ережелер мен институттар жекелеген ойыншылардың қоғамдағы рөлін басқару немесе шектеу үшін емес, қоғамның барлық мүшесі арасындағы қарым-қатынастың гармонияда болуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Нәтижеде, Қытайдың серіктестік қарым-қатынастары халықаралық деңгейдегі өзге ойыншылармен арасындағы қарым-қатынасты реттеу немесе жұмсарту үшін қызметке жегілген. Мәселен, Тибет пен Бейжің Олимпиадасы мәселелерінде кикілжің пайда болып, ара қатынасы суыған Қытай мен Франция 2010 жылы өзара қарым-қатынастарын қалпына келтіріп, екі тарап тұрақты әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік орнататынын білдірген болатын.

2008 жылы Оңтүстік Корея Президенті Ли Мен Бак билікке келгеннен үш ай өткен соң Қытайға ресми іссапармен келеді. Қытай баспасөз беттерінде Ли Мен Бак АҚШ-қа бүйрегі бұратын және Солтүстік Кореяға қарсы адам бейнесі басым болатын. Осы іссапар барысында екі тарап арадағы күдіктер мен белгісіздікті сейілту үшін қарым-қатынасты “жан-жақты серіктестікті стратегиялық серіктестік” деңгейіне шығарған болатын. Қоғам қарым-қатынастан құралып, оның қалыптасуына уақыт қажеттілігі және оның өзгеріп, құбылуы табиғи заңдылық екендігіне сенетін Қытай ғаламат стратегиялық төзімділік көрсетеді. Бейжің кішігірім әрекеттер мен талпыныстарды бағалап, уақытша қиындықтарға сабыр сақтайды. Қытайдың стратегиялық дипломатиясы бір мезетте ғаламат нәтижелерге қол жеткізуді мақсатын алға қоймайды.

Үшіншіден, Қытайлар әлемге тек қарым-қатынас көзілдірігімен қарап қана қоймай, оны шеңберлердің жиынтығы деп қарастырады. Қарым-қатынастар Қытайда жеке адам төңірегінде қалыптасады.Әрбір адам өзін әлеуметтік қарым-қатынастың орталығы деп санайды және неғұрлым сол ортаға жақын адамдар қалғандарына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ саналады. Шеңберден неғұрлым алыстағы адамдардың соғұрлым маңыздылығы төмендей береді. Бұл Қытайдың дәстүрлі вассалдық жүйесінен еріксіз еске салады. Бұл жүйеде шет мемлекеттер иерархиялық халықаралық құрылымда Қытайға жақындығына байланысты бағаланады.

Әлем өзгергенімен Қытай ойлау жүйесінде оның дәстүрлі ойлау жүйесінің сарқыншақтары әлі бар. Бейжің пайымында, стратегиялық серіктестер өзгелерге қарағанда жақынырақ дос саналады әрі олардың ішінде де иерархиялық құрылымы бар. Қытай мен Ресей арасындағы “жаңа замандағы жан-жақты стратегиялық кординациялық серіктестік”(新时代全面战略协作伙伴关系) және Қытай мен Пәкістан арасындағы “кез келген ауа райында қолайлы стратегиялық ынтымақтастық серіктестігі”(全天候战略合作伙伴关系) өзгелерден шоқтығы биік. Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігі (тұрақты әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік”(永久全面战略伙伴关系)) де жоғарғы деңгейдегі статусымен ерекшеленіп, Қытайдың дәл осы деңгейдегі

стратегиялық серіктестерінің арасында Қазақстан Германиядан кейін ғана екінші тұр.

**Қытай дипломатиялық серіктестіктерінің иерархиялық орналасуы қосымша А [74]**

Сондай-ақ, Қытайдың серіктестер желісін дамыту стратегиясында экономикалық және энергетикалық мүдделер басты мақсаттардың біріне айналған. АҚШ пен Батыс елдері дамушы елдердің саяси жүйелерін негізге ала отырып, экономикалық мүмкіндіктер ұсынса, Қытай өзге мемлекеттердің басқару жүйесі немесе саяси өзге ерекшеліктеріне қарамай қарыз, инвестиция беріп, сауда мүмкіндіктерін ұсынып, бизнес жасаудан тайсалмайды. Табиғи ресурстары мол елдер Қытай сыртқы саясатында айрықша маңызды рөл алады. Мысалы, Орта Азияда Қытайдың басты серіктестері ресурсқа бай Қазақстан, Түркменстан және Өзбекстан. Осылайша, Қытай Азия, Африка және Латын Америка елдерінде бірқанша жаңа серіктестіктер қалыптастырып, екі жаққа тиімді байланыс орнатып келеді. Десек те, Тайвань, Тибет және Шыңжаң тәрізді Қытай үшін маңызды саяси және дипломатиялық мәселелерде серіктестерден қолдау немесе қалыс қалу күтілендігі жасырын емес. Ал Қытайдың саяси талаптарына тұшымды жауап қатпаған елдердің тіпті экономикалық тұрғыда жазалануы да таңқаларлық жағдай емес. Таяудағы Қытай және Аустралия арасында болған саяси және экономикалық кикілжің де соның ақын дәлелі. Сондай-ақ, Тайвань аралына қатысты Литвамен болған дипломатиялық текетірес те Қытайдың жазалау механизмдерінің жеткілікті екендігін көрсетті. Дәл сол дау-дамай нәтижесінде Қытай тарапы Литвадан келетін сиыр еті, сүт өнімдері және сыра импортына шектеу қойып, екіжақты сауда көлемін кеміткені мәлім.

Жалпылай алғанда, стратегиялық серіктестіктердің ғаламдық байланыс желісінің негізін салу халықаралық динамикадағы күрделілік әрі өзінің дамуына деген ішкі қажеттіліктен туындаған Қытайдың стратегиялық шешімдерінің бірі. Қытай Президенті Си Цзиньпин өзінің бір мәлімдемесінде бүгінгі таңдағы ұлы державалар мен ірі елдер қырғи қабақ соғысы ойлау жүйесі мен менталитетінен бас тартып, мемлекеттер арасындағы байланыс коммуникация, текетірестен аулақ болу, және одақтастықты серіктестікпен алмастырудан құралу керек деп қадап айтқан болатын.

Серіктестіктерді эволоциялық дамуы екіжақтың ортақ мүдделерінің артуына тәуелді болып келеді.Сәйкесінше, серіктестікті тереңдетудің жолы тұрақты әрі ұзақ-мерзімді стратегиялық серіктестікті консолидациялау мен екіжақты қатынастың деңгейін жақсарту арқылы ортақ мүдделерді кеңейту және екіжаққа тиімді нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Әдетте, серіктестік жоғарғы деңгейдегі басшылар мәлімдемесінен кейін жарияланатын жалпы ынтымақтасу негіздемесін жасау жолымен бастау алып, экономикалық өзара тәуелділікті талқылау және әрі қарай саяси, қауіпсіздік және мәдени салаларда жалғасын табады. Артынша ол көп өлшемді ынтымақтастық деңгейінде ресмилендіріліп, екіжақты қатынасты үкіметаралық және үкіметтік емес әрекеттер арқылы жоғарғы деңгейдегі көпжақты қатынас сипатын алады.

Жаңа дипломатиялық қарым-қатынас ретінде ол жан-жақты әрі барлық деңгейде дами бастайды. Экономикалық қарым-қатынас оның өзегі атанып, серіктестік аймақтық және ғаламдық деңгейде координацияланатын саяси, қауіпсіздік, мәдени салаларды қамтиды. Үкіметаралық қатынастардан тыс, ол сондай-ақ заң шығарушы органдар, саяси партиялар, әскери күштер, аймақтық үкіметтер және азаматтық топтар арасындағы пікір алмасу мен байланыс орнатуды кеңейтеді. Ғаламдық деңгейдегі серіктестіктер құру Қытай Халық Республикасының мемлекеттер арасындағы ортақ болашақты көздейтін қоғам құру (人类命运共同体/community with a shared future) атымен белгілі сыртқы саясатындағы басым мақсатымен үйлесім табады.

Баршаға ортақ даму мен өрлеу және бейбітшілікті ту етіп ұстаған Қытайдың стратегиялық серіктестіктері келесі бес басым бағыттарды қамтиды. Алғашқысы, саяси ынтымақтастықтың өзегінде бейбітшілікті сақтауда маңызды рөл атқаратын өзара сенім. Серіктестік негіздемесі аясында жиі орын алатын жоғары деңгейдегі диалог пен әртүрлі кеңесшілік механизмдер ұлттық мүдделер мәселесінде стратегиялық сенім орнату, екі тараптың позицияларын координация және аймақтық әрі халықаралық деңгейдегі мәселелерде ымыраға келуге көмектеседі.

Екіншісі, өзара тиімді әрі ортақ өрлеу жолына түсу экономикалық ынтымақтастықтың мақсаты болып табылады. Аталмыш серіктестіктер сауда мен инвестиция арқылы байлыққа жол ашу мен тұрақты даму үшін платформа қалыптастырып, аймақтық және халықаралық экономикалық басқаруда саясат координациясын ұсынады.

Үшіншіден, адамдар арасындағы ақпарат алмасудағы мақсат екі тараптың басым тұстарынан пайдалану және өркениеттер арсында үйлесімді сақтау. Мәдени, білім-ғылым және туристік алмасулар мәдени өзгешеліктердің аражігін қысқартып, өзара түсінісуді күшейтеді. Халықтар деңгейіндегі мұндай алмасулар мен коммуникация үкіметтер арасындағы қатынасты да жақсартып, саяси жүйе айырмашылықтарын жақыннан тануға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, стратегиялық серіктестіктер жан-жақты ынтымақтастыққа негізделген және тұрақты әрі ұзақ-мерзімді жаңа қауіпсіздік концептісін бекітуге жол ашады. Ол дәстүрлі және жаңа қауіп-қатерлерге күш жұмылдыра жауап беру мен іс әрекеттер координациясын үйлестіру мен ұйымдастырудың маңызын атап көрсетеді. Күн өткен сайын өзгеріске ұшыраған әлемдегі қауіпсіздік ахуалының мың құбылуы серіктестіктердің қажеттілігін тағы дәлелдейді.

Бесінші, экологиялық тұрғыдан қарағанда, серіктестіктер әлемдік климат басқаруы мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде тығыз ынтымақтастықты рөліне баса назар аударып, таза және әдемі әлемнің негізін салуды көздейді. Әлемдегі әрбір төртінші зауыттың Қытайда орналасқанын және әлемдегі ең үлкен көлік нарығы да Қытай екенін ескерсек, Бейжің үшін қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты таза ұстау мәселесінің қаншалықты маңызды екеніне көзіміз жетеді. Қытай үкіметі ауаға бөлінетін көмір қышқыл газы көлемін 2060

жылға қарай әлденеше рет кемітетіні туралы ресми мәлімдеп, оған мақсатты түрде әрекетке көшуі Қытай саясатының экологиялық бағдарын паш етеді.

Есебі, қандай да бір серіктестікті тереңдету үшін қажетті стимулдардың үш аспектісі бар. Мультиполярлы қазіргі әлемде экономикалық жаһандану, мәдени әртүрлілік және ақпараттық технология мемлекеттер арасындағы өзара тәуелділіктің қарқынын күшейтіп, мүдде ортақтығын арттыруда. Әлемдік құн тізбегінің эволюциясы экономикалық интеграцияны ұлғайтып, арта түскен әлемдік сын-қатерлер шұғыл күш жұмыла жауап қайтаруды қажет етеді. Баяу экономикалық өсім, ғаламдық басқару архитектурасындағы кемшіліктер және табыстағы теңсіздіктер ашық, инклюзивті және тепе-теңдікке негізделген жаһандануды талап етуде.

Даму мен өрлеу жолындағы ортақ көзқарас серіктестіктердің кең қолдау табыуына себеп болып отыр. Қытай экономикасының ғаламат өсім деңгейі мен даму моделі өзге дамушы елдер үшін таптырмас мүмкіндік әрі қуат алатын үлгіге айналғаны қашан. Көптеген Қытай Халық Республикасының серіктестері осы даму пойызына мінуге тырысып, өзінің дербес даму жолын табуға тырысуда. “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы арқылы Бейжің өзінің дамуын аймақты және әлемдік ынтымақтастықпен үйлестіре отырып, әлемдік экономикаға дем бүркіп, тың серпін беруде. Аталмыш жоба аясында жүзден астам мемлекет өзара тиімді ортақ мүдде үшін қызмет етіп жатқанын ескерсек, Қытайдың серіктестік желісінің әсер-ықпалын бағамдай аламыз.

Осы ретте, коронавирус індеті ғаламдық денсаулық сақтау мен қауіпсіздік мәселесінің маңыздылығына ерекше назар аудартып, оны жекелеген мемлекеттер өз күшіне сеніп қана жеңе еңсере алмайтындығын паш етті. Сондықтан экономикалық, мәдени және дәстүрлі емес қауіпсіздік мәселесінде стратегиялық серіктестікті қалыптастыру мен одан әрі тереңдетудің мән-маңызы зор. Әлемдегі екінші экономика және Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесі мүшесі ретінде Қытай өз мойнына жауапкершілік жүгін алуға құлықты және халықаралық қауіпсіздіктің тірегіне айналуға ынталы. Шын мәнінде, Қытай Халық Республикасы экономикалық өсім, бейбітшілікті сақтау және ғаламдық басқару салаларында ауыз толтырып айтарлықтай үлес қосып келеді. Ғаламдық сын-қатерлерді шешу мен дағдарыстарды еңсеру әрі ғаламдық басқару архитектурасын реформалау барлық серіктестер тарапынан мақұлданып, кең қолдау тауып отыр.

Стратегиялық серіктестік құру барысында Қытай үкіметі бірқатар сын-қатерлермен [75] де бетпе-бет кездесуде. Бүгінгі әлемнің күрделілігі және экономиканың құбылмалылығы Бейжіңнің кейбір есебіне өзгерістер енгізуде. Ғаламдық аренадағы жаңа динамикаға жауап ретінде жекелеген мемлекеттер ұлттық мүдделеріне сай өздерінің дербес идеялары мен стратегияларын түзуге бет алуда. Анти-жаһандану қозғалысы мен протекционизм саясатының белең алуы себебінен тұтас макросаясат координациясын іске асыру және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық консесусын табу да қиындап келеді. Мүдделер қайшылығы бұрнағы серіктестерді арасын суытып, серіктестіктің тәуекел басқару қабілетін сынақтан өткізу қалыпты жағдайға айналған.

Әрбір елдің ұзақ-мерзімдегі басымдылықтары өзгеріске ұшырап, мемлекеттердің саясаси ұстанымдарына әсерін тигізбей қоймайды. Мемлекеттер арасындағы өзара ассиметриялық және кешенді тәуелділік нәтижесінде экономикалық мәселелерді тым саясиландыру және Қытай ықпалы жайлы алаңдаушылықтардың өршуіне жол беруде. Стратегиялық серіктестіктер байланысы кеңесу мен диалог арқылы проблема шешу тәсіліне маңыз бергенімен, оны орындамаудың салдары мен шығындары елеусіз болғандықтан бұл да серіктестіктердің болашақта стагнациясына апаруы әбден мүмкін.

Сыртқы күштердің араласуы мен интервенциясы да серіктестік байланыстарды әлсіретіп, тіпті кейбір серіктес елдердің Қытаймен екіжақты ынтымақтастығын тоқтатуға да мәжбүрлеп отыр. Қытайдың серіктестік қарым-қатынастары Америка Құрама Штаттары одақтастары, Еуропа Одағы, АСЕАН және кейбір халықаралық ұйымдар тәрізді ойыншылардың кейбір мүдделеріне қайшы келетіндіктен олардың тарапынан сын мен қысымға ұшырауы да ғажап емес. Одақтастық қатынас мен мемлекетүстілік жүйеден (supranational system) өзгеше Қытай стратегиялық серіктестіктері қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатына қысым жасай алмайтындықтан оларға деген ықпалы шектеулі болып келеді.

Коронавирус індеті халықаралық күш-қуаттың өзгеруін жылдамдатып әрі ұлы державалар текетірес мен бәсекелестігін үдете түсті. Сәйкесінше, бұл факторлар халықаралық қатынастың жаңа түрін қалыптастырудың қажеттігін байқатты. Қытай Халық Республикасының халықаралық аренадаға ықпалының артуы мен Америка Құрама Штаттарының қарқынды интервенциясы нәтижесінде Бейжің құрған кейбір серіктестіктер құрылымдық қайшылыққа, үдей үскен бәсекелестікке және идеологиялық түсініспеушілікке ұшырауда. Соған қарамастан, жаңа деңгейге шыққан Қытай-АСЕАН Еркін Сауда аймағы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және Азия Инфрақұрылым Инвестиция Банкі тұтас алғанда әлдеқайда күшті серіктестіктер байланысын құру мен нығайтуда шешуші рөл атқармақ.

### 1.2 Халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздері

Қазірде сапалық зерттеу тәсілдері халықаралық қатынас саласында айтарлықтай танымалдыққа ие әрі жиі қолданысымен [76] ерекшеленеді. Оның кең қолданысына кейс-стади (case study) әдісінің беретін басым тұстарының болуы да әсер еткені сөзсіз. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы кейс-стади әдісін қолдана отырып,Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестіктің ағымдағы даму динамикасын зерттейді.

Кейс-стади әдісінақты-өмір контекстінде әсіресе феномен мен контекст екеуінің аражігін ажырату қиынға соққанда қолданылатын эмпирикалық зерттеу құралы саналады. Бұл дегеніміз өзге жалпылама әдістерге қарағанда кейс-стади тәсілі кешенді және ерекше феномен жайлы егжей-тегжейлі ақпарат беріп, құндылығы жоғары нақты мағлұмат береді. Сондай-ақ кейс-стади әдісі

методологиядан гөрі нақты бір индивидуалды жағдайдың өзіне баса назар аударып, оны жан-жақты зерделейді.

Бұл зерттеу еңбегіміздегі кейс анализі Қытайдың стратегиялық серіктестерінің арасында тек Орта Азияда ғана емес, әлемдік деңгейде ерекше орын алатын, шоқтығы биік Қазақстанмен екі жақты қарым-қатынастың хронологиясымен басталады. Қытай үшін Орта Азиядағы ең маңызды серіктес саналатын Қазақстанмен қарым-қатынастың орнау жағдайлары, шарттары әрі себептеріне көз жүгіртеміз. Сондай-ақ, екі көрші елдің стратегиялық серіктестігінің ерекшеліктері мен ынтымақтастықтың түрлі салаларын егжей-тегжейлі талдап, маңызды аспектілеріне тоқталамыз.

Қытай экономикасы қарқынды өсіп, 1976 жылы адам басына шаққандағы Жалпы Ішкі Өнімі $200 ғана болса, бұл көрсеткіш 2010 жылы $4,000,ал бүгінде $12, 000 жетіп отыр. Әлеуеті арта түскен Қытай бүгінде әлем елдерінің 80% Қытай қаржысы мен инвестицияларының алушы және 30 елде Бейжің ең ірі сыртқы кредитор [77] саналады. Саяси және экономикалық күш-қуаты орасан Қытай үшін көрші елдермен және басқа аймақтағы маңызды елдермен терең қарым-қатынас орнатудың мән-маңызы зор.

Десек те, Бейжіңнің әлемдік гегемонға айналу қаупінен секем алған Вашингтонның уақыт озған өрши түскен Қытайға деген саяси, экономикалық және әскери қысымы артып келе жатыр. Әлемдік держава саналатындағы Бейжің болса Вашингтонның теңіз блокадасынан қауіптеніп, құрлықтық байланыстарын арттырудың шешуші рөлін анық пайымдайтыны белгілі. Осы орайда, ортақ ауқымды шекарасы бар, географиялық және геосаяси маңызы зор, қарқынды өсімімен ерекшеленетін Қытай экономикасына қажетті табиғи ресурстар мен энергетика көздеріне бай Қазақстанмен жан-жақты терең серіктестік қалыптастыру мен сақтаудың қажеттілігі туындайды.Сәйкесінше, осы зерттеуімізде стратегиялық серіктестік концептісіне Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы мысалында экономикалық құрылымдағы өзара тәуелділік пен сауда байланыстары, идеологиялық ұқсастықтар, геосаяси және қауіпсіздік факторлары тәрізді критерийлер арқылы баға береміз.

Зерттеу жұмысы Кеңес Одағы құлап, Орта Азия мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдан бастап, ағымдағы 2021 жылды қамтиды. Яғни соңғы 30 жылдағы екі жақты стратегиялық серіктестіктің даму динамикасына сараптама жасалып, жан-жақты анализ нәтижесі назарыңызға ұсынылады. Есебі, қырғи-қабақ соғыс аяқталып, Шығыс-Батыс текетіресі соңына жетіп, жаңа мемлекеттердің пайда болуымен 1991 жыл тарихта ерекше орын алатыны анық.

Сондай-ақ, осы кезең бұған дейін тек Орта Азияда құрдымға кеткен Кеңес Одағымен шекаралас болып келген Қытай үшін жаңа республикалармен тың қарым-қатынас орнату қажеттілігі туындап, тарихтың жаңа бетін ашу мәселесі күн тәртібіне шыққаны да айрықша маңызы бар.

Бұл зерттеу жұмысы негізінен сапалық анализ жасауды мақсат еткенімен сандық датаны да қамтып, еңбегіміздің ғылыми құндылығын арттырады. Тарих, халықаралық қатынастар, саясаттану ғылымдарының қалыптастырған жаңа

бағыттағы ғылыми ой-пікірлері мен тұжырымдары, осы саладағы жетекші ғалымдардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің мемлекеттің ішкі саясаты, дам бағыты, оның принциптері мен теориясы туралы жазған еңбектері мен деректері кеңінен пайдаланылған. Жұмысты жүргізу барысында арнайы іргелі зерттеулерді, сондай-ақ осы салада жазылған тарихшылардың, саясаттанушылардың, шығыстанушы мамандардың ғылыми мақалалары мен басқа да публицистикалық еңбектерін ғылыми тұрғыда жинақтау мен сараптау әдісіне сүйенеміз.

Қазақ және орыс тілдеріндегі атаулы дереккөздерге қоса, қытай және ағылшын тілдеріндегі мол ғылыми ресурстар да осы зерттеу жұмысымызда қолданылады.

Зерттеуіміздің ауқымдылығы саясат, халықаралық қатынастар, экономикалық, халықаралық сауда тәрізді бірнеше дисциплинадағы дереккөздерді ақтару мен шолуды талап етіп, ғылыми кітаптар мен журналдар, интернет және кітапхана ресурстарын талайын тауысып, ғылыми еңбегімізге арқау еттік. Зерттеу жұмысы аттай 30 жылды қамтитындықтан осы уақыт аралығында жарияланған елеулі еңбектердің денін қамтуға тырысып, түрлі тілдегі ақпаратқа қолымыз жетті. Қытай тіліндегі ресурстар Қытай Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі, Сауда Министрлігі, Ұлттық Статистика Бюросы және Ұлттық Энергетика Әкімшілігі тарапынан дайындалған ресми деректерден алынды. Сондай-ақ, Қытай Коммунистік Партиясының жаршысы, оның саясатының теориялары, тұжырымдамалары және жаңалықтары жарық көретін әрбір екі айдажарияланатын “Qiushi” (求是) теоретикалық журналы материалдары да зерттеуімізге арқау болды.

АҚШ пен Германия тәрізді Батыс мемлекеттерінде қытайтану саласы қарқынды дамып, мол ресурстар тұрақты жарияланатындықтан, осы елдердің үкімет есептері, ақыл-ой орталықтары (think tank) әзірлеген терең әрі жан-жақты зерттеулері де ғылыми еңбегіміздің құндылығын арттырып, ресурстық базасын молайта түсті.

Жинақтаған дата мен ақпарат Қазақстан үкіметі мен ғылыми институттары жариялаған дереккөздермен салыстырылып, жүйелі сараптау мен талдау жасалды. Зерттеуіміздің құндылығын толықтырған тағы бір дереккөздер тобы бұл - Жаһан Банкі, Халықаралық Монетарлық Қор, Халықаралық Энергетика Агенттігі, және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы тәрізді Халықаралық деңгейдегі институттар мен ұйымдардың әзірлеген ақпараттары болды.

Дегенмен, кез келген өзге де зерттеу жұмыстары тәрізді бұл еңбегіміздің бірқатар шектеулері бар. Қытайтану қарқынды даму үстіндегі сала болғанына қарамастан Қытай үкіметінің ақпарат пен медиа саласына қойған шектеулері пікір әралуандылығы мәселесін күн тәртібіне шығарды. Қытай үкіметі мен ресми органдары әдетте дата бөлісуге құлықсыздық танытып жататыны және қазір әлемдегі АҚШ-Қытай теке тіресі жаратқан өзара сенімсіздік те ақпараттық кеңістіктің тарылуына себесін болуда.

Қытай саясаткерлерінің баспасөз беттерінде немесе әлеуметтік желілердегі белсенділігінің төмендегі де ақпараттық ресурстарымыздың ауқымын

тарылтқаны белгілі. Нәтижеде қытай тілді ресурстардағы біржақты пікірдің басымдығы ғылыми еңбегіміздің тереңдігіне аз болса да әсер еткені сөзсіз. Сондай-ақ, қолданылған кейс стади әдісі тек Қытай мен Қазақстан арасындағы стратегиялық қарым-қатынасты қамтитындықтан еңбегіміз жалпы Қытайдың әлемдегі стратегиялық серіктестігінің тұтас пікір қалыптастыруға мүмкіндік бермейтіндігі түсінікті.

Зерттеу барысында Қытайдың Қазақстанға немесе Орта Азия елдеріне жасалған инвестицияларының кейбірі ресми түрде жарияланғанымен олардың қаншалықты іс жүзіне асқаны, қаншалықты қаржы нақты жаратылғанын межелеу қиынға соққанын да айта кету керек. Тіпті әлемдегі Қытайдың ресми инвестицияларының шамамен 50% Халықаралық Монетарлық Қор мен Жаһан Банкі тәрізді ұйымдардың ресми статистикасына енбей қалатыны да Қытайдың сауда-экономикалық әлеуеті мен ықпалының нақты көлемін анықтау қиынға соғатыны тағы бар.

Қазақстанның Қытаймен жасалған кейбір келісімдерінің транспаренттілігі де сұрақ туындататынын ескерсек, екі жақты жобалардың көлемі мен динамикасына толық суреттеу қиынның қиыны. Десек те, зерттеу жұмысымыздың барысында Қытай мен Қазақстанның ғана емес, өзге елдердегі қолжетімді ресурстардың басым бөлігі қамтылды.

Зерттеуіміздің нысаны саналатын Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары мен стратегиялық серіктестігі тек екіжақты немесе аймақтық дәрежеде ғана емес, сондай-ақ әлемдік дәрежеде маңызы ықпалы бар қатынас саналады. Себебі бір жағынан Қытай геосаяси күш-қуаты ұлғая түскен және геосаяси амбицияларын әскери күшімен қорғай білетін, өзіне деген сенім нық держава саналады. Ал Қазақстан болса Қытайды Европамен байланыстыратын және түптің түбінде Еуразия құрлығында ықпалын жүруінде маңызды ел. Сондықтан ағымдағы зерттеуімізде екі ел арасындағы қатынасты тек дипломатиялық, қауіпсіздік және экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге геосаясат көзқарасымен де қарастырып, жан-жақты талдаймыз.

Олай деуге 1.4 миллиард халқы бар Қытай Халық Республикасының әлемдегі екінші экономика және технологиялық тұрғыда Америка Құрама Штаттарын басып озу мақсаты бар ірі держава екендігі себеп. Көптеген ғалымдар бүгінгі әлемде ірі елдердің ықпалы мен қуатының сақталуы және экономикалық әлеуетінің арттыру үшін тек технологиялық және өндіріс даму деңгейі ғана емес, сонымен бірге кемінде 300 миллион елде халық болуы керек деген болжамдар жасайды.

Бұл факторды есепке алсақ, Қытай мен АҚШ-тың қазіргі кезде екі жекедара көшбасшы мемлекеттер екендігіне көз жеткіземіз.

Сәйкесінше құрлық пен теңізде бірдей атой салатын АҚШ-тың тек жалғыз уайымы Қытайдың өсімі мен қуатының артуы. Қытай тек экономика, технология және әскери салада ғана емес, сондай-ақ идологиялық тұрғыда демократиялық құрылымға негізделген Батыс өркениетімен қайшылығы мен айырмалышығы үлкен держава. Коммунистік партия билейтін Қытай басшылығы әлі де Марксистік-Лениндік қағидаларды ту етіп ұстайтын әрі

дәстүрлі Конфуциандық құндылықтардан ажырамаған әрі Батыстың либерализмін қауіп көретін мемлекет.

Сәйкесінше, екі ірі державаның арасында әлдебір текетірестің орын алуына бітіспейтін қарама-қайшылықтардың болуы әсерін тигізеді деп топшылайды Батыстың ақыл-ой орталықтары. АҚШ- пен Қытай Фукидид тұзағын айналып өтпеуі мүмкін емес деп санайтын американдық ғалым Грэм Аллисон [78] екі держава арасындағы соғыс олардың маңдайына жазылған деп қорытындылайды.

Осы орайда, Вашингтон Қытайдың инфрақұрылым және инвестициялық жобасы -"Бір белдеу, Бір жолдың" геосаяси астарының басты мақсаты "Қытайды Еуразиялық державаға айналдыру"деп мәлімдеді. Еуразиялық держава деген (Хэлфорд Маккиндердің "Хартленд" концепциясы) -әлемді билеу. Мұндай жағдайда шет саналатын Солтүстік Америка адам мен табиғи ресурсы әлдеқайда көп орталық держава- Қытайға тәуелділікке түспек.АҚШ-тың басты мақсаты – Еуразияда ешбір мемлекеттің басымдылығын болдырмау.Еуразия құрлығының мән-маңызының артуына жаңадан серпін берген де дәл осы Қытай Халық Республикасының тынымсыз, тоқтаусыз өсуі және амбициясының артуы үлес қосып отыр.

Халфорд Маккиндердің "Хартлэнд" теориясы [79]

Халфорд Маккиндердің теориясына сүйенсек, Хартлэнд аймағы бұл геосаясатта ең тиімді мекен [80] саналады. Әлемдік геосаяси үдерістер тұрғысынан алғанда, Еуразия құрлығы әлемнің дәл ортасында, ал Хартлэнд аймағы Еуразияның ортасында орналасқан.

Маккиндердің пікірінше, Хартлэнд аймағын ойыншы әлемде жекедара ықпалын жүргізуге жеткілікті геосаяси және экономикалық потенциалы болады деп пайымдайды. Сондай-ақ ол Еуразия құрлығы әскери және индустриялық күш-қуатты еселей арттырып, дамыту үшін жеткілікті әрі аса қолайлы шарттарымен ерекшеленеді дейді. Бүгінде Хартлэнд аймағында Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан орналасып, Каспий теңізімен белгіленген. Бұл мемлекеттер Хартлэнд концептісінің заманымыздағы ажырамас бөлігі саналып, геосаяси тұрғыда маңызды аймаққа айналып отыр. Соңғы уақытқа дейін аймақтағы гегемон Ресей болғанымен ендігі тайталас Қытай мен АҚШ арасында болатынын көптеген ғалымдар қадап айтады.

Осы динамика негізінде Бруно Масаеш Еуразияны суперқұрлық деп атап, оның Еуропа мен Азия болып ажырап қалуы қазіргі жаһанданған әлемде мүмкін емес дейді. Еуразия құрлығының діңгегі ықылым заманнан Ислам әлемінің бөлігі саналып, тек он сегізінші және он тоғызыншы ғасырларда ғана Британ империясы және патшалық Ресей тарапынан бөліске салынып, екеу ара геосаяси ойынның алаңына айналды.

Энергетика көздеріне бай және саяси тұрғыда анархиялық аймақ саналып, Еуразияны кесіп өткен барлық тұрақсыздық ағынының қайнар көзі болды. Қазірде энергетика көздері құрлықтың шығыс және батыс жағалауындағы

өндірістерді қамтамасыз етіп, оған деген қолжетімділік пен бақылау орнату үшін ірі державалар арасындағы тартыс аймағына айналып отыр.

Еуразияның интеграцияланған құрлыққа айналу себептерінің қатарында осы аймақта амбициялары өз шекарасынан тыс жерлерді қамтитын ірі державалардың пайда болуы және мүдделерінің өзара кешенді түрде тоғысуы жатыр. Александр Дугин тәрізді Ресей идеологтарының пікірінше, Еуразияшылдық дегеніміз Еуразия құрлығының стратегиялық, геосаяси және экономикалық интеграциясы. Өз еңбектерінде Дугин Еуразияны біріктіруші негізгі күш ретінде Ресейді атап, оның бастапқы кезеңінде Кремль үшін Украина мен Қазақстанның қолдауын [81] табу керек деп қадап айтады.

Дугин сілтеме беретін Халфорд Маккиндер Еуразияны шешуші маңызы бар аймақ санап, оған билік жүргізген елдің әлемге үкімі жүреді деген еді. Еуразия құрлығы стратегиялық активтеріне бақылау орнату, табиғи ресурстарына еркін қол жеткізе алу және территориялық тұрғыда кедергілерді жою – ғаламдық ірі державалардың өзара геосаяси бәсекелестігіндегі арман-мақсаты саналады.

Ресей Федерациясы "Орыс әлемі" жобасымен және Еуразия Экономикалық Одағы арқылы бұрнағы Кеңес Одағын қайта жаңғыртуды басты мақсаты еткенімен, оның түпкі мүддесінде одан да кең аумақты қамту бар. Ұлы Еуразия жобасы арқылы Кремль тұтас Еуразия құрлығының интеграциясын аңсайды. Алайда, саяси және геосаяси мүддесін жүзеге асыру үшін Ресей экономикасының қауқары жетпейтіні анық бола түсті. Осы ретте, Еуропа мен Азияның арасындағы кедергілерді алып тастау және тұтас құрлықты біріктіруде Қытайдың іс-әрекеті әлдеқайда табысты жүзеге асып жатыр.

2013 жылы Қытай жариялаған "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы ежелгі Жібек Жолын қайта жандандырып, Еуразия құрлығын интеграциялауды бастап кетті. Қытайдың инфрақұрылымдық жобасы ретінде таныстырылған аталмыш бастама аясында қытайлық компаниялар Еуропа мен Азия мемлекеттерінің денімен серіктестік қатынас орнатып, теңіз және құрғақ порт, жол, көпір, қоғамдық көлік және темір жол тәрізді талай жобаларды іске қосты. Құрылысы әлі де жалғасып жатқан жобалар шаш етектен.

Күн артқан сайын ақпалы мен сенімі ұлғайған Бейжің түптеп келгенде Вашингтонмен қуаты теңесіп, әлем екіге бөлінген, екі спердержаваны қолдайтын лагерьге бөлінуі әбден мүмкін. Ал АҚШ-пен теңесуі немесе оны басып озуы үшін Қытай Еуразия құрлығындағы басым күшке айналып, осы интеграцияланған, ешбір кедергісіз сауда қатынастары жүретін аймаққа үкімі жүруі керек.

Қытайдың да бір түпкі мақсаты Еуразия құрлығындағы АҚШ әсер-ықпалын минималдандыру және Еуропа Одағының стратегиялық автономиясын сақтауына жәрдемдесу арқылы Еуразия құрлығындағы доминантты орталыққа айналу.

Соңғы кездері Қытай мен Еуропа Одағының арасындағы инвестициялық жобалар саны серіктестік платформасы аясында ұлғайып келе жатқаны соның айғақ дәлелі болса керек. Бейжің үкіметі бұрнағы амбициясынан бас тарта

қоймаған Ресейдің экономикалық күші ортайып, уақыт өткен сайын Қытайға тәуелділігі арта түсетініне сенгендіктен келешекте өзін Еуразияның басты орталығы және Америкаға тепе-тең супердержава ретінде көреді.

АҚШ пен Қытай арасында "қырғи-қабақ соғыс" (Cold War) басталу қаупінен алаңдайтындар аз емес. Қазірдің өзінде екі экономиканың бір-бірінен ажырау (decoupling) ықтималдылығы жоғары, оған Қытайдың шетелге технологиялық тәуелділікті азайту мақсаты дәлел. Дегенмен, жаһанданған заманда АҚШ-Қытай экономикасы бір-біріне тәуелді, "ажырасудың" қатерін екі жақ та жасқы түсінеді.

Мұнаймен күнелткен Кеңес Одағы тәрізді емес, Қытай экономикасы әлдеқайда ірі, инновативті және әртараптандырылған. Америка тек 38 елдің, ал Қытай аттай 64 елдің ірі сауда серіктесі. Әлемдік өндіріс экспортындағы Қытай үлесі 22%-ды құрайды.

Қытайдан ажырау Американың технология саласын, Германияның көлік индустриясын, Британияның банк жүйесін, Францияның люкс заттар саласын және Аустралияның кен өндіру кәсіпорындарын батпаққа отырғызып, ғаламдық қаржы дағдарысына ұшыратуы әбден мүмкін. Індеттен тұралаған Америка мен оның одақтастары үшін бұл аса жағымсыз.

Сәйкесінше, АҚШ пен Қытайдың арасындағы Еуразия құрлығы үшін орын алған бәсекелестікте Орта Азия аймағының мән-маңызы зор. Кеңес Одағы сөгіліп, Орта Азия республикалары тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде американ мемлекеттік қайраткері және саясаткері Збигнев Бжезинский бұл өңірді "ұлы шахмат тақтасы" атап [82], Еуразия үшін тайталаста аймақтың стратегиялық маңызды рөлін атап көрсеткені де соның айғағы. Стратегиялық тұрғыда Орта Азия Еуразияның қақ ортасында және Азияның жүрегінде орналасып, Азия мен Европаны байланыстырып тұр. Географиялық орналасқан орны Орта Азия аймағын тарихи бойынша сауда, бәсекелестік және текетірестің нысанына айналдырып келеді. Стратегиялық орналасуынан бөлек Орта Азия мемлекеттері Халфорд Маккиндердің "Хартлэнд" теориясында Еуразия құрлығының негізгі аймағы ретінде қарастырылады.

Бұл аймақ он тоғызыншы ғасырда Британия мен Ресей арасындағы тайталас нысаны, Ауғанстанды қоса алғанда қырғи қабақ соғысы кезеңінде АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы бәсекелестікте бағалы олжа саналып, ол ірі державалардың саяси, экономикалық және әскери тұрғыда ықпал ету аймағына ретінде белгілі болды.

Ал қазіргі уақытта яғни қырқи қабақ соғыс кезеңінен кейінгі кезеңде дәлірек Қытай, АҚШ және Ресейдің мүдделері тоғысқан мекенге айналған. Жоғарыда айтып кеткен себептерден көптеген ғалымдар экономикалық ортайып, қуаты азайған Ресейді Еуразия құрлығы дәлірек Орта Азия тайталасы жолында қарастыруды жөн көрмейміз. Біз де негізгі бәсекелестік АҚШ пен Қытай арасында болады деп топшылаймыз.

Кеңес Одағы құлдыраған мезетте Орта Азияның геосаяст тұрғыда бағалы актив екенін және осы аймақтағы энергетика көздерінің тек экономикалық

пайдалары ғана емес, сонымен бірге геосаяси маңыздылығын алғаш таныған да Америка Құрама Штаттары еді.

Аймақтағы мемлекеттердің тәуелсіздігін қорғау және олардың экономикалық әлеуетін арттыру үшін Ресейді айналып өтетін мұнай-газ құбырларының салынуы аса маңызды еді.

Нәтижеде, Қазақстан мен көршілес Әзіржайжан Баку-Тбилиси-Джейхан құбыры арқылы Еуропа мен өзге нарықтарға экспорттауға мүмкіндік алып, Ресей монополиясына тоқтау салынған болатын. Сондай-ақ, Америка Құрама Штаттары Ауғанстандағы әскери науқаны үшін Орта Азия мемлекеттерінің қолдауына ие болып, бірқатар әуе базаларын қолдануға кіріскен еді. Еуразия аймағында қандай да бір гегемон елдің пайда болуының алдын алуға тырысқан АҚШ әуелде Ресей мен Иран кейінірек Қытайды бақылау мен тежеу мақсатында өңірдегі ықпалын сақтап тұрды.

АҚШ билігі Қазақстанмен екіжаққа тиімді қарым-қатынас орнатып, американ компаниялары Каспий теңізі аймағындағы мұнай мен табиғи газ жобаларын игере бастады.

Мәселен, 1993 жылы Қазақстанда тыбалған ең ірі “Теңіз” кенішінің үлесінің басым бөлігі американдық Chevron және ExxonMobil компанияларына берілді. Қырық жылға пайдалануға берілген аталмыш жоба Вашингтонның тек экономикалық мүдделерін ғана қанағаттандырып қоймай, оған жағымды геосаяси нәтижелер алып келді. Каспий теңізі аймағы “Хартлэндтің” айнымас бөлігі ғана емес, сонымен бірге Орта Азия, Қауқаз және Таяу Шығыс тәрізді үш маңызды аймақты байланыстыратын стратегиялық маңыздылығымен құнды.

Сондықтан Вашингтон өзінің Еуразия аймағындағы геосаяси мүдделерін қорғау үшін бұл аймақта орналасу себептері әбден түсінікті.

Американ әскері Ауғанстаннан шығарғанға дейін Вашингтон өзінің әскери логистикасы үшін Ақтау және Құрық портын пайдаланып келгені де екі тараптың серіктестік байланысы мен сенімділікке негізделген қатынас орнағанын байқаймыз.

Тіпті Барак Обама үкіметі Орта Азияның энергетика ресурстарын өзінің серіктестері Үндістан мен Пәкістанға жалғауға әрекеттенуі “Жаңа Жібек Жолы” атымен белгілі болды. Дональд Трамп билігі кезеңінде Орта Азияға деген Вашингтонның қызығушылығы кемігенімен, Байден үкіметі “Build Back Better World” (B3W) инфрақұрылым мен инвестиция жобасы арқылы әлем бойынша соның ішінде Орта Азияда жаңа жобалар жасауға талпыныс көрсетті (сурет 1).




Сурет 1 - Каспий теңізі мұнай мен табиғи газ инфрақұрылымы

Ескерту – Дереккөз [83]

Әлбетте, өзінің басты бәсекелесі және Еуразиядағы жекедара ықпалы үшін басты кедергі АҚШ-тың мұндай белсенділігі Қытай Халық Республикасының билігінің алаңдаушылығын тудырғаны айқын. Жалпы, Қытайдың сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі де Орта Азиядағы американ ықпалы азайту және әскери базаларының орналасуын болдырмау екендігі рас. Сол себепті АҚШ-тың әрбір қадамын жіті бақылап отырған Бейжің билігі Орта Азия мемлекеттеріне екіжаққа тиімді экономикалық серіктестік құру жолымен көңілін аулауды мақсат етеді. Осы жолда Қытай үкіметі жүйелі жұмыс істеп, үкімет деңгейінде ынтымақтастық платформасын жасап, дипломатиялық табысқа жетіп отыр.

Осы орайда Қытайдың “Бір белдеу, Бір жол” бастамасын тек экономикалық және инфрақұрылымдық жоба ғана емес, сондай-ақ геосаяси мүддені көздеген, түптеп келгенде Еуропа мен Азияны біртұтас интеграцияланған құрлыққа айналдыру саясаты деп қарастырсақ та қателеспейміз. Қытай бұл жолда Еуразия мемлекеттерімен екіжақты және көпжақты ынтымақтасу платформаларын құрып, тиімді серіктестік қатынасын

орнатып келеді. Орта Азияның бес мемлекеті мен Қытайдың 5+1 платформасы соның айқын дәлелі. Осы платформа аясында Қытай Халық Республикасы мен Орта Азияның бес мемлекеті өзге ірі елдерді қатыстырмай саяси және экономикалық мүдделеріне ортақ шешім тауып, ынтымақтастық алаңын құрды.

Әлбетте, Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы тәрізді Орта Азия мемлекеттерінің қатынасы бірнеше кезеңнен өтіп, екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты басынан өткерді. Кеңес Одағы тарқағаннан кейін әуелі территориялық дау мәселесін шешу үшін арнайы делимитация комиссиялары жұмыс істеп, нәтижеде Орта Азия елдері ішінде бірінші болып Қазақстан өзінің Қытаймен шекарасын ресми заңды түрде бекітіп алды. Ынтымақтастық экономикалық салада оның ішінде екіжақты сауда және энергетика көздерінің Қытайға құбырлар арқылы экспорты мәселелері күн тәртібіне шықты. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылуымен қауіпсіздік мәселесі де маңыздылыққа ие болды. Этникалық қазақтар яғни қандастар мәселесі де ресми және бейресми кездесулерде талқыланып, шешімін тауып жатқаны белгілі. Ал ең ауқымды ынтымақтастық 2013 жылы Назарбаев Университетінде жарияланған "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы іске қосылуымен жалғасын тапты. Бұл қарым-қатынастың жаңа деңгейі болатын. Тұтастай алғанда, 2005-2020 жылдар арасында Қытай Орта Азияның төрт мемлекетіне $50 миллиард инвестиция құйған екен. Оның ішінде Қазақстанға $35.58 миллиард, Өзбекстанға $5.79 миллиард, Қырғызстанға $4.73 миллиард және Тәжікстанға $2.15 миллиард инвестиция салынған. Кейбір өзге есептерге қарағанда, Қытай аймаққа $80 миллиард құйып, оның 80% Қазақстанның үлесіне тиген екен.

**Орта Азия – Қытай платформасы аясында мемлекеттердің Сыртқы Істер Министрлері кездесуі [84]**

Негізінде, Қытайдың Еуразия құрлығында екіжақты және көпжақты серіктестік ынтымақтастығы мен сол жолда қажетті платформалар құруы тек 5+1 Орта Азия-Қытай бастамасымен ғана шектелген жоқ. Еуропада "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы шеңберінде 16+1 яғни Қытай және Орта мен шығыс Еуропа елдерінің серіктестік платформасы да қызмет етіп келеді. Аталмыш ынтымақтастық алаңына Қытай, Албания, Босния және Герцеговина, Болгария, Хорватия, Чехия, Эстония, Мажарстан, Латвия, Литва, Македония, Монтенегро, Польша, Румыния, Сербия, Словакия және Словения мүше елдер санатында. Шын мәнінде, бұл платформа Қытайдың "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы іске қосылмай тұрып та жұмыс істегенімен, кейінгі уақытта оның кеңейтілген түрі деп қарастырыла бастады. Осы ынтымақтастықтың басты үш саласы инфрақұрылым, жоғары технологиялар және жасыл технология саналады. Сырттай қарағанда 16+1 көпжақты қатынастың бар екендігін көрсеткенімен бұл форумды құрудағы Қытайдың басты мақсаты мүше елдермен екіжақты келісімдерге қол жеткізу болып табылады.

Түйіндеп айтсақ, Қазақстан- Қытай стратегиялық серіктестігі жалпы Қытайдың серіктестік дипломатиясын зерделеудің оңтайлы кейсі саналады. Себебі Қазақстан дәрежесі бойынша Қытайдың маңызды серіктестерінің бірі

ғана емес, сондай-ақ Еуропамен байланыстыру көпір және Орта Азия аумағындағы ең ірі сауда-экономикалық серіктесі. Екі жақты қатынастың тереңдігін екі мемлекет басшыларының жиі кездесулері, үкіметаралық ынтымақтастықтың тұрақтылығы, жүзеге асып жатқан халықаралық “Бір белдеу, Бір жол”бағдарламасы және көпжақты Орта Азия-Қытай платформасы және Қазақстанға құйылған Қытай инвестициясының жалпы көлемі дәлелдейді.

Сонымен қатар “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы тек экономикалық және инфрақұрылымдық жоба ғана емес,  сонымен бірге геосаяси мүддені көздеген жоба екенін ескеруіміз қажет. Ағымдағы ірі державалар яғни Қытай мен АҚШ-тың арасындағы бәсекелестік Еуразия құрлығындағы доминанттылық мен гегемондық үшін тайталас екені сөзсіз. Бұл орайда Қазақстан мен өзге Орта Азия елдері Маккиндердің “Хартлэнд” коцептісінің ажырамас бөлігі екені де еліміздің геосаяси маңыздылығын арттыра түспек.

### 1.3 Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестіктің даму эволюциясы

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қатынас бірқатар кезеңді басынан өткеріп, жай ғана дипломатиялық байланыстан стратегиялық серіктестікке ұласқаны белгілі. Осы ретте, көрші екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты төрт кезеңге жіктеп қарастырған жөн. Оның алғашқысы Кеңес Одағы құлап, Қазақстан тәуелсіз атанған 1991 жылдан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы құрылған 2001 жылға дейін болса, екінші кезең 2001-2013 жылдар арасын яғни екі ел арасындағы байланыс Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы жобалар нәтижесі тереңдеп, өзара ынтымақтастықтың тың деңгейге шығуымен ерекшеленді. Үшінші кезең яғни 2013-2020 жылдар арасы “Бір белдеу, Бір жол” жобасымен басталып, коронавирус індетімен аяқталады. Ал төртінші кезең 2020 жылы Орта Азия – Қытай платформасының құрылуымен басталып,  қазіргі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Кеңес Одағының қабырғасы қақырап, сөгілуі басталғаннан кейінгі кезеңде Орта Азия мемлекеттері үшін өзара және басқа көрші елдермен шекараны анықтау мен бекіту шұғыл маңызы бар мәселеге айналды. Қазақстан Республикасы үшін іргедегі алып көршілері Қытай және Ресей арасындағы шекараны заңды түрде бекіту сыртқы саясатының басым бағыты саналып, үкіметаралық комиссия тынымсыз жұмысқа кірісті. Статусы кейіннен анықталған Каспий теңізі шекарасынан тыс, Қазақстанның тұтас құрлықтық шекарасы 13,400 шақырымды құрап, мемлекеттің ұлттық шекарасын ресми бекіту нәтижесінде оның егемендегі мен территориялық тұтастығы халықаралық заңдармен қорғалатынын қамтамасыз ететін еді.

Қазақстан үкіметінің сүйенген заңы Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы тарихи жалғасы ретінде оның ресми шекарасы көлемінде қалу турасында болатын.  1990 жылы жарияланған Егемендік Декларациясында “Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының территориялық тұтастығы сақталады және оның келісімінсіз қолдануға

болмайды" делінген болатын. Мемлекеттің шекарасы турасындағы кейін қабылданған заңдар ел сшекарасы Қазақстан үкіметі қол қойған халықаралық келісімдер шеңберінде ғана анықталады деп айтылған. Бұл декларация және ратификацияланған заңдар қандай да бір дау-дамайлар орын алған жағдайларда оны шешуге қажетті механизмдерді жаратты.

Шын мәнісінде, Қазақстан-Қытай шекарасының делимитация үдерісінің шежіресі үзын, тарихы тереңде жатыр. Екіжақты келіссөздер он тоғызыншы ғасырдағы Қытай-Ресей шекара келісіміне сүйенгенімен, шекараның кейбір секторлары сол кезде әлі де екі сызықтан құралып, бірі келісімге сай, ал екіншісі нақты жердегі дефакто шекарасы болатын. Тұтастай алғанда, 1864 жылы қол қойылған "Шәуешек келісімі" бүгінгі Қазақстан мен Қытай арасындағыресми шекараның негізі мен өзегіне айналған.

Ал егемендікке қол жеткізген Қазақстан көрші Қытаймен үш ғасырлық [85] тарихи келіссөз нысанына айналған шекарасын жаңа статуста анықтап, оны бекітуді 1992 жылы бастап кетті. Бірнеше жыл төңірегінде Қазақстан мен Қытай бес халықаралық келісімдерге қол қойып, екі мемлекеттің арасындағы шекараны айшықтап алды. Дегенмен, 1994 жылғы қорытынды келісім кезеңіне қарай Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарында әлі де диспуттық аймақтар қалып қойған еді. Осы мәселелерді шешу мақсатында барлық мүмкін нұсқалар анықталғаннан кейін, тұтас көлемі 537 шақырым даулы территориялар бөлініп, оның дені Қазақстанның құрамында қалды.

Екі мемлекет арасындағы келісім бойынша жалпы ұзындығы 1782 шақырымдық шекара бекітілді. Қазақстан мен Қытай тараптары үкіметтерінің шекара демаркациясы туралы соңғы протоколға 2002 жылы мамыр айының онында қол қойған. Осы ретте айта кететін жайт – шекара делитимитациясы келіссөздері барысында екі жақ та өз ұлттық мүдделерін негізге ала отырып, шекараны шегендеу үшін ымыраға келді. Дәл осы ұзақ-мерзімге созылған келіссөздер барысында қалыптасқан өзара түсіністік пен ымыраға келуге әзірлік Қазақстан мен Қытайдың арасындағы стратегиялық серіктестіктің негізін қалап, қарым-қатынастың тереңдеуіне тың серпін берді.

Түптеп келгенде, патшалық Ресей мен Қытайдың Цинь империясы арасында жасалған келісімдер нәтижесінде тек жер бөлінісі емес, сонымен бірге қазақ халқының да шекараның екі жағында қалып қоюына себеп болды. Шекара анықталған мезетте қазақ халқы шекараның қай жағында қалып қойса сол мемлекеттің азаматы саналып, еліміздің тұтастығына кері әсер еткені белгілі. Сәйкесінше, тәуелсіз Қазақстан үкіметі өз қандастарының Қытай құрамында қауіпсіз әрі дискриминацияға ұшырамауына назар аударып келеді. Дейтұрғанмен, Қытай үкіметінің Шыңжаңдағы ұйғыр сепаратизмінен күдіктенуі және бірқатар наразылықтар нәтижесінде қайта тәрбиелеу лагерьлерін салып, онда кейбір қандастарымыздың ұсталуы оқиғалары екіжақты байланысқа кері әсер еткені айқын. Бұл мәселелер адам құқықтары ұйымдары тарапынан халықаралық деңгейде де көтерілгендіктен Қытай үкіметінің жіті бақылауында болы келеді. Сондай-ақ Қазақстан тарапы да екіжақты кездесулерде қандастарымыздың құқықтарының қорғалуына ресми

және бейресми тұрғыда мәселені талқылап келеді. Қазақстан тарапы қандастар мәселесін көбіне бейресми дәрежеде талқылау мен дәстүрлі емес дипломатиялық каналдар арқылы шешуге тырысуы екіжақты қатынастың “бір бірінің ішкі істеріне қол сұқпау” қағидатына сәйкес келеді. Шын мәнінде, бұл қағидат ресми түрде 2001 жылы негізі қаланған Шанхай Ынтымақтастық ұйымы аясында қабылданған меморандумдарда айтылған еді.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы 1996 жылы негізі қаланған Шанхай бестігі механизмінің жаңғыртылған формасы болатын. Ол бестік механизмі Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы шекара мәселелерін щешуге бағытталып, тараптардың тиімді ымыраға келуіне жол ашты. 2001 жылы құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы мүше елдерден одақтастық емес керісінше серіктестік формасында мемлекет аралық қатынасты өрбітуді талап етті. Мемлекеттер өз іс-әрекеттерін координация жасай отырып, әскери міндеттемелерді жүктемеген Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аймақтық ынтымақтастықтың жаңа түрін ұсынды. Екіжақты және көпжақты келіссөздер барысында шекара мәселелерін шешкен мүше мемлекеттер ынтымақтастықтың жаңа кезеңінде сепаратизм, терроризм және экстремизм тәрізді жаңа сын-қатерлермен күресуді мақсат етіп қойды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Қытай Халық Республикасының жаңа дәуірдегі қауіпсіздік концептісі және тұжырымдамасымен үйлесім тапты.

2003 жылы маусым айында Қытай Президенті Ху Цзиньтао-ның Қазақстанға жасалған ресми іссапары барысында екі ел арасындағы 2003-2008 жылдарды қамтитын ынтымақтастық бағдарламасы қабылданды. 2006 жылы желтоқсанда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Бейжің сапары кезінде екі мемлекет “жиырма бірінші ғасырдағы ынтымықтастық” және “Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастық жоспарына” қол қойылды. Ал 2007 жылдың тамыз айында Ху Цзиньтао-ның Астанаға келуімен шикізаттан тыс экономикалық сектор бойынша екіжақты ынтымақтастық бағдарламасы жарияланып, ол 2008-2010 жылдарды қамтитын Ынтымақтастық Меморандумымен бекітілді. 2008 жылдың сәуір айында Қазақстан Премьер Министрі Кәрім Мәсімов Қазақстан-Қытай кәсіпкерлерінің форумын ашып, бизнестер деңгейіндегі байланысты тереңдетуге үлес қосты. Түптеп келгенде, сол кезде және қазір де Қазақстан экономикасы үшін тек шикізат өндіруші болып қалудың ұзақ-мерзімдегі экономика тұрақтылығы үшін зарары көп болатынын жақсы түсінген еліміздің үкіметі серіктестік салаларын әртараптандыруға әрекет жасады. Өндіріс мен инновацияны ту еткен Қытай экономикасына тек шикізат жеткізуші ғана емес, сонымен бірге оның технологиясына қол жеткізе отырып, әлеуетті экономика құруға бысымдық берілген еді.

Осы ретте сауда қатынасын тереңдетіп, көлемін ұлғайту үшін бірнеше екіжақты комитеттер жұмыс істей бастады. Оның негізгісі 2004 жылы құрылған және екі мемлекет премьер министрлері тарапынан басқарылатын Қазақстан-Қытай Ынтымақтастық Комитеті болды. Комитет құрамында қаржы, биотехнология, мұнай-газ және бейбіт мақсаттағы атом энергетикасы тәрізді

ондаған субкомитеттер тағайындалды. Бұл ведомстволар транспарентілігі аз болғанына және сәйкесінше Қытай тарапы оны өзінің мүддесі үшін қолдану мүмкіндігі жайлы пікірлерге байланысты кейбір орталарда сынға ұшырады. Шын мәнінде, Қытай тарапы үкіметаралық экономикалық және саяси дипломатияға басымдық беріп, екіжақты келісімдердің құпия болып қалуы да оқтын-оқтын жергілікті баспасөз беттерінде наразылықтарға себеп болды. Қытайдың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүшелікке қол қою рәсімі [86].

Жалпы, 2001 жылы тек Шанхай Ынтымақтастық Ұйымыныңқұрылуымен ғана емес, сонымен бірге Қытай Халық Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (WTO) мүше болуымен тарих беттерінде жазылды. Әлем нарығына жол ашылған Қытай оның мүмкіндіктерін барынша қажетіне жаратып, көшбасшы экспорттаушы елдердің қатарына кіруге мүмкіндік алды. Оған қоса дамушы ел ретінде ресми Бейжіңге қосымша жеңілдіктер беріліп, нәтижеде Қытай “әлем зауытына” айналып шыға келді. Ресми түрде ДүниежүзілікСауда Ұйымының барлық талаптарын орындауды уәде еткен Қытай үкіметі шын мәнінде өз өндірісінің әлеуетін арттырып, бәсекелестік қабілетін күшейтуді де ұмытпады. Сауда ұйымына мүше болған соңғы жиырма жыл ішінде Қытай Батыстың алдыңғы қатарлы компанияларын өз технологиясын заңды түрде қытайлық серіктесіне қалдыруға мәжбүрлеп, өндірісін қорғайтын саясат жүргізді. Осылайша ұйым шеңберінде шетел нарығы мен технологиясына қол жеткізе отырып, өз өндірісін де дамытып келеді.

Осы ретте, Қытай тәрізді алып көршісінің ғаламат табысқа жетуі және жалпы шетел нарығына шығуға мүмкіндік алу Қазақстан үкіметін де Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүшелікке тапсыруға итермелеген еді. Қазақстан үкіметі қарыштап даму үстіндегі Қытайдың өсімін ұтымды пайдалану және еліміздің индустриялық даму жоспарымен ұштастыруды көздеді. Ұзақ жылдарға созылған келіссөздер нәтижесінде Қазақстан да 2015 жылдың қараша айында Дүниежүзілік Сауда Ұйымы мүшесі атанды. Бұл маңызды оқиғадан кейін Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы одан әрі тереңдеп, Қытай компанияларының Қазақстан нарығына құйған инвестиция көлемі еселей артты.

Екіжақты экономикалық қарым-қатынастар Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында да қарқынды дамып келді. Аталмыш платформа аясында Қытай үкіметінің несиелерінің дені экономикалық әлеуеті төменірек Қырғызстан мен Тәжікстанға бағытталса да Каспий теңізі-Қытай магистралі тәрізді ірі бірқатар жобалар Қазақстан арқылы өтіп, теміржол байланысы мен гидроэлектр станцияларын салуды қамтыды.

Десек те, Қазақстан-Қытай серіктестігін стратегиялық маңызды жаңа деңгейге шығарып, қарым-қатынас шарықтау шегіне жеткен кезең Астана төрінде “Бір белдеу, Бір жол” бастамасының жариялануы екендігі еш талас тудырмайды. Болашаққа сенімді аяқ басқан Қытайдың бұл бастамасы әлемдік маңызы зор және ауқымды геосаяси салдары болатын құбылыс еді. Аталмыш бастаманың “Белдеуі” Қытайды жол, теміржол және талшықты-оптикалық коммнукация желілері арқылы Еуразия құрлығы, Африка және Таяу Шығыспен байланыстырса, “Жолы” шикізат, энергетика көздері және тың

нарықтарға қол жеткізу мақсатында Қытайды Арктика, Үнді, Тынық және Атлант мұхиттарымен жалғастыратын болады.

Құрлық және су жолын біріктіретін бұл мегажобаны Қытай Президенті Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Назарбаев Университетінің мінберінен жариялады. Қытай басшылығының өзге де шешімдері тәрізді жаңа стратегиялық бастаманы әлемдік қауымдастыққа білдірудің географиялық орны яғни Қазақстанды таңдауы мағынасы тереңде жатқан және саяси символизмге толы шешім болды. Ал “Бір белдеу, Бір жол”бастамасының су жолы бөлігі 2013 жылдың қазан айында Индонезияда жарияланған болатын. Өз сөзінде Си Цзиньпин Миң әулеті кезінде теңізшілігімен атаққа шыққан мұсылман қытайлық Чжэн Хы бастаған кемелердің саяхатынан сөз қозғап, Қытай мен Оңтүстік Азия мемлекеттерінің Теңіз Жібек Жолын жаңғыртуға шақырды.

Дегенімен, Орта Азия өңірі аталмыш Қытай бастамасы мен мегажобасы жүзеге асырылатын маңызды аймақтың біріне айналды. Мегажобаны жариялау мекені ретінде Қазақстан астанасының таңдалуы барысында Қытай басшылығы еліміздің Ежелгі Жібек Жолын жаңғыртуға бағытталған тұрақты саясаты және Еуразия құрлығында инфрақұрылымдық және сауда хабына айналу стратегиясын назарға алғаны сөзсіз. Екі мемлекеттің астаналары тұрақты және интенсивті саяси диалог негізінде сан алуан саланы қамтитын жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамытуға мүдделілік танытты. Тиісінше, туындайтын барлық мәселелерді тату көршілік қарым-қатынас, өзара түсінушілік және сенім арқылы ең жоғары деңгейдегі келіссөздермен шешуге уағдаласты.

Осы ретте, Қытай туралы теріс көзқарастағылар “Бір белдеу, Бір жол” бастамасының негізіндегі астыртын саясатына назар аударуға шақырып, оны тұрақты сынға алып қоймай халық арасында үрей тууына себеп болып отырғаны да шындық. Алайда, Қазақстан басшылығы еліміздің дамуында Қытаймен орнаған серіктестік қарым-қатынастың рөлі зор екеніне кәміл сенімді. “Бір белдеу, Бір жол” аясындағы іске асырылатын инфрақұрылымдық жобалардың Қазақстан үшін пайдасы мол, тек оны ұтымды пайдалану үшін ұмтылыс таныту керек екенін мемлекет тұтқасын ұстағандар дұрыс бағамдап, қажетті шаралар қолдануға әрекеттенуде.

Түптеп келгенде, “Бір белдеу, Бір жол” Орта Азия мен Қазақстанның шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін инфрақұрылымдық түйткілді мәселелері, шикізат экспортын әртараптандыру және Қытайдың заманауи технологиясына қол жеткізу тәрізді мақсаттарының орындалуына жәрдесіп келе жатқаны аймақтың өрістеп, дамитынына үміт ұялатады. Сонымен бірге, Еуропа мен Азияның инфрақұрылымдық және экономикалық интеграциясына жол ашатын бұл мегажоба Еуразия құрлығының жүрегі Орта Азияның геосаяси маңыздылығын арттырып келе жатқаны ақиқат.

Ең жоғарғы деңгейде Қазақстан мен Қытай басшылығы “Бір белдеу, Бір жол” бастамасын еліміздің “Нұрлы жол” бағдарламасымен интеграциялаудың маңызды бағыттарын анықтап, бірлесе жұмыс істеп келеді. Екі бағдарламаның мақсаттарының ұқсастығы яғни транспорт, логистика, индустрия, энергетика,

ауылшаруашылық тауарлары экспорты, баспана, білім, адам капиталын дамыту және шағын-орта бизнесті қолдауы оның оңтайлы интеграциясына мүмкіндік беріп отыр. Қазақстан үшін айрықша маңыздысы “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы аясында “Қытай-Қазақстан-Ресей-Батыс Еуропа”, “Қытай-Қазақстан-Батыс Азия” және “Қытай-Қазақстан-Оңтүстік Қауқаз/Түркия-Еуропа” транспорт дәліздерінің құрылуы. Мәселенки, 2013-2017 жылдар арасында Қазақстан аумағында 1500 шақырым теміржол, 3000 шақырым көлік жолдары [87] салынып, “Нұрлы жол” бастама идеясымен үйлесімді жалғасын таба білді.

Жалпылай алғанда, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы мен өзге елдер ұсынған ауқымды жобалар арасында бірнеше айырмашылықтар бар. Біріншісі, айтылған жобалардың нақты жүзеге асуы. Екіншісі, концептіні нақты әрекетке бағыттайтын анық механизмдердің болуы оның ішінде инфрақұрылым, энергетика және өзге салалардағы амбициялық жобаларға арнайы қаржыландыру көздерінің болуы. Соңғысы, бұрын- соңды байқалмаған аймақтық және халықаралық деңгейі.

Сондай-ақ, Қытай инвестициялары мен қаржылық көмегі Батыс елдеріне қарағанда саяси шарттан ада; Бейжің белгілі себептермен демократия деңгейі мен адам құқықтары мәселесін көтеріп Қазақстан үкіметінің қытығына тиіп, мазаламайды. Десек те, Қытай Қазақстан мен Орта Азияның өзге елдерінен “Біртұтас Қытай” қағидасын (дефакто тәуелсіз Тайвань аралы Қытайдың ажырамас бөлігі) ұстану, Шыңжаңдағы ұйғыр сепаратизмін қолдамау, Тайваньмен қатынасын шектеу, Тибет мәселесінде үндеместік таныту және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі кейбір жағдайларда Қытай тарапына жақтастық білдіруді күтеді.

Сөз орайында айта кетсек, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасының көздеген мүддесі тек шетелдегі инфрақұрылымдық даму ғана емес, сонымен бірге Қытайдың ішіндегі экономикалық тұрақтандыру болып табылады. Қытай ішіндегі сұраныс қарқынының төмендеуі есепті Бейжің елдің капитал қорларын шетелдердің қытайлық тауары, қызметі және еңбек күшіне сұранысын ынталандыруға бағытталған. Бұл саясат қытайлық компанияларды шетелге шығуға итермелеп, Қытайдың ішінде өндірілген ауыр индустрия мен құрылыс тәрізді салалардың артық тауарларын экспорттауды қуаттап отыр.

Ең маңыздысы, экономикалық даму тұрғысынан Қытайдың аз дамыған аймақтарының қатарындағы Шыңжаңның көршілес Орта Азияның үш мемлекеті – Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан - сауда қатынастарын ұлғайту арқылы Бейжің аталған аймақтың экономикасының өрістеуіне жағдай жасауға мүдделі. Шыңжаңды Қытайдың өзге аймақтарының және шетел нарықтарымен байланысын жақсартуды көздеген Бейжің экономикалық тетіктерді қолдана отырып, жергілікті ұйғыр сепаратизмін әлсіретуді және 1.5 миллион қазақ тәрізді өзге этникалық топтардың қолдауын табуды мақсат етеді. Нәтижеде, тұтас Шыңжаңда және оның астанасы Үрімшіде күре жолдар, көпірлер, теміржол және әуежай нысандары заманауи қалыпқа келіп, мұндағы жобалар көрші Орта Азия елдерінің қызығушылығына бөленіп отыр.

Қытайдың инфрақұрылымдық бастамасына баса назар аударып отырған Орта Азия елі бұл Қазақстан екені сөзсіз. Қазақстанның географиялық және демографиялық жағдайын ескерсек, елдің шикізат өндіруден басқа салаларын дамыту үшін жоғары сапалы транспорт жүйесі қалыптастырып, оны халықаралық транспорт желісімен байланыстыру шешуші рөл атқарады. Біріншіден, 2.7 миллионнан астам шаршы шақырым аумақта орналасқан Қазақстан халқының тығыздығы төмен. Одан бөлек, қала халқы мен ауыл халқы әлі де жалпылай алғанда теңесіп тұр. Оңтүстікте орналасқан үш ірі қалада –Алматы, Шымкент және Тараз – елдегі қала халқының жартысы тұрады. Аймақтардың даму деңгейі мен жұмыспен қамтамасыз ету көрсеткішінде де теңсіздіктер байқалады: Алматы –қаржылық астана, Нұрсұлтан- саяси астана, Атырау мен Ақтау –мұнайлы өлке, ал оңтүстік пен солтүстік аймақтарын жұмыссыздық пен кедейшіліктен зардап шегуде. Сонымен бірге, Қазақстанның теңізге тікелей шыға алмағандықтан импорт пен экспортқа қашықтық тарифі қосылатыны да түсінікті. Сәйкесінше, осындай логистикалық шығындар Қазақстанға келетін тауарлардың бағасының артуына әсер етіп, әдетте тауардың соңғы бағасының 8-11% құрайды. Бұл көрсеткіші индустрияланған елдерде тек 4-4.5% ғана құрайтыны да шұғыл еліміздің әлеммен транспорттық байланысу дәрежесін арттыру қажеттігін байқатады.

Демек, Қазақстанды халықаралық көлік бағыттарымен қосу теңізге шыға алмайтын мемлекеттен Қытай, Еуропа, Үндістан және Таяу Шығыс тәрізді алпауыт нарықтармен байланыстырып, мұнай-газдан алшақтататын экономикасы әртараптанған елге айналдырмақ. Айта кету қажет, Қазақстан үкіметі Кеңес Одағынан қалып, тоз-тозы шыққан жолдар мен инфрақұрылым нысандарын жаңартып жатқаны үміт ұялатататыны рас. “Бір белдеу, Бір жол” бастамасымен мүдделес “Нұрлы жол” бағдарламасының іске қосылуымен елдегі инфрақұрылымдық нысандар біршама жақсарғаны рас. Оған Дүниежүзілік Банкінің сауда-логистикалық индексіндегі Қазақстанның жақсы көрсеткіші де тұшымды дәлел бола алады.

Тұтастай алғанда, «Бір белдеу, Бір жол» бастамасы Қытай-Қазақстан және Қытай-Орта Азия қатынасының басты алға жетелеуші күші екендігі баршаға аян. Жоғарыда атап өтілгендей, «Бір белдеу, Бір жол» мегажобасы оған дейін құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының жаңғыртылған жалғасы рөлін атқарып, Қытайдың Қазақстан және тұтас Орта Азиямен қарым-қатынасының одан әрі тереңдеп, өрістеуіне себеп болды. Демек, «Бір белдеу, Бір жол» бастамасының жариялануымен Қазақстан-Қытай дипломатиясы жаңа кезеңге өтіп, екі мемлекеттің қатынасына тың серпін берген эволюциялық өзгеріс болды. Нәтижеде Қазақстан-Қытай арасында аймақтық байланыс жақсарып, инвестициялар молынан елімізге келді.

«Бір белдеу, Бір жол» бастамасы және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы тығыз сауда-экономикалық қарым-қатынастар нәтижесінде Қытай Қазақстан экпортының басты бағытына айналды. Тек 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Қытайға $9 миллиард тең тауар көлемін жеткізген екен. Ал импорт бағытында да Қытай алдыңғы орында, тап сол

жылдың қорытындысына сәйкес $6.3 миллиардпен Қытай екінші орынға жайғасқан. Әлбетте, Қытай импортының Ресейге есе жіберуі Қазақстанның Еуразия Экономикалық Одағына мүшелігі яғни Ресей арқылы тауарлардың ешбір кедергісіз елімізге келуімен түсіндіре аламыз. Қытайдың Орта Азиядағы ықпалынан алаңдаған Ресей Федерациясы 2015 жылы экономикалық және геосаяси мүддені көздеген осы ұйымның негізін қалаған болатын. Десек те, Қытайдың әлемдегі екінші экономика статусын және Қытай-Қазақстан қарым-қатынасының екіжақты және көпжақты форматта даму қарқынын ескерсек, көп ұзамай Қытайдың еліміздің экспортында және импортында да бірінші қатарға шығатынын болжай аламыз (сурет 2).




Сурет 2 - 2020 жыл бойынша Қазақстанның басты сауда серіктестері

Ескерту – Дереккөз [88]

Қытайдың Қазақстан және Орта Азия елдерімен ынтымақтастығы тек инфрақұрылымдық жобалар және энергетика келісімдерімен шектеліп қалған жоқ. Бейжің аймақтағы "жұмсақ күшін" де ұлғайтуды қолға алып отыр. Осылайша Қытай мәдени және саяси құндылықтарымен қатар сыртқы саясат қағидаттарының да тартымдылығының арттыру мақсатында университеттер мен өзге мәдени ұйымдар арасындағы қатынастағы нығайтып келеді. Шетелдегі Қытай имиджі мен абыройын арттыру үшін Бейжің жыл сайын шамамен $7-10 миллиард арасында қаржы жұмсайды. Бұл стратегияның жағымды нәтижесін "Әлемдік Жұмсақ Күш Индексі"(Global Soft Power Index) рейтінгінде [89] Қытай алғашқы ұдайы ондықта орын алатынын байқай аламыз.

Қытай экономикасының қарқынды дамуы және Қазақстанмен сауда-қатынастарының өрістеуі елімізде қытай тіліне деген сұранысты да арттырып отырғаны мәлім. Бірқатар жоғарғы оқу орындарында қытай тілі мен қытайтану кафедраларының ашылуы да соның бір дәлелі. Осы орайда, Қытай үкіметі Конфуций Институттары арқылы да қытай тілін оқыту үдерісіне үлес қосып отыр. Бүгінде Қазақстан территориясында төрт, ал көрші Қырғызстанда екі Конфуций орталықтары қызмет етіп жатыр.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының ілгерілеуіне ортақ сын-қатерлерге күш жұмылдыра күресу де себесін болды. 2020 жылы пайда болған коронавирус індеті жалғыз Қытайға ғана қауіп төндірмей, тұтас әлемді үрейлендіргені баршаға аян. Індетке байланысты тек Қытай мен Қазақстан ғана емес, сонымен бірге әлемдегі өзге елдердің басым көпшілігі шекарасын жауып, ауыс-түйісті шектегендіктен "Бір белдеу, Бір жол" шеңберінде жүзеге асып жатқан талай жобалар уақытша тоқтап, елдердің экономикасына теріс әсер еткені белгілі. Осындай күрделі кезеңде Қытай атына сызат түсірмеу және оның ықпалын кемітпеу үшін Бейжің "Бір белдеу, Бір жол" бастамасына қосалқы жоба "Вакцина дипломатиясы" немесе "Денсаулық Жібек Жолы"(健康丝绸之路) атты бағдарламасын [90] іске қосып, өз серіктестерін қолдады. Осы бағдарлама аясында Қытай әрқилы елдерге денсаулық сақтау саласында қол ұшын беріп, өзінің әлемдік денсаулық көшбасшылық амбициясы да жоқ емес екенін баршаға паш етті. Қытай үкіметі, жекелеген денсаулық сақтау ұйымдары және Джэк Ма қайырымдылық қоры әлемнің жүз елуден астам еліне медициналық көмек жібергені де Бейжіңнің осы ұстанымының жарқын көрінісі болып табылады.

Осы ретте, Қазақстанды да жалмаған індет шұғыл шараларды қажет етіп, еліміз тәжірибелі қытайлық мамандармен бірлесе жұмыс істеді. Қытай мамандары Қазақстанға келіп тәжірибесімен бөлісіп қана қоймай, Бейжің қажетті дәрі-дәрмектер, бетперделер және өзге де медициналық құрал-жабдықты гуманитарлық көмек ретінде жібергені есімізде.

Осындай қиын-қыстау кезеңде ынтымақтастастығы беки түскен Қазақстан-Қытай қатынасы 2020 шілде айында негізі қаланған Орта Азия-Қытай ынтымақтастығының 5+1 платформасының құрылуымен жаңа белеске шықты. Айта кету керек, бұған дейін Ресеймен ара қатынасына сызат түсірмеу үшін Қытай Орта Азия елдерімен Мәскеуді де қамтитын көпжақты ынтымақтастық тұжырымдамасын жөн көріп келді. Ал енді өзіне деген сенімі артқан және Мәскеудің өзі оған экономикалық тұрғыда тәуелділікке түскендігін байқаған Бейжің Ресейді қатыстырмайтын өз платформасын құрып, Орта Азия елдерімен қатынасты тереңдетуге бет алды. Аталмыш форматта бірқатар кездесулер өткізген Қытай тарапы Қазақстан мен өзге Орта Азия елдеріне деген көмегін еселей арттыратынын мәлімдеп, оны нақты іс-әрекеттермен бекітті.

Си Цзиньпин алпауыт Қытай нарығын Орта Азиялық экспорттаушыларға ашатынын және аймақтағы елдерден жоғары сапалы өндіріс және ауыршаруашылық тауарларын импорттауға әзір екендігін жариялады. Осы формат аясында Қытай-Орта Азия экономикалық және сауда ынтымақтастығы

форумы өтетіні және екі тараптың арасындағы сауда айналымын 2030 жылға қарай $70 миллиардқа жеткізу межесі қойылды. Қытай басшылығы қатысушы мемлекеттер арасындағы электронды коммерция ынтымақтастығын күшейтуді ұсынды. Сонымен бірге, ресми Бейжің Орта Азия елдеріндегі тұрмыстық жағдайды жақсарту үшін $500 миллиондық көмек грантын бөлетіні және денсаулық, ауыршаруашылығын дамыту жолында кедейшілікті азайту, байланыс, ақпараттық технологиялар және өзге салаларда мамандардың біліктілігін арттыру үшін 5000 семинар мүмкіндіктерін беретінін де қадап айтты.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының отыз жылдан астам уақытқа созылған дипломатиялық қарым-қатынастары шекара анықтау тәрізді нақты бір мәселеден бастау алып, қазіргі жан-жақты стратегиялық серіктестік дәрежесіне жетіп отыр. Қазақстан Қытайдың ең сенімді серіктестерінің біріне біріне айналып қоймай, Орта Азиядағы басты стратегиялық әріптесі атанды. Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың эволюциясы бірнеше кезеңнен өтіп, жақсылықты да, қиындықта да бірге еңсеріп, өзара сенімге құрылған байланыс орнады. Осы уақыт аралығында Қытай Орта Азия аймағының ірі көршісі атағын оның басты сауда-экономикалық серіктесі, басты экспорт нарығы және сал алуан саланы қамтитын ынтымақтастық әріптесі атағына ауыстырды. Қытай мен Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы Шанхай Ынтымақтастық ұйымы аясында негізінен қауіпсіздік мәселесімен шұғылданса, «Бір белдеу, Бір жол» бастамасының іске қосылуымен экономика оның ішінде энергетика және инфрақұрылым тәрізді салалар қарыштап дами бастады. Ал Орта Азия-Қытай ынтымақтастығының 5+1 форматының жүзеге асырылуымен серіктестік жаңа кезеңге шығып, аймақ елдері өзгелерге жалтаңдамай өз мәселелерін бас қосып-ақылдасып шешетіндей халге келді. Айта кету керек, Қытай – Қазақстан қарымқатынасы екіжаққа тиімді, екі тараптың да көсегесі көгеретін, экономиканы өрістетін байланыс болып табылады. Бұл дипломатиялық байланыстың потенциалы ауқымды, әлі талай белестерді бағындырары сөзсіз.

# 2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

## 2.1 Қазақстан мен Қытайдың халықаралық және аймақтық ұйымдардағы әріптестігі

Қытайдың сыртқы саясаты мен халықаралық ұйымдар шеңберіндегі қарым-қатынасын бірнеше кезеңге жіктеп қарастырған жөн. Дэн Сяопинанықтап берген халықаралық аренадағы “пассивтілік пен көшбасшылықтан бас тарту”(*taoguang yang hui* 韬光养晦) қағидалары2000 жылдардың басына дейін [91] сақталып (Цзян Цземинь басшылығы кезеңінде де), бұлжытпас ережеге айналған еді. Сәйкесінше 1980-2000 жылдар Қытайдың сыртқы саясаты қағидалары мен ұстанымдары айрықша тұрақтылықты көзге түсіп, әлемде Қытай бейбітсүйгіш, өркендеу мен тұрақтылыққа ерекше үлес қосқан “жауапкершіл ұлы держава” ретіндегі имиджі қалыптаса бастады.

Әлемдік аренада “жауапкершіл ұлы держава” атымен танылған Қытай Ху Цзиньтао Президент атанған 2002 жылдан бастап енді бұл идеяны өзі меншіктеп, жаңа институттар құруға бет алып, әлемдік тәртіптегі нормаларға өзгерістер енгізуге әзір екендігін паш ете бастады. Бұл кезеңде Қытай “бейбіт өсім”(heping jueqi 和平崛起) идеясын сыртқы саясатта ту етіп ұстап, өзге елдердің әлеуметтік жүйесі мен мәдени дәстүрлеріне сыйластық және құрметпен қарау жолымен әлемдік аренадаға мәселелерді ортақтаса шешімін табуға белсенді қатысатынын жариялады. Есебі, бұл идеологиялық қағида кейінірек “бейбіт даму”(heping fazhan 和平发展) болып өзгергенімен алдыңғы атауы әлдеқайда танымал болды. Бұл идеологиялық ұрандағы өзгеріс Қытайдың шетелдегі мұнай дипломатиясына деген ғалам елдері назары түскендіктен және оның теріс салдарының алдын алу үшін жасалған еді. Десек те, сол кезеңде Қытай үкіметі экономикалық даму жолы арқылы жаһандағы бейбітшілікті сақтауға үлес қосатынын бірнеше рет мәлімдеді.

2003 жылы сол кездегі Қытай Премьер Министрі Уэн Жиабао АҚШ сапары кезінде Қытай Американың доминантты позициясын өзгертуге еш құлықсыз екендігін [92] тағы ескертіп, Бейжіңнің бейбітсүйгіш саясатын алға тартты. Мұндай мәлімдемелер Батыс елдері ғалымдары мен саясаткерлерінің Қытайдың астыртын гегемониялық саясаты турасындағы күдігін сейілту мақсатын көздеген болатын. Қытай саясаткерлері мен ғалымдары болса жаһандану кезеңінде халықаралық қоғамдастық өзара аса тәуелді әрі тығыз байланысқан заңдылыққа негізделгенін еске салып, тек өзінің мүддесін көздеген елдер құрдымға кететінін жақсы білді. Ұлы державалық саясаттың трагедиялық салдарын Қытай үкіметі де, халқы да анық дөп басып таныды.

Сәйкесінше, елдердің егемендігі мен территориялық біртұтастығын құрметтеу принциптерін негізге ала отырып, Қытай Орта Азияның бірқатар елімен екіжақты тиімді байланыс орнатуға құлшына кірісті. Өзге ірі елдерге қарағанда Қытай Орта Азияда саяси, қауіпсіздік пен экономикалық қарым-қатынасты түзу үшін әуелден көпжақты платформаларды қалыптастыруға әрекет жасады.Осылайша 2001 жылы негізі қаланған Шанхай Ынтымақтастық

Ұйымы (上海合作组织/Shanghai Cooperation Organization) осы көпжақты байланыстың өзегіне айналып, аймақтық үкіметаралық қауіпсіздік платформасына айналды. Шанхай Ынтымақтастық ҰйымыҚазақстан, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан басшыларының Қытайдың Шанхай қаласында өткен басқосуының нәтижесінде пайда болып, саяси, экономикалық және қауіпсіздік одағы атанды. Ұйымның қауіпсіздік саласындағы басты мақсаттары сепаратизм, діни экстремизм және терроризммен күресті қамтыды. Түптеп келгенде, Бейжіңнің Шанхай Ынтымақтастық Ұйымында көздеген мақсаттарының бірі де Шыңжаң аймағындағы сепаратизмге жол бермеу және көршілес Орта Азия елдерінен осы жолда кең қолдау табу болатын.

Қазақстан өз кезегінде Қытайдың Орта Азиядағы ірі көршісі ғана емес, сондай-ақ Шанхай Ынтымақтастық Ұйымындағы ең беделді әрі белсенді мүше мемлекеттердің бірі ретінде сенімді серіктесіне айналды. Теңқұқылы үнқатысу жүргізу және сындарлы мүше – Қазақстанның осы аймақтағы ұстанымын еселей арттырып, мүше елдердің арасында өзара толық сенім мен түсінушілікті күшейтуге жәрдем көрсетуде. Қазақстанның бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылуы мен дамуына, тең құқықтық ынтымақтастық және өзара түсіністікті қалыптастыруға [93] тікелей атсалысып, орасан үлес қосты. Қазақстан ұсынысы бойынша Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Еуразиялық Экономикалық Одақтастық ұйымы мен "Астана" халықаралық қаржы орталығымен ынтымақтастық әлеуетін арттыру меморандумына қол қойылып, ұйымның абыройын күшейтті. 2017 жылы Қазақстан астанасында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы елдерінің басшылары кеңесі өтіп, оның барысында тыңнан қосылған Пәкістан Ислам Республикасы мен Үндістан сөз алып, ұйымның одан әрі кеңею стратегиясын мадақтады.

Қазақстан үкіметі Қытаймен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы платформасы аясында жаһандық және аймақтық деңгейдегі бейбітшілік пен сын-қатерге қарсы біріге іс-қимыл қадамдарын жасауда айрықша нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, терроризмге қарсы әлемдік қоғамдастықты жаһандық терроризмге қарсы жұмылдыру мен халықаралық ынтымақтастықты нығайту, осы зұлымдықпен күресудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолындағы бастамалары кеңінен қолдау тапты. 2007 жылы Қазақстан мен Қытай екіжақты келісім аясында тату көршілік, достық және ынтымақтастық келісіміне қол қойылып, тұтас Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына елдер үшінші елге зарарлы әрекеттерше жол бермеуге әрі сепаратист, террорист және экстремист атаулының түбіне жетпей тынып таппауды ұйғарды. Ұйым шеңберінде Қазақстан мен Қытай өзге мүше елдермен бірге ортақ әскери жаттығуларға қатысты. 2013 жылға қарай, ұйым мүше елдерінің қатысуымен жалпы он бір әскери оқу-жаттығу жиындары [94] өткізіліп, әскери әлеуетті тұрақты күшейту бастамалары көтерілді.

Әсілі, Қытайдың Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құрудағы мүдделерінің бірі елдің батысынан АҚШ-тың келуін болдырмау және осы жолда Ресеймен

бірге Орта Азиядағы Америка ықпалын шектеу екендігі белгілі. Үнді мұхиты, Оңтүстік Қытай Теңізі және Малакка бұғазында сауда және әскери кемелерінің АҚШ теңіз флоты тарапынан ықтимал блокадасынан сескенетін Бейжіңнің құрлықтағы транспорт-көлік тораптарының қауіпсіз болуына уайым жеуі түсінікті жайт. Ұйым аясында Қытай мен Ресейдің жекелеген геосаяси мақсаттары болғанымен Америка мен Батыс елдеріне қарсы ашық саясат жүргізуге өзге мүше елдердің мүдделі емес екендігін айта кету қажет. Қазақстан және өзге Орта Азия елдерінің басым бөлігі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасынан ауытқымайтынын ескерте отырып, АҚШ-тың осы аймақ экономикасының дамуындағы айрықша рөлін қадап айтады. Сондай-ақ, аймақ елдері Вашингтонның Орта Азиядан біржолата кетуіне қарсылығының тағы бір себебі - оны Қытай мен Ресейдің ықпалын тепе-теңдікте ұстайтын бағалы сыртқы күш деп санайды. Түптеп келгенде, Бейжіңнің өзі АҚШ-пен тығыз саяси- экономикалық қатынастардың мән-маңызын жақсы бағамдап, онымен экономикалық ажыраудың орасан зор қаупін жетерінше түсінеді.

Тұтас алғанда, Қазақстан мен Қытай және өзге мүше елдердің арасындағы ортақ қауіпсіздік түсінігі ұйымішілік ұстаным ережелерінің қалыптасуымен бірге жүрді. Соның ішінде, өзге елдің ішкі істеріне қол сұқпау қағидасы өзгелерден бір төбе биік болып, айрықша назарға ілікті. Ұйым елдері ішкі істерге араласу ұғымын әскери шабуыл, сепаратизмге дем бүрку, немесе билік режимін өзгерту арқылы территориялық тұтастыққа немесе тәуелсіздікке қауіп төндіру деп қабылдады. Бұл қағида Бейжіңнің әрбір елдің өзіндік даму жолы мен моделі және ешқандай сыртқы күш оны өзгертуге қол сұқпауы қажет деген жалпы сыртқы саясат тұжырымдамасымен үйлесетіні белгілі. Қытай үкіметі ешбір өзге ел өзінің саяси-экономикалық жүйесі мен құндылықтарын өзгелерге мәжбүрлі түрде таңуға құқығы жоқ деп біледі. Қытай өзін басқалардың тәуелсіздігі мен егемендігін сыйлайтын жауапкершіл ұлы держава деп санап, саяси жүйесін экспорттауға құмар АҚШ пен Батыс елдерінен өзін ерекшелеуге тырысады. Бейжің өзге елдердің қандай болмасын үлкен немесе кіші, мықтынемесе әлсіз, бай немесе кедей болғанына қарамастан тең қарым қатынас орнататынын тұрақты мәлімдейді.

Қызығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымында жетекші рөл атқаратын Қытай аталмыш ұйымды өзінің экономикалық және энергетикалық мүдделерін көздеуге дәлірек Орта Азия елдерінің энергетикалық ресурстарына емін-еркін қол жеткізу мен өз өндіріс тауарларына тың нарық табуға жол ашатын құралға да айналдырғысы келгені баршаға аян. Сондықтан, Бейжің бірнеше рет ұйым аясында Еркін Сауда Аймағын (FTA) құру, ұзақ-мерзімді көпжақты экономикалық серіктестік, ұйымшілік банк консорциумы, бизнес кеңес және білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық арттыру бастамаларын көтеріп, нәтижеде 2003-2007 жылдар арасында бірқатар келісімдерге қол жеткізді. Бейжіңнің бұл келісімдері мен бастамалары нақты экономикалық жобаларға ұласып, 2005 жылы Астана саммитінде Қытай Президенті Ху Цзиньтао Қазақстан мен өзге ұйым мүшелеріне $900 миллион, ал 2012 жылы Шанхай саммитінде $10 миллиард несие беретінін мәлімдеді. Нәтижеде, Қытай мен

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына өзге мүше елдер арасындағы сауда 2001 жылы $12.15 миллиардтан 2015 жылы $67.47 миллиардқа [95] жетіп, экономикалық ынтымақтастықтың жемісін байқатты. Бұған қоса, Қытайдың тікелей шетел инвестициялары осы уақыт аралығында $59 миллионнан $534 миллионға жеткені де екіжақты қарым-қатынастың жаң деңгейге шыққанын және Қытайдың Орта Азия елдері әсіресе Қазақстан үшін маңызды серіктеске айналғанына паш етті.

Алайда, Қытайдың аймақтағы арта түскен экономимикалық күш-қуаты кейбір Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы елдерінің алаңдаушылығын туғызды. Бейжің ұйымның ортақ Даму Банкі ұсынысынан кейін Орта Азиядағы гегемониялық позициясынан айрылып қалудан қам жеген Ресей әрі қарай бұл платформаның күшеюіне жол бермейтіні түсінікті болды. Нәтижеде Ресей Қытайды тыс қалдыратын түпкі мақсаты Еуразия Одағын құру мақсатымен Қазақстан және Белоруссия үштігімен жаңа кедендік және экономикалық ұйымның негізін салды. Осылайша, Ресей Орта Азия елдерін өзінің интеграциялық одағына шақырып, Қытайдың Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы платформасының экономикалық жобаларын мен келешектегі мүмкіндіктерін айтарлықтай тежеді.

Көпжақты қарым-қатынастың тығырыққа тірелгенін сезген және Қырым аннексиясынан кейін Ресейге салынған Батыс санкцияларын ескере отырып, Қытай саяси-экономикалық дипломатиясына өзгерістер енгізді. Бейжің халықаралық инфрақұрылымдық жоба “Бір Белдеу, Бір Жол” (一带一路/ Belt and Road) бастамасы аясында Орта Азия, Еуропа және Африка елдіремен екіжақты келісімдер орнатуға стратегиясына көшті. Қытайдың бұл тұжырымдамасы “серіктестік дипломатиясы” деген атпен әйгілі болды. Қытайдың серіктестік анықтамасының бірнеше деңгейі бар және олар серіктес мемлекеттің тек саяси емес, сондай-ақ экономикалық және энергетикалық тартымдылығына да байланысты. Орта Азияда ресурсқа бай Қазақстан мен Түрікменстан Қытайдың стратегиялық серіктесі саналады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы Бейжің сапары кезінде [96] Қазақстанның стратегиялық серіктестігі “тұрақты жан-жақты стратегиялық серіктестікке” жоғарылады.

Оқтын-оқтын қылаң беретін Мәскеу мен Вашингтонның ықтырып алып, сес көрсету саясатына наразы Қазақстан Бейжің ұсынған сара жолдың тартымдылығын тез түсініп, оны тиімді балама деп қабылдады. Ресейдің үкімі жүретін Еуразия Одағына мүше атанған Қазақстан Мәскеудің дегеніне көнгенімен Владимир Путиннің Қырым аннексиясы және Ресей Думасы депуттаттарының Қазақстанның солтүстік территорияларына көз тігуі Астананың алаңдаушылығын тудыратыны белгілі. Ресей өз мүддесін саяси және әскери тетіктер арқылы қорғаудан тайынбайтыны Қазақстан үкіметінің геосаяси тепе-теңдікті сақтау үшін АҚШ және Қытаймен де байланыстарды нығайтудың маңыздылығын ескертеді. Десек те, Қазақстанның энергетика саласындағы іргелі серіктесі және ауқымды инвесторы АҚШ екіжақты қатынастың стратегиялық маңызына қарамастан Қазақстанның саяси жүйесіне

шүйлігуі және ауық-ауық сын астына алуы ресми Нұр-Сұлтан (Астана) қаласын алаңдатады. Мұндайда Қытайдың бейбітсүйгіш, егемендік пен территориялық тұтастықты сыйлау және өзге елдің ішкі істеріне араласпау қағидасы Қазақстан үкіметінің алдында әлдеқайда тартымды модель саналып, кең қолдауға ие болып, одан әрі ынтымақтастықты тереңдетуге деген құлшыныс туғызды.

Қытай Қазақстан үкіметіне АҚШ пен Ресей тәрізді саяси реформалар жүргізу немесе экономикалық және сауда шектеулерін қою я болмаса саяси қысым жасау тәрізді талаптар қоймаған. Ресми Бейжің ешқашан гегемония мақсатын алға қоймайтынын немесе территориялық экспансияны тіпті ықпал ету аймағын қалыптастыруды көздемейтінін тұрақты түрде алға тартады. Сондай-ақ Қытай өзінің сара жолын таңдағанын және идеологиялық тартыс пен бәсекелестікке түспейтінін анық қадап айтады. Нәтижеде, аймақтық қауіпсіздіктен басқа анық саяси мүддесін көздемейтін және таңқалдырарлық экономикалық жетістіктерге қол жеткізген Қытайдың моделі Қазақстан үшін және тұтас өзге Орта Азия елдері үшін де тартымды даму моделіне айналып, аймақ мемлекеттері үкіметтерінің Қытаймен екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты одан әрі күшейтуге жетелейді. Еуразия экономикалық Одағына мүше болуына қарамастан Қазақстан Қытаймен тек Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберінде ғана емес, сондай-ақ өзге де халықаралық саяси-экономикалық ұйымдарда тиімді қарым-қатынас орнатып келеді.

Мәселен, Қытай Халық Республикасы экономикасының қарыштап дамуы және өзіндік ерекше даму моделі Қазақстан үшін тартымдылықтың маңызды көзіне айналып, елдегі және аймақтағы Қытай жұмсақ күшінің артуына себесін болып отыр. 1970 жылдарда әлемдегі тақыр кедей елдер қатарында болған Қытай қазір табысы ортадан жоғары елдер тізіміне еніп, ғаламның екінші ірі экономикасына атанды. Жыл сайын Қытай экономикасы аттай Аустралия экономикасына барабар көлемді өз Жалпы Ішкі Өніміне қосып келеді. Қытай моделі экономиканың дамуы үшін саяси режим демократия болуы міндетті алғышарт деген батыс тұжырымын жоққа шығарып, стандартты формуладан ауытқыса да діттеген мақсатына жетуге болатынын дәлелдеді. Ықпалды Қытай экономисті Джастин Ифу Лин [97] тұрақты экономикалық даму мен өсім үшін елдің демократия болуы алғышарт емес, мұны елу жыл бойы бірпартиялық жүйеде болған Жапония және диктаторлық режимдегі Оңтүстік Корея мен Тайвань мысалдары дәлелдейтінін алға тартады.

Ху Цзиньтао кезеңінде Қытайдың Қазақстанмен саяси-экономикалық және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы айрықша дамып, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Ал Қытай басшылығына Си Цзиньпин келгенде Қазақстанмен қарым-қатынас тың деңгейге шығып, жаңа белестер мен мақсаттар тобы айқындалды. Бұған Си Цзиньпиннің басшылыққа келгеннен көп ұзамай Қазақстан астанасындағы Назарбаев Университетіндегі мінберден Жібек Жолын жаңғыртуды көздеп, оның экономикалық белдеуін салуға шақырған әйгілі сөзі дәлел болса керек. Іргелі халықаралық бастаманың Қазақстанның елордасында айтылуы екі ел қарым- қатынасының тереңдігін айшықтайды. Сол кезден бері “Бір белдеу, Бір жол” жобасы 70-тен астам елді

қамтып, өз деңгейінде жүзеге асып келе жатыр. Жобаны елдің инфрақұрылымдық әлеуетін дамытудағы маңызды рөлін анық түсініп, тиімді пайдаланған мемлекеттер оның игілігін көрсе, Шри Ланка мен Монтенегро тәрізді елдердің тынысы тарылып отыр. Десек те, Азияның ифрақұрылымдық дамуына 2030 жылға дейін $26 триллион қаржы жетпейтінін ескерсек, Қытайдың бұл жобасы аймақтағы мемлекеттер үшін таптырмас экономикалық және қаржылық қолдау екендігіне көзіміз жетеді. Түптеп келгенде, бастама аясында әлем бойынша жол құрылысы, экономикалық-әлеуметтік нысандар, ауруханалар, метро мен пойыз жолдарының салынуы, мұнай-газ құбырлары тағысын тағы инрфрақұрылым жобалары салынып жатыр. Аталмыш жоба Қазақстан басшылығы тарапынан кең қолдауға ие болып, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған “Нұрлы Жол” жобасымен үйлестіріліп, айтарлықтай табысқа жетті (сурет 3).




Сурет 3 - “Бір Белдеу, Бір Жол” - ғаламдық инфрақұрылымдық байланыс бастамасы

Ескерту – Дереккөз [98]

Демек, Қытай Коммунистік Партия басшысы әрі ел Президенті Си Цзиньпин Жаңа Жібек Жолының экономикалық белдеуін Астана төрінде жариялағанда аталмыш концепті жалпылама түсініктер мен ұрандарға толы болды. Сол уақыттан бері “Бір белдеу, Бір жол” атымен танылған бұл халықаралық бастама жан-жақты пысықталып, бағдары анық, мақсаты айқын қалыпқа келді. Ресми құжаттарда бастаманың амбицияға толы мақсаттары ретінде мыналар бекітілді: қатысушы елдердің инфрақұрылымын

байланыстыру, өз нарықтарын Қытайға ашу арқылы сауда көлемін арттыру, олардың қаржылық нарықтарын Қытайға жалғау, халықтар арасындағы қарым-қатынасты күшейту және тіпті экономикалық даму саясатын Бейжіңмен үйлестіру.Бастама жарияланған уақыттан қазірге дейін инфрақұрылымға қатысты аяқталып, қолданысқа берілген жобаларға Қытай үкіметі $100 миллиардтан астам қаржы жұмсапты.

Бұл бастама өзін Мао Цзедуннан кейінгі ең қуатты тұлға санайтын Си Цзиньпиннің Қытайдың аймақтағы және әлемдегі әсер-ықпалы арттыру мен абыройын асыруды көздеген сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігі саналады. Түбінде, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы ұзақ-мерзімді, ғаламдық деңгейдегі және тек экономикалық мақсаттармен шектелмейтін Си Цзиньпиннің төл туындысы. 2017 жылы Қытай конституциясына бұл бастаманың енгізілуі де оның қазіргі Қытай саясатындағы ерекше рөлін дәлелдейді. Соңғы кездері аталмыш жобаның қауіпсіздік мәселесінде де қызметке жегіліп жатқанын байқауға болады.

Си Цзиньпин билікке келген заманнан бері Қытай мен Қазақстан байланысы одан сайын күшейіп, екі елдің арасындағы қарым-қатынас тың белестерді бағындарғаны сөзсіз. Қазақстан мен Қытай мемлекеттері екіжақты байланыстары тереңдеп, халықаралық Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол”бастамасы және Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы серіктестігі беки түсті. Си Цзиньпин Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен де, қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен де ресми деңгейде де, тұлғалық деңгейде де аса жақсы қарым-қатынаста болып келеді. Тіпті бірқатар кездесуінде Нұрсұлтан Назарбаевқа “аға” деп сыйлауы [99] тұлғалық байланыс құрметке негізделгенін байқатады.

Есебі,Си ЦзиньпинҚытай Коммунисттік Партиясы тұтқасын ұстап, Президенттік қызметіне кірісе салысымен аймақтық және халықаралық саясаттағы бұған дейін қалыпты дәстүрге айналған “пассивтілік пен көшбасшылықтан бас тарту”қағидасынан ауытқып, “проактивті”(奋发有为) сыртқы саясат тұжырымдамасын [100] бекітті. Си Цзиньпин қысым мен күш көрсету, даулы аймақтарда территориялық мүдделерін белсенді қорғау және жаңа халықаралық ұйымдар мен институттар құру тәрізді алдыңғы басшылық кезінде құпталмаған саяси шешімдерге қабылдады. Сондай-ақ, ол Қытай арманы (Chinese Dream/中国梦) атты жаңа концепт ұсынып, онда сыртқы күштермен бейбіт қарым-қатынас құратын мықты әрі әлеуетті Қытай құруды мәлімдеді. Си Цзиньпин сыртқы саясатта өзіне сенімді әрі нық қадамдар жасау арқылы Қытай экономикасының тұрақты өсімі үшін қолайлы сыртқы орта қалыптастырудың маңыздылығын қадап айтқан болатын. Соңғы бірнеше онжылдықта айрықша өсімге қол жеткізген Қытай экономикасы ғалам экономикасымен тығыз байланысып, біте қайнасып жатқандықтан әлемдік сауда, энергетика көздері және логистикалық жол-тораптар мәселесінде сыртқы қатерлердің оңтайлы шешімін тауып, потенциалды сын-қатердің алдын-алу шешуші рөлін жақсы түсінді. Осы мақсатта ол Қытайдың ішінде коррупцияға қарсы бірнеше науқан жүргізіп, өзінің абырой-имиджін жақсартып

қана қоймай, билік пен саяси ықпалды өз қолында жинақтады. 2013 пен 2017 жылдар арасында Си Цзиньпин 28 рет шетел іс-сапарына шығып, бес құрлықтағы 56 елге барып, ірі халықаралық және аймақтық ұйымдардың басшыларымен кездесті.

Бұрнада Қытай көрші Орта Азияда елдерімен қарым-қатынасы көпжақты Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы аясында немесе екіжақты келіссөздер жүргізуге негізделіп келді. Бейжің "пассивті сыртқы саясатжәне көшбасшылықтан бас тарту" қағидасына сай әрі Мәскеудің алаңдаушылығын тудырмау үшін Орта Азияның бес елімен ортақ ынтымақтастық платформасын құрудан аяқ тартып келді. Ал Си Цзиньпин Президенттігі тұсында Қытай Халық Республикасы Орта Азия елдерімен ортақ дербес ынтымақтастық платформасын іс жүзіне асырып, нәтижеде5+1 (Орта Азияның бес мемлекеті және Қытай) формуласымен серіктестікке жол ашылды. Ресей шет қалатын мұндай ынтымақтастық алаңын проактивті Қытай дипломатиясының жаңа деңгейге шыққандығының әрі Мәскеудің қабағына қарамай өзіндік аймақтық саясат жүргізе алатынының жарқын көрінісі еді.

Осы кезекте, Қазақстан мен Қытайдың аталмыш аймақтық платформа аясында ынтымақтастығына егжей-тегжейлі тоқталып, таратып айтпастан бұрын екі мәселенің ара жігін ажыратып алу керек. Қытай Орта Азиядағы бес мемлекетпен мұндай ортақ келіссөз алаңын жаратқан алғашқы ірі мемлекет емес. Дәл осындай форматтағы ынтымақтастықты Орта Азия бестігімен 2004 жылдан бері жылдан бері Жапония одан кейін Еуропа Одағы, АҚШ және Оңтүстік Корея дамытып келеді. Ол ол ма. Жібек Жолын жаңғырту бағдарламасын алғаш ұсынған да Жапония екендігі, ал 2011 жылы АҚШ үкіметі Барак Обама әкімшілігі кезеңінде "Жаңа Жібек Жолы"(New Silk Road) атымен тың жоба ұсынғаны баршаға аян. Алайда әлгі бастамалар аймақтағы мемлекеттер күткендегідей жемісті бола алмады. Оған саяси-экономикалық және логистикалық себептерге қоса географиялық фактор яғни Жапония мен АҚШ-тың Орта Азиядан қашықтықта орналасуы басым себептердің қатарында болды. Сондай-ақ, Ресей тыс қалған 5+1 (Орта Азияның бес мемлекеті және Қытай) ынтымақтастық алаңының құрылуына Мәскеудің шүйілікпеуінәлемдегі Қытайдың рөлінің артуы, Қытай-Ресей арасындағы стратегиялық қарым-қатынастың тереңдігі және Орта Азияда Ресей өзінің әскери басымдылығын сақтау жеткілікті деп қабылдауымен түсіндіруге болады. Бұған қоса, Еуразия Экономикалық Одағына мүше Ресей, Қазақстан және Қырғызстан Қытай инвестицияларына мұқтаж екендігін және көпжақты сауда қатынастарының ұлғаюына Мәскеу де мүдделі екендігінен айқын болады. Қытайдың Орта Азияда уақыт өткен сайын арта түскен әсер- ықпалы Ресейге қауіп төндірмейтінін Ресейдің Қытайдағы елшісі Андрей Денисов Қытай баспасөздеріне берген бірнеше сұқбатында [101] қайталап айтқан болатын.

Орта Азияның бес мемлекеті мен Қытайдың сыртқы істер министрлерінің 5+1 форматындағы алғашқы кездесуі 2020 жылы шілденің 16-сында өтті. Қытай тарапының бастамасымен өткен аталмыш кездесуде коронавирус індетіне қарсы бірлесіп күресу және аймақтың экономикалық әлеуетін қалпына келтіру

талқыға салынды. Онлайн форматта өткен кездесуде Қытай шекарадағы шектеулерге қарамастан сауда қатынасын тоқтатпайтынын мәлімдеп, тауар жіберуге жасыл дәліз ашатынын мәлімдеді. Сондай-ақ, Қытай тарапы Қазақстанмен Орта Азияның өзге мемлекетттерінен молырақ ауылшаруалышық тауарларын импорттауға әзір екендігін қадап айтты. Осы мақсатта Қытайдың импорт шектеулері алынып тасталатынын айтқан Қытай Сыртқы Істер Министрі Ван И медициналық тауарлар мен дәрі-дәрмектер мәселесінде де Бейжің Орта Азияның бестігіне көмек қолын созуға даяр екендігін білдірді.

Қытайдың Орта Азия елдерімен екінші кездесуі 2021 жылы мамырдың 12-сі күні өтіп, бұл жолы аймақтық ынтымақтастық, коронавирус індетіне қарсы бірлесе күрес мәселелерінен бөлек Ауғанстанмен инклюзивті жолмен саяси байланыс орнату да талқыланды. 2022 жылдың қаңтар айының 25-інде дәл осы форматты Қытай Президенті Қазақстан мен өзге Орта Азияның төрт Президентімен виртуалды саммит өткізіп, онда терроризм және аймақтық қауіпсіздікті күшейту күн тәртібіндегі мәселелер деп аталды. Кездесу барысында Си Цзиньпин Орта Азия елдеріне 50 миллион вакцина жеткізіп беруге уәде беріп, аймақ елдерін қиын-қыстау кезеңде қолдайтынын паш етті.

Қытай тарапы осы аймақтық форматты Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан тәрізді тікелей шекарасы бар досшыл көршілермен ынтымақтастық алаңы деп айдарлады. Қытай мен Орта Азиядағы бес мемлекеттің мұндай аймақтық кездесулері дәстүрлі сауда-экономикалық қарым-қатынаспен шектелмей саяси маңызы бар мәселелерді де талқылайтын уақыт келгендігін байқатты. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы шеңберінде талқыланып келген қауіпсіздік және экономикалық қарым-қатынас мәселелері енді 5+1 форматында саяси шешіммен бекітіліп, жүзеге асу мерзімі мен ықтималдылығына ықпал ете алады. Бұл жаңа формат Қытайдың Орта Азия аймағындағы арта түскен ықпал абыройының жарқын көрінісі әрі аймақтағы ықпалын ұлғайтуды көздеген өзге ірі мемлекеттермен бәскелесуден тартынбайтынын да анық етті.

Түптеп келгенде, АҚШ-тың Ауғанстаннан кетуі мен Ресейдің экономикалық күш-қуатының ортаюы және Қытай басшлығының Шыңжаң өлкесіндегі саяси тәрбие орталықтарына қатысты сынға ұшырауы Қытайдың сенімділікпен іс-қимылға көшуіне себеп болып отыр. Қызығы, өзін Қытайдың бәсекелесі санайтын әрі Бейжіңнің әрбір қадамын жіті қадағалап отырған Үндістан да Орта Азия аймағының экономикалық және энергетикалық потенциалын өз күш-қуаты мен энергетикалық қауіпсіздігін күшейту үшін пайдалануға тырысып бағуда. Әлгі Қытай өткізген 5+1 форматына қызыққан Үндістан басшысы Нарендра Моди де ағымдағы жылдың қаңтар айында Қытай басшысының Орта Азия елдерімен кездесуінен екі күннен кейін іле-шала дәл сол форматта кездесу өткізді. Онда талқыланған басты мәселелер қатарында Ауғанстандағы жағдай және Иранның Чабахар портының потенциалын Үндістан мен Орта Азия бестігі елдерінің арасындағы сауда-экономикалық және энергетикалық потенциалын жетерінше қызметке жегу болды. Ескерте кетейік, Үндістан Орта Азия елдерімен тікелей құрлықтық шекарасы

болмағандықтан әрі көрші Пәкістанмен шиеленісті қарым-қатынасына байланысты су жолымен Иран арқылы Орта Азия нарығына шығуға мәжбүр.

Жоғарыда сөз болған әрі Қытай бастамасымен құрылған аймақтық және халықаралық ұйымдардан тыс Қазақстан Қытаймен өзге де алаңдарда екіжаққа тиімді ынтымақтастық орнатып келеді. Солардың арасында шоқтығы биік маңызды платформа бұл –Орта Азия Аймақтық Экономикалық Ынтымақтастық бағдарламасы немесе қысқаша CAREC (Central Asia Regional Economic Cooperation program). Бағдарламаның мақсаты 11 ел және даму серіктестері бірлесе жұмыс істей отырып, ынтымақтастық арқылы дамуды ынталандыру, экономикалық өсімге қол жеткізу және кедейшілікті азайту. Бағдарлама ұраны -"жақсы көршілер, жақсы серіктестер және жақсы мүмкіндіктер"("Good neighbors, Good partners, and Good prospects"). Мүше елдер қатарында Қазақстан, Қытай, Әзірбайжан, Ауғанстан, Гүржістан, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Түрікменстан, Өзбекстан және Тәжікстан бар. Бағдарламаныңпрактикалық өзектілігі жоғары, нәтижеге негізделген және тұрақты экономикалық өсімге үлес қосатын аймақтық жобалардың проактивті фасилитаторы саналады.

Негізі салынған 2001 жылдан 2020жылға дейін CAREC бағдарламасы мультимодальді транспорт байланыстары, арта түскен энергетикалық сауда мен қауіпсіздік, адамдар мен жүктердің еркін қозғалуын үдету және экономикалық дәліздердің негізін салу жолында $40 миллиард [102] инвестиция жұмсады. Бағдарлама аясында бүгінге дейін 213 жоба сәтті аяқталып, оның ішінде Қазақстандағы Ақтау порты да бар. Алты экономикалық дәліз қолданысқа беріліп, мыңдаған шақырым темір жол мен автомобиль магистральдары салынды. Бағдарламаның құрылтайшы елдері мұншалықты ауқымды салалар мен аймақты қамтитын ірі жобаларды жеке өздерінің жүзе асыра алмайтындығын жақсы түсініп, мүдделес тараптардың басымдықтарын қолдана отырып, мақсаттарға бірге қол жеткізудің артықшылығын мойындайды. CAREC бағдарламасы шеңберінде алып территориясы бар Қазақстанның Қытаймен одан әрі ынтымақтастықты транспорт-логистикалық салаларды дамыту басым берілетін салалар санатында. Қазақстан аумағынан дүниежүзілік транспорттық дәліздің жалпы сегіз түрі өтетінін ескерсек, транзит, көлік жәнге тасымалдауға үкіметтің аса жіті қадағалап, маңыз беріп отырғанын байқаймыз. Батыс Еуропа-Батыс Қытай жобасының іске қосылуы да Қазақстанның мұнайлы емес пайда көздерін ұлғайтып, экономиканы әртараптандыруға кешенді саясат жүргізіп жатқанын көрсетеді.

Тұтас алғанда, CAREC бағдарламасы бұдан былай көптеген елдер мен экономика секторларын қамтитын транспорт дәліздеріне қарағанда сауда және экономикалық дәліздеріне басымдық беретін болады. Мұндай жобалар қатысушы елдердің ұлттық стратегияларының жүзеге асуына қосымша жәрдем болатыны сөзсіз. Анықтаған мақсаттарына жету үшін CAREC платформасы Қазақстан мүше Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы және Еуразия Экономикалық Одағымен күш біріктіре жұмыс істеп, байланыстар мен синергиялар құруға орасан үлес қосып отыр.

**2.2 Халықаралық ұйымдар аясындағы Қазақстан-Қытай өзара әріптес байланыстарының экономикалық аспектілері**

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "алдымен экономика, содан кейін ғана саясат" деген әйгілі ұстанымы бар. Қытай Халық Республикасы басшыларының да басты мемлекеттік идеологиясы экономикалық өсім, қаржылық әлеуеті зор мемлекет қалыптастыру болатын. Сәйкесінше, екі елдің басымдықтары мен мүдделері тоғысып, екі ел үкіметі екіжаққа тиімді қарым-қатынас қалыптастырып келеді. Қазақстан мен Қытай экономикалары құрылымдарының бәсекелес емес, бір-бірінің кем-кетігін толтыратын қасиеті де сауда-экономиканың екі тарапқа да тиімді динамикада дамуына септігін тигізгені анық. Әлемнің екінші экономикасы әрі табысы күн сайын артқан 1.4 миллиард халық тұратын Қытай үшін энергетика ресурстары экономикалық өсімнің алғышарты саналады. Ал ресурсқа бай Қазақстан болса Қытайдың технологиясы, өндірістік тауарлары және инвестициясына мұқтаж екендігі белгілі.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары әлемдегі ең кедей елдердің қатарында болған Қытай дәл қазір көлемі жөнінен әлмдегі 2-ші экономика, оның алдын тек АҚШ орап тұр. Қазір Қытай экономикасы әлем экономикасының 18% тең. Салыстырсақ, көршіміз Ресейдің экономикалық шама-шарқы 2% жетпейді. Мұнаймен күнелткен Кеңес Одағы тәрізді емес, Қытай экономикасы әлдеқайда ірі, инновативті және әртараптандырылған. Америка тек 38 елдің, ал Қытай аттай 64 елдің [103] ірі сауда серіктесі. Әлемдік өндіріс экспортындағы Қытай үлесі 22%-ды құрайды. Қытай әлемдегі ең ірі өндіруші ел ретінде соңғы 11 жыл бойына көшбасшы. Өндіріс индустриясы әлемдік өндірістің аттай 30% құрайды. Ол деген -әлемдегі шамамен әрбір үшінші зауыт Қытайда орналасқан деген сөз. Үкімет 14-ші бес жылдық жоспарда өндіріс секторын тұрақты дамытуға күш салды. Ол үшін зерттеу мен дамытуға (R&D) бөлінетін қаржы әр жылы 7% артпақ. Қытайдың зерттеу мен дамытуға жұмсайтын инвестициясы қомақты, әрі тұрақты артуда. 2000 жылы бұл тек $9 миллиардты құраса, 2018 жылы $293 миллиардқа жетіп, әлемдегі екінші сатыға орныққан.

2021 жылы Наурыз айының басында Бейжіңде жиналған Ұлттық Конгресстің 4-ші сессиясында Премьер-министр Ли Кычиаң (Li Keqiang /李克强) жалпы ішкі өнімніңағымдағы жылға қойылған межесі 6% екенін жариялап, Қытайдың ұзақ-мерзімдегі өсімі өзгеріссіз жалғасатынын жеткізді. Ғалам Банкі болжамы одан да зор. Ағымдағы жылы Қытай экономикасы8.1% ұлғаймақ. "McKinsey"-ге сенсек, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қытай экономикасы АҚШ экономикасының 75% құрайтын болады.

Сәйкесінше, көптеген қытайтанушылар мен эксперттер қарқынды даму үстіндегі экономика өсімін сақтау мен арттыру үшін өптеген ресми Бейжіңнің сыртқы саясатындағы басымдық пен приоритет оның экономикалық мүдделері екендігін қадап айтады. Қытайдың экономикасы үшін энергетика қауіпсіздігі және экспорт нарықтары мен инвестицияның маңызы зор екендігі айқын. 1990 жылдардан бері Қытайдың сыртқы саясатында энергетика дипломатиясы ерекше орын алып, экономикалық мүдделердің рөлі арта түсті. Экономикалық

мүддеге құралған дипломатияда экспорт нарығы және табиғи ресурстарға қол жеткізу Қытайдың серіктес таңдаудағы басты шарттарына айналды.

Орта Азия аймағында да Қытайдың басты екі мүддесінің бірі де экономикалық фактор дәлірек энергетика ресурстары болды. Мұнай-газ және өзге табиғи ресурстарға бай Қазақстанмен осы саладағы серіктестікті дамыту Қытайдың энергетика көздерін әртараптандыру саясатына үйлесіп, байланыс тереңдей түсті. Бейжіңнің аймақтағы екінші басты мүддесі әрине бұл қауіпсіздік оның ішінде Шыңжаң сепаратизмінің алдын алу екендігі анық.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның дәлелденген мұнай қорлары 30 миллиард баррельді құрап, Еуразия аумағында Ресейден кейін екінші және әлемде АҚШ-тан кейін он екінші орынды [104] алады.Қазақстанның мұнай қоры әлемдік мұнай қорының 1.8% құрайды. Екінші Парсышығанағы саналатын Каспий теңізі аймағында Қазақстан мұнай қоры бойынша бірінші орында. Елдегі қазіргі мұнай өндірісі екі алып мұнай кеніштерін-Қарашығанақ және Теңіз- қамтып, аталмыш екі кеніштен Қазақстанның жалпы мұнай көлемінің жартысына жуығы өндіріледі. Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы Каспий теңізінің Солтүстік шығысынан табылған. Ал теңіз түбіндегі Қашаған кенішінен 2017 жылы күніне шамамен 225,000 баррель мұнай шығарылыпты. 2010 жылғы деректерге сүйенсек, Қазақстанның Каспий теңізі аумағында 172 мұнай және 42 табиғи газ кеніштері тіркеліп, оның ең ірілері қатарында Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған бар. Мемлекет шекарасында өндірілген мұнайдың 85% экспортқа жіберіледі. Ал Қазақстанның табиғи газ қоры Түрікменстан қорының оннан бірін ғана құрағанымен, 2005-2014 жылдар арасында газ өнідірісі40% артып, 2014 жылдың өзінде Қазақстан Республикасы 45 миллиард куб газ өндіріпті.

Қызығы, 1990-1995 жылдар аралығында Қытайдың мұнай тұтыну өсімі 6.4% құрап, мұнай экспорттаушы елден мұнай импорттаушы мемлекетке айналды. Мемлекеттің энергетикалық тұрғыда өзін қамтамасыз ете алмайтыны 1993 жылы белгілі болса да тек 1990 жылдардың аяғына қара ғана Қытай үкіметі энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігіне көзі жетті. Нәтижеде, Қытай ашық нарықтан гөрі мемлекет аралық келісімдер арқылы мұнайға қол жеткізуді жөн санады. Дегенмен, Қытай Орта Азия елдеріндегі ресурстарға ертерек келіп, орныққан АҚШ немесе Ресей компанияларымен таласпады. Бұл кезеңде Қытай компаниялары эксплуатациясы техникалық тұрғыда күрделі және өзегелердің назарына ілікпеген кішігірім мұнай кеніштерін қанағат етті. Мәселен, 1997 жылдың маусым айында Қытайлық CNPC компаниясы АқтөбеМұнайГаз компаниясының 60% сатып алып, алдағы 20 жылда ірі көлемде инвестиция құюға уәде берді. Сол жылдың қыркүйек айында Қазақстанның Энергетика және Минералды Ресурстар Министрлігі мен CNPC арасында жаңа келісім жасалып, Қытай компаниясына үш мұнай кенішін эксплуатация лицензиясы берілді. Бұл жобалар Қытай Халық Республикасының энергетика саласында әлемге шығу бастамасының жарқын көрінісіне айналды.

2004 жылы Қытай Жалпы Ішкі Өнімі 9% өссе, мұнай тұтыну 16%, ал жалпы жылдық орташа тұтыну 2001-2006 жылдар арасында 11.4% ұлғайды. 2006 жылға қарай Қытай күніне 7.5 миллион баррель мұнай тұтынып, әлем

бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. 2000 жылдар басындағы Қытай экономикасы өсім қарқынының жоғарылығы молырақ мұнай мен газ талап етіп, Бейжінді ғаламның алыс түкпірлерінде энергетика көздерін іздеуге итермеледі. Бейжің теңіз жолы саудасы мен логистикасындағы уайым жейтін факторлардың бірегейі бұл –Малакка бұғазы екені анық. 2016 жылы Оңтүстік Қытай Теңізіне өтетін мұнай танкерлерінің 90% Малакка бұғазынан өткені бұл шағын аймақтың әлемдік энергетика саудасындағы маңызды көрсетеді. Алайда, Қытай үкіметі геосаяси бәсекелесі АҚШ тарапынан болуы мүмкін қандай да бір логистикалық кедергілерді қаперіне алып, Малакка бұғазы тәрізді маңызды жол тораптарын ірі державалар бақылауында ұстауына аландаушылық білдіреді. Сондай-ақ, Таяу Шығыстан ағылатын мұнай мен газдың дені әрі ғаламдық мұнай тұтыну көлемінің 21% Парсы шығанағындағы Хормуз бұғазын кесіп өтетінін және аталмыш аймақ потенциалды АҚШ-Иран қақтығысынан тәуекелі жоғары саналады.

Нәтижеде, осы факторларды ескерген Қытай күн уақыт өткен сайын энергетикалық қауіпсіздікті тек экономикалық емес, сондай-ақ геосаяси және стратегиялық тұрғыда қарастырып келеді. Қытай үшін энергетикалық қауіпсіздік бұл энергетика көздерін әртараптандыру, Орта Азия мен Ресейден келетін мұнай-газ көлемін ұлғайту және мемлекеттік компаниялардың шетелдегі энергетика компанияларына инвестицияларын арттыру болып табылады. Осы орайда, Орта Азия республикаларымен ынтымақтастық тек маңызды энергетика көзі ғана емес, континент аралық сауданы жеделдететін және теңіз сауда жолдарын айналып өтуге мүмкіндік беретін орасан зор мүмкіндік жарататынын Бейжің жақсы түсінеді. Қазақстан мен Түрікменстан тәрізді ресурсқа бай елдер Қытайдың мұнай-газ көздерін әртараптандырып қана қоймай, сондай-ақ АҚШ-пен ықтимал текетірес жағдайында теңіз жолы блокадасының теріс салдарын азайтуға жәрдемдеспек.

Қазақстан мұнай-газ нарығына АҚШ пен Еуропа компанияларынан кешірек келген Қытайдың мемлекеттік энергетика корпорациялары Бейжіңнің дипломатиялық салмағы мен қаржылық әлеуетін тиімді іске қосты. Түгелі дерлік мемлекет иелегіндегі Қытай компанияларының арқасүйейтіні ықпалды Қытай үкіметі болғандықтан көптеген келіссөздерде олар өзге бәсекелестерінен жеңіп шығып отырды. Өз кезегінде Қытай билігіндегі басшылар Қазақстанға жиі келіп, аймақтық және халықаралық ұйымдардағы ықпалы мен беделін қызметке жегіп, қытайлық компаниялар пайдасына шешілетін жиі тиімді мұнай-газ келісімдерге қол жеткізді.

Мәселен, Қытай үкіметі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын Орта Азия елдерімен энергетикалық пен аймақтық сауда ынтымақтастығын тереңдету жолындағы таптырмас құрал ретінде де қарастырды. Кейбір мамандардың пікірінше, Қытайдың Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы тәрізді ұйымдармен бірлесе іс атқаруының негізгі себептерінің бірі де дәл осы – энергетика көздеріне қол жеткізу еді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында эненергетикалық қауіпсіздік мәселесі алғаш Ташкент саммитінде қызу талқыға салынды. Ұйым мүшелері арасында өзара сенім толық орныққандықтан және

мұнай-газ мәселесінде мүдделер қайшылығы болмағандықтан Қытай мен Қазақстан тәрізді өзге Орта Азия елдерін арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамыды.

Нәтижеде, энергетика көздеріне мұқтаж әрі Орта Азия елдерімен жемісті көпжақты ынтымақтастық орнатқан Бейжің саясатының ықпалы мен сенімділігі артып, уақыт өте келе неғұрлым мол мұнай-газ кеніштеріне қол жеткізуге тырысты. 2003-2010 жылдар арасында Қытай компаниялары Орта Азияның бес елінде жалпы 43 жобаға инвестиция құйып,160 мұнай кеніштері мен құрылыс жұмыстары рұқсатын алды. Олардың басым көпшілігі зертеу, қазып алу және мұнай кеніштерін өндіру құқығын қамтыды. Бейжің Қазақстанның энергетика индустриясына кеш келгенімен аз уақыт ішінде бірқатар компаниялардың үлесіне ие болды. Олардың қатарында PetroKazakhstan (2005), MangistauMunaiGaz (2010) және $5 миллиардқа сатып алынған [105] Қашаған мұнай кенішіндегі (2013) үлесі бар.

2005 жылы Үндістандық компаниямен бәсекелес атанған қытайлық CNPC $4.18 миллиард төлеп, PetroKazakhstan компаниясының ие болып, Қытайдың сол кезеңдегі ең ірі мұнай келісіміне қол жеткізді. Сондай-ақ, 2013 жылы CNPC тағы да Үндістандық ONGC компаниясымен Қашаған кенішіндегі үлеске тайталасып, Қазақстанның мұнай кенішін қолды етті. Тұтастай алғанда, Қазақстандағы мұнай келісімдері жөніндегі келіссөздері барысында жеңілген Үндістан кемінде $12.5 миллиард жоғалтыпты. Қызығы, Қытай компаниясының Қашаған кенішіндегі үлеске қол жеткізуі Қытай Президенті Си Цзиньпиннің 2013 жылы қыркүйекте ресми іссапары барысында жүзеге асырылып, екі ел Президенттерінің алдында аталмыш сатып алу келісіміне қол қойылған болатын. Қытайдың мемлекеттік мұнай-газ компаниялары тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ көрші Түрікменстанда да толағай табысқа жетті. Шетел компанияларына шектеуі көп Түрікменстан үкіметі 2007 жылы Қытайдың CNPC корпорациясы [106] құрлықтағы газ кенішін өндіруге рұқсат беріп, алдағы 30 жылға жоспарланған Қытайға газ тасымалдау келісіміне қол жеткізді.

Түптеп келгенде, CNPC корпорациясы тәрізді Қытайдың мемлекеттік компанияларының Қазақстанда мұнай-газ кеніштерін иеленуі Қытай үкіметінен жасалған кең қолдау нәтижесінде жүзеге асып, корпорацияның өзіне де, ұлттық қауіпсіздігін күшейтетін энергетика көздерін әртараптандыруға ұмтылған Қытай үкіметіне да тиімді болды. Ал Үндістандық компаниялар негізінен активтерді коммерциялық мақсаттарға байланысты сатып алғандықтан және сол кезде Қазақстан-Үндістан арасында аймақтық және халықаралық деңгейде жеткілікті байланыс пен сенімділік орнай қоймағандықтан аталмыш келісімдерде қытайлықтарға есе жіберіп қойды. Оған қоса, Үндістанның географиялық тұрғыда қашықтықта орналасуы да Қазақстан үкіметін көрші Қытай пайдасына шешім қабылдауға итермелеуі де әбден мүмкін.

Қытай мемлекеттік компанияларының Қазақстандағы энергетика стратегиясы тек мұнай-газ кеніштерін сатып алу ғана емес, сондай-ақ оны тасымалдайтын құбыр салуды да басымдық деп тапқан. Орта Азия елдерін Қытайға тікелей жалғайтын құбырлар жүйесінің құрылысы Бейжіңнің

энергетика көздерін әртараптандыру мақсатына сай жүзеге асып, 2003-2010 жылдар арасында маңызды деп табылған “батыс газын шығысқа тасымалдау”тұжырымдамасында бекітілген болатын. Ресми Қытай құжаттары көрсеткендей Қытайдың энергетикалық қауіпсіздік саясатында Шыңжаңға маңызды рөл беріліп, шетел мұнай-газы ішкі тұтынушыларға жеткізілетін байланыс орталығы саналады. Сәйкесінше, ешбір үшінші тарапты қатыстырмай Қытай Қазақстанмен бірге Қытай-Қазақстан мұнай құбырын салды. Мұндағы жалпы Қытай стратегиясы Қазақстанда иелік ететін барлық мұнай кеніштерін алып Қытай-Қазақстан құбырына қосып, Достық/Алашанкоу шекара бекетіне жеткізу болатын. Бұл құбыр Қытай жағынан ел ішін қамтамасыз ететін Алашанкоу-Душанзы мұнай құбырына жалғанып, шекара бекетіндегі Душанзы мұнай өңдеу зауытына қосылады. Осы жолмен, Қытайдың мемлекеттік CNPC компаниясы тек Шыңжаңға энергетика көзін тарту ғана емес, сонымен қатар халқы тығыз Шығыс Қытайдағы тұтынушыларды да қажетті мұнаймен қамтамасыз ету еді. Айта кету керек, 2017 жылы Қазақстан-Қытай мұнай-құбыры арқылы орасан үлкен Қытай нарығына 12.3 миллион тонна мұнай жеткізілген.

Бұдан кейін Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстанның мол табиғи ресурстарынақанық Қытай үкіметі осы үш елді ортақ газ құбырын салып, бірге Қытай нарығына жеткізіп, сатуға көндіре алды. Нәтижеде, 2009 жылы Түрікменстан-Өзбекстан шекарасында басталып, Шыңжаңның Қорғас бекетінде аяқталатын Орта Азия – Қытай (Central Asia-China gas pipeline) газ құбыры іске қосылды. Осы құбыр арқылы Түрікменстан үкіметі Амудария бойында орналасқан Самандепе газ кенішінен жылына 40 миллиард кубометр табиғи газ жөнелтуге келісті. Қазақстан Республикасында ораналасқан Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кеніштері және Өзбекстанның бірнеше газ кеніштері осы Орта Азия – Қытай газ құбырына қосылды. Бұл жоба Қытайдың солтүстік батысында стратегиялық энергетика каналын ашып, Бейжің энергетика каналдары мен импорт көздерін әртараптандыруға қол жеткізді. Осы кезеңдегі Қытай үкіметі мен ірі мемлекеттік мұнай-газ корпорацияларының бірге жүргізген стратегиялық энергетика импорты саясатының нәтижесінде Қытай мұнай мен газ жөнінен екінші Парсы шығанағы саналатын Каспий теңізінің мол ресурсынан қомақты үлес алып, қазір Қазақстанның мұнай өндірісінің төрттен бір бөлігіне және Түрікменстанның табиғи газ экспортының жартысынан көбін иеленіп отыр.

Тексеріп қарасақ, Орта Азия – Қытай газ құбыры Ресейдің газ экспорты бағыттары монополиясын бұзып, Орта Азия елдеріне энергетикалық экспорт қауіпсіздігіне жол ашты. Ресей ұзақ жылдар бойы Түркменстанның газын Каспий теңізасты құбыры арқылы Еуропаға жөнелтілуіне мүдделі болмай, өзі одан арзан бағана алып, Еуропа нарығына үстеме бағаға сатып келді. Одан бөлек, газ бағасына байланысты туындаған келіспеушілік те екіжақты қарым-қатынастың ушығуына әкелгені белгілі. Мұндай қиын-қыстау жағдайда Қытаймен жасалған газ келісі және құбыр салу мүмкіндігі Түрікменстан мен Қазақстан экономикасына тың мүмкіндіктер сыйлады.

Сондай-ақ газ экспорты мәселесіндегі Қытайдың біртұтас шешім ұсынысы Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан басшылығының көңілінен шықты. Бейжің ірі көлемде газ сатып алуға даярлығын білдіріп қана қоймай, газ кеніштерін зерттеу, дамыту және қаржылық қолдауды да ұсынды. Қазақстан үкіметі Мәскеуге тікелей қарсы келуден аяқ тартқанымен Түрікменстан және Өзбекстанмен біріге отырып, Қытайдың ұсынысын қабылдап, Мәскеуге энергетика тораптары мәселесіндегі тәуелділігін аз да болса кемітті. Ал Қытай болса Ресей есебінен Түрікменстанда ықпалын ұлғайтып, табиғи газ қажеттілігінің басым бөлігін Ашхабадтың көмегімен қамтамасыз етіп отыр. Түптеп келгенде, Қытай Халық Республикасының тартымды кешенді ұсынысы оның ішінде тиімді газ бағасы және тұтас құбыр құрылысын салу мен қаржыландыруды өз мойнына алуы оның қысқа мерзімде табиғи ресурсқа аса бай Орта Азия елдерінің атап айтқанда Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстанның мұнай мен газ нарығына шығып, ықпалды ойыншыға айналуына септігін тигізді.

Осы орайда, Қазақстан мен Түрікменстанда Қытай мемлекеттік компаниялары энергетика көздеріне қол жеткізіп, мыңдаған шақырым құбырлар жүйесін салуы Қытайдың Саясат Банкілері (政策性银行/ Policy Banks) қолдауымен жүзеге асып келеді. Саясат Банкілері санатындағы Қытай Экспорт-Импорт Банкі (CHEXIM/中国进出口银行) және Қытай Даму Банкі (CDB/国家开发银行) мақсатты елге несие бергенде одан табиғи ресурспен кепілдеме беруді талап етіп, аталмыш ел несиені жобаны жүзеге асыру барысында төлеп отырады. 2017 жылы Қытай Экспорт-Импорт Банкі мен Қытай Даму Банкі әлемдегі энергетика жобаларына $25.6 миллиард несие бөлсе, 2000 жылдан бері бұл көрсеткіш $225.8 миллиардты [107] құраған екен. Мұнай мен гидроэнергетика Қытай Банкілерінің басты екі инвестициясы саналады. “Бір белдеу, Бір жол” бағдарламасының бөлігі саналатын елдер Қытайдың екі Саясат Банкілерінің бөлген қаржының 55.9% алса, Орталық Азия мен Еуропа мемлекеттері 2013-2016 жылдар аралығында әрқайсысына тұтас инвестицияның 19.5% жұмсалыпты.

Бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі бес инвесторы әрі Нидерланды, Ұлыбритания және АҚШ-тан кейінгі кредиторы қатарына кіреді. Мәселен, 2019 жылы Қазақстан үкіметі Қытайдан 295 миллион доллар немесе2. 062 миллиард юаньді құрайтын жиырма жылға 2% пайыздық көрсеткішпен несие алды. Қазақстан үкіметі бұл шешімін Қытай Саясат Банкілері ұсынатын несиелердің пайыздық көрсеткіші төмендігі және долларға қарағанда тиімдірек юаньмен берілетінімен түсіндірді. Сондай-ақ, Қытай бүгінде Түрікменстанның ең ірі кредиторы саналады және Түрікмен үкіметі жыл сайын Қытай несиесін өтеу үшін кемінде $1 миллиард жұмсап келеді. Аталмыш несиенің белгілі бір бөлігі ресурспен яғни Түрікмен газымен өтеледі. 2009 жылы Қытай Даму Банкі Түрікменстанның аса ірі Галкыныш газ кенішін дамыту үшін $3 миллиард бөлсе, 2011 жылы тағы да қосымша $4.1 миллиард қаржы несиеге берген. Қытай несиесі табиғи газды барлау-зерттеу мен оның өндірісін де қамтиды.

Инвестиция мен несиені қамтитын қаржылық қуаты зор Қытай Халық Республикасы Еуразия державасы ретінде Орта Азияға мультибағытты және кең ауқымды ықпалын арттырып келеді. Стратегиялық инфрақұрылым жобалары арқылы Қытай Малакка бұғазына тәуелділікті азайтуға қол жеткізді. Қазақстан тәрізді Орта Азия мемлекеттерінң ашылуы Қытай үшін сауда жолдарын әртараптандыруға мүмкіндік беріп, Ресей, Үндістан және АҚШ одақтастарымен қоршалған аймақтан блокадағы түсу қаупін сейілтті. Қытай Ресейді аса маңызды стратегиялық серіктесі санағанымен оның да державалық амбициялары жоғары екендігі және кейбір мәселелерде мүдделері сәйкес келе бермейтінін ескерсек, Орта Азия елдері Қытай үшін бейтарап аймақ ретінде мол мүмкіндіктер жолын ашып келеді.

2013 жылы Қытай Президенті Си Цзиньпиннің Қазақстанның белді оқу орындарының бірі Назарбаев Университетінде шығыс жарты шарына орасан өзгеріс алып келген Еуропа мен Азияны байланыстыратын ғасырлық жоба “Бір белдеу, Бір жол” бағдарламасын жариялауы тегіннен-тегін емес. Қытай Президенті өзінің қолтаңба жобасын ресурстардың нарық аллокациясы мен экономикаы географиялық тұрғыда тепе-теңдігін сақтауға бағытталған мемлекет ішіндегі реформаларына байланыстырды. “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы аясында Қазақстандағы жүзеге асырылып жатқан шығыс-батыс инфрақұрылым жобалары ілкіде АҚШ пен Ресей жариялаған бағдарламарды көлеңкесінде қалдырды.

Қытайдың COSCO компаниясы (China Ocean Shipping Company) инвестициясымен жүзеге асқан “Қорғас –Шығыс қақпасы” арнайы экономикалық аймағы құрлықтық тасымал логистикалық хабы дәлірек “құрғақ порт” ретінде жоспарланды. Қазірде “Қорғас –Шығыс қақпасы”транс-Еуразиялық пойыздарды өңдейтін Қазақстандағы басты құрғақ порттардың біріне айналды. Аталмыш пойыздар Қытайдың бірқатар қалаларынан шығып шамамен 9000 шақырым жолды жүріп өтіп, Еуропа қалаларына бағыт алады. Қытай зауыттарынан Еуропаға тауар жеткізу теңіз жолымен 45-50 қажет етсе, Орта Азия арқылы темір жолымен одан екі есе аз уақыт алады екен. Бүгінгі таңда ай сайын 6200 дана 20 футтық контейнерлерді [108] алып жүретін шамамен 65 пойыз “Қорғас –Шығыс қақпасын” кесіп өтеді.Екінші Еуропа-Қытай темір жолының ашылуымен бұл арнайы экономикалық аймақта жыл сайын 15 миллион тонна жүк өңделіп, кейінірек аталмыш көрсеткіш 30 миллион тоннаға жетіледі деп күтілуде.

“Қорғас – Шығыс қақпасы” Алтынкөл станциясымен байланысып, теңіз порты принципімен жұмыс істейді. Онда тек контейнерлердегі жүктерді ғана емес, сондай-ақ пойыздар жеткізеді.Ағымдағы уақытта “Қорғас –Шығыс қақпасы” аумағында бағдарламаларды коммерциялық толықтыру, салынып жатқан ғимараттарды пайдалануға беру және инвестициялар тарту жұмыстары іске асырылуда. Тартылған инвестициялар портфелі тұтас құны 455 миллиард теңгенің 14 жобасын 2023 жылға дейін толық іске асыруды қамтиды. 2018 жылы 22 миллиард теңгеден астам қаражат инвестициялары толыққанды

игереліп,  5 инфрақұрылымдық жоба пайдалануға берілді. 2023 жылға ұапай жаңадан 3714 тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

“Қорғас – Шығыс қақпасы” арнайы экономикалық аймағы [109]

Есебі, Қытай Халық Республикасы Еуропа Одағы елдерімен тек темір жолмен ғана емес,  өзге де байланыс мүмкіндіiктерін іздестіріп келеді. Мәселен, Транс-Каспий Транспорттық Бағыты (Trans-Caspian International  Transport Route/TTTR) уақыт үнемдейтін, Ресей территориясын айналып өтетін және Қытай және Каспий теңізі мемлекеттерінің энергетикалық ынтымақтастығын арттыратын потенциалы жоғары жоба саналады. Оған қоса, барлық “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы аясында салынған дәліздерді тұтас алғанда Транс-Каспий Транспорттық Бағыты тек үш елді ғана– Қазақстан, Әзірбайжан және Гүржістанды кесіп өтіп, қалғаны теңіз жолымен жүретін ең минимум жер элементі бар құрлықтық дәліз ретінде мән-маңызы жоғары. Бұл бағыт Қытайдың COSCO компаниясы бір терминалын басқаратын Грекияның Афины портын халықаралық теңіз жолы заңымен қорғалатын Гүржістанның Батуми және Анаклия терминалдарына жалғап, Қытайдың мүддесімен үйлесіп қана қоймай, сондай-ақ транзиттік әлеуетін ұлғайтуды басты стратегиялық мақсаты санайтын Қазақстанның экономикалық мақсаттарына толық сәйкес келеді. Қытай үшін Каспий теңізі арқылы өтетін бағыттың Белоруссия-Ресей-Монғолия немесе Белоруссия-Ресей бағытынан гөрі жылдамырақ және арзанырақ болады деп бағалануда. Сондай-ақ, Еуропа-Кавказ-Азия Транспорт Дәлізі (Transport Corridor Europe Caucasus Asia /TRACECA) атымен белгілі Еуропа Одағы мен Шығыс Еуропадағы серіктес мемлекеттер арасындағы халықаралық транспорттық ынтымақтастық бағдарламасы да “Бір белдеу, Бір жол” бастамасына интеграция жасалады деп жоспарланған.

Шындығында, жоғарыда аталған жобалар Қытайдың “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы тек қана теміржол, әуежай және теңіз порттарын салумен шектеледі деген түсінік қалыптаспауы керек. Осы бастаманы жүзеге асыру барысында Бейжің энергетикалық қауіпсіздік мәселесіне аса көп назар аударып келеді. Мұны әсіресе Каспий теңізі төңірегіндегі жобалардан дәлірек Қазақстан тәрізді мұнай-газға бай мемлекетті қамтитын бастамалардан байқауға болады. Қытайдың бұл аймақ ресурстарына бірқатар себептермен қызықса, оның ішінде арзан бағасы тартымды фактор саналады. Бейжің Орта Азия табиғи газына Ресей Еуропа нарығынан алатын бағаның үштен бір бөлігін ғана төлейді. Сәйкесінше, бірқатар қытайлық ғалымдар “Бір белдеу, Бір жол” бастамасын қолдана отырып,  Қытай үкіметін энергетика көздерін қауіпсіз жерлерден, қолжетімді бағаға алуға шақырады. Осы кезекте, Бейжің үшін Қазақстан, Әзірбайжан және Түрікменстан сияқты Каспий елдерімен стратегиялық қарым-қатынасты тереңдету және жан-жақтылығын қамтамасыз етудің стратегиялық маңызы аса зор. Мұндай стратегиялық келісімдер халықаралық энергетика нарықтарындағы баға тұрақсыздығының теріс салдарын азайтуға мүмкіндік береді деп сенеді қытайлық сарапшылар.

Қытай сарапшыларының тағы бір тобының пайымынша, Бейжің өзінің географиялық артықшылықтарын қызметке жегу арқылы Орта Азия елдерінің

энергетика нарығын ашып, атылмыш елдермен ұзақ-мерзімді ынтымақтастық пен коммуникация орнату қажет. Бұл арқылы Қытай тек құрлықтық державадан "құрлық-теңіз" державасына айналмақ. Осы ретте, Қытайдың ұсынысымен жүзеге асырылған "Бір белдеу, Бір жол" халықаралық бастамасы және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының өзара ынтымақтастығын ынталандыру арқылы Қытай өзінің тек Еуразия құрлығындағы саяси ықпалын ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар Қытайдың экономикалық және энергетикалық мүдделерін қорғауға қол жеткізе алмақ. Тұтастай алғанда, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдер "Бір белдеу, Бір жол" бастамасына қатысушы елдердің үштен бір бөлігін құрайтындықтан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберінде атқарылатын жұмыстар мен жобалардың сәттілігі жалпы "Бір белдеу, Бір жол" бастамасының жетістігіне қомақты үлес қосатын болады.

Соңғы онжылдықта, Қытай экономикасының қарқынды дамуы ғаламдық экономикалық өсімінің жоғарылауына мол әсері болды. 2015 жылы тұтас экспорты жалпы құны $2.28 триллионды құраған өндірісі қуатты Қытай ағымдағы ғасырдағы ең ірі экспортер мемлекетке айналды. Сәйкесінше, негізінен шикізат экспорттайтын Қазақстан және өзге Орта Азия елдері оның орнына Қытайдан дайын өнімдер мен қызмет түрлерін импорттап келеді. 2017 жылы Қытай Қазақстанның екінші ірі сауда серіктесі атанып, елімізде бүгінде Қытай капиталы бар шамамен 1200 компания қызмет етіп келеді. Сонымен қатар, Қазақстан Қытайдың теңіз портын қолдану және "Бір белдеу, Бір жол" бастамасына қосылу арқылы әлемдік нарыққа жалғанып, Ресей мен посткеңестік мемлекеттерден тыс нарықтарға шығып қана қойма, сонымен қатар аймақтағы толыққанды логистикалық хаб атану мақсатына бір табан жақындады.

Сонымен бірге Қытай үкіметі "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы аясында Қазақстан Республикасы және өзге Орта Азия мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас жасау экономикалық даму арқылы Батыс Шыңжаң аймағындағы сепаратистік іс-әрекеттердің алдын-алады деп үміттенеді. Шын мәнінде, тоқсаныншы жылдары Қытайдың Орта Азия мемлекеттеріне экономикалық және әсскери көмек беруі аталмыш түркі мемлекеттерінің Шыңжаңдағы ұйғыр бауырларына тәуелсіздік алуға ұмтылу әрекетіне тосқауыл қою мақсатымен жүзеге асырылған еді. Қытай ғалымы Тиен Уэнлин пікірінше "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы Қытайдың батыс шекарасындағы қауіпсіздік белдеуін қалыптастыру және Бейжіңнің халықаралық аренадағы ықпалын ұлғайту [110] болған.

Каспий теңізі мен Қара теңізі бағыттарын қолдану Қытайдың Шыңжаң өлкесін Еуропамен негізінен теңіз жолымен байланыстыруға мүмкіндік беріп, оның орнықты дамуына оң серпін береді. Шын мәнінде, Қытайдан Еуропаға Қауқаз арқылы құрлық жолымен тауар жөнелту Суэц және Панама каналдарының құрлықтық балама бағыты бола алады. Қазақстан тәрізді Орта Азия мемлекеттері Оңтүстік Батыс Азия дәлірек Ауғанстандағы тұрақсыздық мен аймақтық қауіпсіздік сын-қатерлеріненБейжіңді қорғап, стратегиялық

буффер аймақ рөлін атқарады. Орта Азия мемлекеттерінің Қытайдың батысымен тарихи, мәдени, діну және этно-лингвисткиалық туыстығынің Бейжің үшін стратегиялық мән-маңызы зор.

Тұтас алғанда, Қытайдың Қазақстандағы әсер-ықпалының артуын оның ұзақ-мерзімдегі аймақтық байланыс орнату стратегиясы, Орта Азияның бай энергетикалық ресурстарына деген тәбеті және ондағы инвестиция мен несиелерінің ұлғаюымен түсіндіре аламыз. Бейжің Орта Азия елдерімен негізінен экономикалық мәселелерде серіктес атанып, саяси және әскери тақырыптарды талқылау я болмаса қысым жасаудан аяқ тартып келеді. Қытай басшылары Қазақстан мен Орта Азия елдері басшылығына құрмет пен ілтипат көрсету, қомақты сауда көлемі мен тиімді несие шарттары және ішкі істеріне араласпау арқылы көңілін баурап алды. Мәселен, 2012 және 2018 жылдар арасында Қытай Халық Республикасы Президенті Си Цзиньпинь және Қазақстан Ресрубликасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 18 рет кездесіп, екіжақты байланысқа тың серпін берді. Бұл екі ел арасындағы қарым-қатынас деңгейін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар Бейжіңнің жоғары деңгейдегі үкімет және басшылар арасындағы кездесулерді қолдана отырып, өзінің экономикалық және энергетикалық мүдделерін жүзе асыру стратегиясын паш етеді. Бейжіңнің саяси әәне қаржылық қолдауымен “Бір белдеу, Бір жол”бастамасы және Шанхай Ынтымақтастық ұйымы аясында жүзеге асырылып жатқан ауқымды энергетика және инфрақұрылым жобалары көмегімен Қытай тарапы бірқанша энергетикалық келесімдерге қол жеткізіп, толағай табысқа қол жеткізді.

Дәлірек түйіндесек, экономика мен саясат қазірде бір-біріне байланысты, тәуелді. Әсіресе Қытайда еш бөліп-жаруға келмейтін ұғым. Биыл 100 жылдығын атап өтетін - 90 миллион мүшесі бар биліктегі Қытай Коммунистік Партиясы, елдің саясаты мен экономикасын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Мао Зедоң (Mao Zedong/毛泽东)1957 жылы “Қытай Коммунистік Партиясы -Қытай басшылығының жүрегі” дегенісодан.

### 2.3 Қазақстан-Қытай әріптестік қатынастарының халықаралықжәне аймақтық ұйымдарындағы негізгі мәселелері

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге көз жіберсек,бұл уақытта Америка Құрама Штаттары, Кеңес Одағы және Қытай Халық Республикасы үштігінің бірі-бірімен кейде одақтасып, кейде арасының алшақтағанын [111] байқаймыз. Иосиф Сталин дүние саларға дейін Кеңес Одағының Қытаймен достасқаны, кейін тіпті соғыс өртінің тұтану қаупі туып еді. Мао Цзедун мұрагері Дэн Сяопин болса, “үстел теннисі дипломатиясы” (ping-pong diplomacy) арқылы АҚШ пен Европа инвестициялары мен зауыттарына Қытай нарығын ашты. Дегенмен, Бейжің Вашингтонның “үмітін ақтамады”; әлемдегі жалғыз супердержава АҚШ-тың Азиядағы басымдылығын әлсіретіп, әлемге билігін жүргізбек пиғылы білініп қалды. Қытайдың инфрақұрылым және инвестициялық жобасы -“Бір белдеу, Бір жолдың” геосаяси астарының басты

мақсаты “Қытайды Еуразиялық державаға айналдыру” екенін эксперттер ашып айтты.

Еуразиялық держава деген (Хэлфорд Маккиндердің “Хартленд” концепциясы) -әлемді билеу. Мұндай жағдайда шет саналатын Солтүстік Америка адам мен табиғи ресурсы әлдеқайда көп орталық держава- Қытайға тәуелділікке түспек. АҚШ-тың басты мақсаты – Еуразияда ешбір мемлекеттің басымдылығын болдырмау. АҚШ күдіктенетін Еуразиядағы екі қуатты ел: Ресей мен Қытай. Алайда, әлем экономикасындағы рөлі ортайған, өндірісі тозудың алдындағы Ресейдің АҚШ-пен тайталасарлық қазір күші жоқ. Шарықтау шегінің өзінде, Кеңес Одағының жалпы ішкі өнімі (GDP) АҚШ-тың тек 40%-ын ғана құраған. Қытайдың орны бөлек, АҚШ-тың біздің дәуіріміздегі ең мықты бәсекелесі, қарсыласы.

Кеңес Одағының тарқау себептерін Қытайдан жақсырақ, тереңірек зерттегенел жоқ. Бар жоғы 70 жыл өмір сүрген Кеңес Одағы Қытай үшін әуелден үлгі болды және оның тағдырын қайталамауды көздейді. 2049 жылы - Қытай Халық Республикасының 100 жылдығына қарай “заманауи жан-жақты дамыған социалистік ел құру”- Қытай Коммунистік Партиясының ғасырлық мақсаты. Сарапшылар “Қытай 2029-2030 жылдары АҚШ экономикасының көлеміне жетіп, 2049 жылға қарай АҚШ-ты сырғытып, әлем билігінің тұтқасын ұстайды” дейді. Бұл- Вашингтонның ұйқысын қашыратын болжам.

Ал АҚШ-тан басып озу үшін күн өткен сайын қарқыны арта түскен Қытай экономикасына қажетті әрі шешуші маңызы бар факторлардың бірі бұл - энергетикалық қауіпсіздік. Шын мәнінде, Қытайдың экономикалық қауіпсіздігі тұрақты экономикалық өсім, энергетикалық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғауға тәуелді. 2018 жылы Қытай экономикасы $13.6 триллионды құрап (әлем Жалпы Ішкі Өнімінің 16%), тек Америка Құрама Штаттарын($20.5 триллион) ғана алға жіберді. 1952-2018 жылдар арасында орташа жылдық көрсеткіші 11% Қытайдың қосымша өндірістік құны тұрақты бағада 970 есе өсті.Тұтас мемлекеттегі энергияның 70%-ын тұтынатын Қытай экономикасының локомотиві өндіріс индустриясы әлемдегі ұялы телефонның 70%, кондиционердің 80% және жеке компьютедің 91% жасап шығарады. Сәйкесінше, Қытайдағы энергия сұранысы 1980 жылдан бастап 500% артып, 2017 жылы Қытай әлемдегі ең ірі мұнай импорттаушы елге айналды. CNPC Economics and Technology есебіне сүйенсек, Қытайдың табиғи газ тұтыну деңгейі 2018 жылы 282 миллиард куб метрге жетсе, 2040 жылға қарай 695 миллиард куб метрді құрайтын болады. Сондай-ақ, Қытай үкіметінің “Қытайда жасалған 2025” атты стратегиялық бағдарламасы индустриялық өнімділікті арттыру үшін көл-көсір сапалы энергия көздерін талап етеді. Ал қазіргі Қытай өндірісінің өнімділік деңгейіЭкономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы(Organization for Economic Cooperation and Development/ OECD) елдері деңгейінің тек 15-30% пайызына жететінін ескерсек, Қытай басшылары үшін энергетика көздерінің шешуші маңызына көз жеткізе аламыз.

Тексеріп қарасақ, АҚШ-ты басып озып бірінші экономика ғана емес, сонымен қатар ең қуатты әрі қауқарлы мемлекет атануды көздеген Қытай

өндірісі мен тұтас экономикасы үшін мұнай-газ тәрізді ресурстарға қол жеткізудің тек экономикалық және геосаяси мән-маңызы зор. Бейжің технология мен өндіріс тұрғысынан өзін-өзі қамтамасыз етуді басты мақсаттарының бірі деп жариялағандықтан оның жүзеге асуы үшін энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу міндетті.

Осы ретте, табиғи ресурсы мол және транзиттік-транспорттықпотенциалы айрықша зор Қазақстанмен стратегиялық қарым-қатынасты тереңдетудің Қытай экономикасы үшін айрықша рөлі бар екендігі сөзсіз. Ол үшін Қытай Қазақстанмен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және "Бір белдеу, Бір жол"аясында екіжаққа тиімді байланыс орнатып келгені белгілі. Түбі, экономикасы шикізат экспортына тәуелді Қазақстан үшін де нарық пен тасымалдауды әртараптандыру аса пайдалы. Ілкіде, барлық мұнай-газ құбырлары тек Кеңес Одағы одан кейін Ресей Федерациясына жалғанып, біздің мүмкіндіктеріміз шектеліп келген еді. Себебі Қазақстан үкіметі қанша тырысып бақса да Каспий теңізі мен Әзірбайжан бағытымен Еуропаға жөнелту Ресейдің мүддесіне қайшы келіп, ақыр соңы экспортымыздың дені солтүстіктегі көршіміздің Қара Теңіз порты Новороссийск арқылы жеткізіп келеміз. Қытайдың Қазақстан нарығына келіп, тек мұнай-газ өндіруде ғана емес, сондай-ақ оны тасымалдайтын құбырлар жүйесін салуы да біздің экспорттық потенциалымыздың күшеюіне орасан үлес қосты.

Қытай нарығы мен сол бағытта жаңа құбырлар жүйесінің салынуы тек экономикалық мүмкіндіктерімізді ұлғайтып қана қоймай, сонымен бірге біздің геосаяси тұрғыда мүддемізді қорғауға жәрдемдесті. Қазақстан Республикасы ресми түрде мультивекторлы саясат ұстанатындықтан біздің геосаяси мақсатымыз аймақтағы ірі державалардың арасындағы тепе-теңдікті барынша сақтау стратегиясын ұстанады. Атап айтқанда, Ресей Федерациясының тарихи тұрғыда бұл аймақта саяси, экономикалық және мәдени ықпалын ескере отырып, оның жалғыз гегемонға айналмауы үшін Қытаймен қарым-қатынасымызды тереңдетіп, тиімді дипломатия жүргізу ауадай қажет. Осы орайда, Қытай мен Қазақстан тек екіжақты серіктестік орнатып қана қоймай, аймақтық және халықаралық ұйымдарды етене жұмыс істеп келеді. Оның ішінде шоқтығы биік Шанхай Ынтымақтастық ұйымынан бөлек "Бір белдеу, Бір жол"бастамасы, Еуразия Экономикалық Одағы - Қытай платформасы және Орта Азия Аймақтық Экономикалық Ынтымақтастық бағдарламасы бар.

Әлбетте, Қазақстан Республикасының мультифивекторлы саясаты тек Ресей Федерация және Қытай Халық Республикасы арасында оңтайлы тепе-теңдік сақтауды ғана білдірмейді. Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен де тығыз серіктестік байланыс орнатып, оны Ресей мен Қытай бәсекелестігінде тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік жаратын үшінші алып күш санайды. Осы аймақтан алыс жатса да әлемдік деңгейдегі супердержава Америка Құрама Штаттары да Орта Азия мен Каспий теңізі аумағын назардан тыс қалдырмайтынын жоғарыда айттық. АҚШ-тың бұл аймақта экономикалық және геосаяси мүдделері бар. Олардың қатарында Каспий теңізі энергетикалық ресурстарына бақылау жүргізу арқылы әлемдік мұнай-газ бағасын

тұрақтандыру мен өзінің және одақтастарының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бар. Бұрынғы АҚШ Президенті Барак Обама ұсынған "Жаңа Жібек Жолы" бағдарламасы [112] Орта Азия мен Каспий теңізі табиғи ресурстарын Үндістан, Пәкістан және Ауғанстан тәрізді мұнай-газға мұқтаж серіктес елдерге бағыттау болатын. Каспий теңізі ресурстарына бақылау жүргізудің жолы осы аймақта тәуелсіз атанған мемлекеттердің егемендігін нығайту және жан-жақты қарым-қатынасты тереңдету болатын.

Соңғы жиырма жыл Орта Азия мемлекеттерін Ауғанстандағы ахуал призмасымен де қарап келген АҚШ үшін тұтас осы аймақтың геосаяси тұрғыда да маңызды екенін айта кету керек. Еуразия аймағында Америкаға қарсыластарының күшеюінен сескенетін Вашингтон Қазақстан тәрізді елдердің тәуелміз қалуы үшін мүдделі. Қазақстанның Ресей немесе Қытайдың толық тәуелділігіне түсуі АҚШ-тың супердержава дәрежесіне сын-қатер болмақ. Сондықтан екіжақты байланысты сақтау мен тереңдету тек Қазақстанның ғана мүддесіне сәйкес келеді деу жаңсақтық.

Дейтұрғанмен, АҚШ-тың географиялық тұрғыда алыстығы Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттеріндегі ықпал үшін тайталас негізінен Ресей мен Қытай арасында болады деп топшылай аламыз.

Мәскеудің Қазақстан күн тәртібінде Қытай ерекше орын алатыны белгілі. Шын мәнінде, Қазақстан мен Орта Азия турасындағы Ресей-Қытай ынтымақтастығы 2001 жылы Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы құрылғаннан бастау алады. Америка Құрама Штаттары мен оның Одақтастары дәл сол жылы Ауғанстанға басып кіргеннен кейін оқшауланудан секем алған ресми Мәскеу мен Бейжің аталмыш ұйым аясында күш біріктіріп, Қазақстан мен тұтас Орта Азия аймағында серіктестікке жол ашады. Сол мезеттен бастап Орта Азияда екеуара дуополия құрып, Қытай аймақтың экономикалық дамуына ал Ресей саяси және қауіпсіздік істеріне жауапты атанады. Күн артқан сайын экономикалық ықпалы тереңдей түскен Бейжің Мәскеудің әскери саладағы доминантты позициясына қатер төндірмеуге барын салып келеді. Қытайдың Тәжікстанда кейбір жартылай әскери базасын салуына қарамастан жалпылай алғанда бұл формула жұмыс істеп, өміршеңдігін байқатты. Сонымен бірге, бұл екі держава арасындағы тандем үшін сыртқы держава Америка Құрама Штаттарының аймақтағы әсер-ықпалын минималдандырып, оның либералды құндылықтары мен әскери-саяси позициясына тосқауыл қойды. Ресей-Қытай тандемі әсіресе 2014 жылы Қырым аннексиясынан кейін күшейіп, жаңа серпін алды. Екіжақты байланысты тереңдету және Батыс санкцияларының теріс салдарын азайту мақсатында Мәскеу мен Бейжің жаңа газ құбырын салу мени газ көлемін арттыруға келісті. Путин мен Си Цзиньпин екі ірі мемлекеттер арасындағы саудадағы доллар рөлін әлсіретіп, рубль мен юаньнің айналымын арттыруға әрекеттенді. 2018 жылы Ресей Орталық Банкінің юань қоры үш есе артып, әлемдік орташа деңгейден 15% жоғары көрсеткішке жеткен. Сонымен бірге, Ресей мен Қытай тараптары бірлесе отырып ғаламдық SWIFT банк аралық ақша аударым жүйесінің орнын алмастыра алатын балам дайындап жатқаны мәлім болды. Ресей Федерациясы жекедара әзірлеген СПФС жүйесі

шетелдік банктермен байланысуды бастап кеткені де айтылды. Қытай тарапы да дербес CIPS жүйесін дамытып, бірқатар Ресей банктерімен жұмыс істеуге кіріскен екен.

Қытай жүргізіп отырған “ірі елдер дипломатиясы” концептісі текетірестердің алдын алу, тұрақты диалог және одақтарға емес керісінше серіктестікке негізделген мемлекет пен үкімет деңгейіндегі қарым-қатынасты ұстанады. Бейжің ірі елдер арасындағы дипломатияға жекедара айрықша назар алып қана қоймай, сонымен бірге олардың басшылары дейгейінде екіжақты жән көпжақты келессөздер мен келісімдердің маңыздылыған атап көрсетеді. Бейжің мен Мәскеу арасындағы ірі елдер дипломатиясы өзара сенімділік, координация деңгейі және стратегиялық құндылығы бойынша өзгелерге үлгі болатын мысал саналады. 2013 пен 2019 жылдар арасында Ресей Федерациясы Президенті Владимир Путин мен Қытай Халық Республикасы Президенті Си Цзиньпиннің жалпы 30 рет бетпе-бет кездесуі халықаралық дипломатия тарихында аса сирек кездесетін дүние болып табылады.

Дейтұрғанмен, амбициясы жоғары және империялық өткенін ұмыта қоймаған Ресей басшылығы өзге бір державамен яғни Қытаймен барлық мәселеде оңайлықпен келісімге келеді деу жаңсақтық. Мәскеу Қазақстан мен жалпы Орта Азияда тактикалық тұрғыда ынтымақтастық қатынасын жемісті орнатқанымен,  бәселестік тудырған мәселелер де жетіп артылады. Америка Құрама Штаттары Ауғанстаннан әскерін шығарғандықтан, енді бұдан кейінгі уақытта Қытай мен Ресей арасындағы қарама-қайшылықтар арта түсіп, бәсекелестік өршуі әбден ықтимал. Егер Вашингтон бұл аймаққа деген қызығушылығын мүлдем жоғалтса онда екі державаның мүдде қақтығы орын алуы ғажайып емес. Қазірдің өзінде, Ресей басшылығындағы кейбір топтар Қытайдың пиғылынан жақсылық нышанын көрмей, оның экономикалық және арта түскен әскери қуаты себепті сенімсіздікпен қарайды.

Осы ретте, Қазақстан мен Қытай етене ынтымақтастық қарым-қатынасын орнатып,  жемісті нәтижелерге қол жеткізген Шанхай Ынтымақтастық Ұйымындағы Ресей мен Қытай бәсекелестігі де соның жарқын мысалы. Кейбір сарапшылар Мәскеудің Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүшелікті қабылдауы Бейжіңнің Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттеріндегі амбициясы мен мүдделерін жақыннан бақылау үшін ғана қабылдаған деп Ресейдің түпкі геосаяси пиғылын байқатады. Ұйымдағы Қытайдың рөлі мен әсер-ықпалы ұлғайған сайын Ресейдің аталмыш ұйымға деген сенімі азая түсіп,  ондағы көпжақты келісімдерде белсенді қатысуға құлықсыздық танытады. Түптеп келгенде, Владимир Путин басқаратын Ресей Федерациясы ықпалы жоғары Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын өзі доминантты рөл атқаратын Еуразия Экономикалық Одағы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымдарына бәсекелес ретінде қарай бастаған. Сәйкесінше, Мәскеу өзі құрған интеграциялық ұйымдардың абыройын арттыру үшін өзге Орта Азия мемлекеттері басшыларын Еуразия Экономикалық Одағына тезірек мүше болуға шақырып, экономикалық және саяси тетіктер арқылы ынталандырады. Онымен қоймай, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қызметін әлсірету

мақсатында және Қытайдың жекедара көшбасшыға айналуын болдырмау мақсатында оған бірқатар даулы ұсыныстар айтады. Оның қатарында Үндістанды ұйымға мүше болуға шақыру еді. Үндістан мен Қытай арасындағы аймақтық текетірес пен кикілжіңдерді жақсы білетін Мәскеу осылайша ұйым қызметін баяулатып, өнімділігін кеміткен-ді. Ресейдің қитұрқы пиғылын таныған Бейжің болса бұл ұсынысқа тікелей қарсы шықпай өзі де одақтасы әрі Үндістанның қас жауы Пәкістанды да мүше болуға ұсынды. Ақыр соңы бір-біріне атажау екі ірі мемлекет Үндістан мен Пәкістан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше атанып, ұйымның географиялық ауқымдылығы мен абыройын арттырғанымен қарамайшылыққа толы елдермен толығуы қабылданған келісімдердің күші мен тиімділігін әлсіретті. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдер [113].

Қазақстан мен Орта Азияны дәстүрлі ықпал аймағы санайтын ілкі Ресей императоры мен Кеңес Одағы басшыларының мирасқоры Владимир Путиннің Қытай турасында алаңдайтынындай-ақ бар. Ресей-Қытай қарым-қатынасында анық күшті тарап бұл – Си Цзиньпин бастаған бүгінгі Мәскеудің тісі батпайтын алып Қытай. Ресей – күш-қуаты ортайған шөгуге бет алған бұрнағы империя болса, Қытай қарқынды өсім үстіндегі бұрнағы держава кейпіне қайта оралған қазірде әлемдегі екінші супердержава. Және де осы екі ір ел арасындағы алшақтық ұлғая бермек. Қабырғасы сөгіліп, құрдымға кеткен Кеңес Одағы экономикасы 1989 жылы Қытай экономикасы көлемінен екі есе үлкен болса, қазірде Қытай экономикасы Ресейдікінен алты есе үлкен. Қытай өсімі жыл өткен сайын 6-7% төңірегінде болса Ресей 1.5-2% аса алмай келеді. Қытай тауарлары экспортталатын елдер тізімінде Ресей оныншы орында болса, Ресей экспортында Қытай екінші орынға орналасқан.Қытай сауда айналымы 2021 жылы қызмет көрсету саласын қоспағанда $6 триллион межені бағындырса оның 12% яғни $756 миллиард Америка Құрама Штаттарының үлесінде болған. Ал Қытай сауда айналымындағы Ресей Федерациясы үлесі бар-жоғы 2.3% ғана [114] яғни тек $140 миллиард.Қатарынан тоғыз жыл Қытай Ресейдің басты сауда серіктесіне айналып отыр. 2020 жылы Ресей Федерациясының жалпы сауда айналымы $680 миллиардты құрап, оның ішінде Қытай Халық Республикасының үлесі аттай $110 миллиардқа жеткен. Ресейден ең көп мұнай сатып алатын ел Қытай екенін ескерсек, Мәскеудің Бейжіңге тәуелділігін байқай аламыз. 2014 жылғы Қырым аннексиясынан кейін Ресейге тағылған айыптар мен санкциялардың теріс салдарынан арылу мен азайту үшін Мәскеудің Бейжіңнен тәуелділіг одан сайын артқаны мәлім.

Қалай десек те, Қытай–Қазақстан стратегиялық қарым-қатынасында Шыңжаңның айтарлықтай рөлі үлкен. Шамамен 11 миллион ұйғыр мен 1.5 миллион қазақ тұратын бұл өлке қауіпсіздік тұрғысынан Қытайдың басты уайым жейтін мәселесі. Қытай баспасөзі бұл сепаратистік қозғалысты діни ағымдармен байланыстырып, діни фактордың әсер-ықпалына назар аударады. Шын мәнінде, бұл зайырлы және пантүркілік қозғалыс екендігі бұрыннан аян дүние. Осы факторді ескеретін болсақ, ресми Бейжің Қазақстанда жәні Орта Азияның өзге түркі мемлекеттерінде Түркияның емес керісінше Ресейдің

әскери мысы басым болып қалғанын қарайды. Сондықтан, түбі түркі әрі НАТО мүшесі Түркияның аймақтық держава ретінде Орта Азиядағы ықпалының артуына қарсы Қытай жалпы экономикалық әлеуеті ортая бастаған Ресейден қысқа мерзімде зарар мен қауіп көрмейді.

Бәрін айтпай-ақ бірін айтсақ, Қытай мен Ресейдің осы ұйым аясындағы бәсекелестігі мен біріне-бірі деген сенімсіздігі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының ықпалын кеміткенімен бұл осы аймақта пайда болған ең қызық көпжақты платформа болып қала бермек. Қазақстан мен Қытайдың осы ұйым аясындағы қарым-қатынасы жалпы Ресей-Қытай өзара байланысының ахуалына да тәуелді болғанына қарамастан бүгінге дейін Нұрсұлтан (Астана) мен Бейжің өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізіп, жемісті қызмет етіп келеді.

Тұтастай алғанда, Қытай билігі Ресеймен салыстырғанда Батыс елдері Екінші Жаһан Соғысынан кейін қалыптастырған әлемдік тәртіп пен халықаралық институттардың қызметіне қарсы емес. Алайда заман зымырап өтіп, бүгінгі әлем жаңа кейіп алып, жаңа кезеңге енгендіктен ресми Бейжіңнің пайымынша ескі тәртіп мультиполярлы ғаламның сұраныстарына жауап бермейтініне меңзейді. Дені дамыған елдерде орналасып, талай бюрократия шырмауындағы әлгі ұйымдар дамушы елдердің инфрақұрылымды дамыту тәрізді қажеттіліктерін назардан тыс қалдырып, заман талабына жауап бермейді деп ашық мәлімдейді Қытай билігі. Осы олқылықтарды жою және ғалам экономикаы мен дамуына жаңа серпін беру үшін Қытай Халық Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы мен Азия Инфрақұрылым Инвестиция Банкі (Asia Infrastructure Investment Bank/AIIB) тәрізді көпжақты жаһандық институттардың негізін салған Қытай Халықаралық Монетарлық Қор (International Monetary Fund/IMF) және Жаһан Банкі (World Bank) тәрізді ескінің көзі әлемдік ұйымдардың реформалаудың қажеттігін назар аударып келеді.

Осылайша, әлемдік қауымдастыққа интеграцияланған Қытай экономикасы оның барлық берер артықшылығынан пайдаланып отыр. 2001 жылы Дүниежүзілік Сауда Ұйымына(World Trade Organization/WTO) мүше атанған Қытай аталмыш ұйымды өзінің экспорттық потенциалын арттыру үшін тиімді қызметке жегіп келеді. Ұйымның шарттары мен талаптарын орындап қана қоймай, керегінше өз мүддесіне қайшы келетіндеріне наразылығын білдіріп, әлемдік мінберден өз мүддесін қорғап келеді. Ұзақ жылдар бойы Коммунистік ел және жоспарлы экономиканы ұстанған ел ретінде оқшаулану саясатын жөн көрген Қытай 1980 жылдардағы Дэн Сяопин бастаған рефоормалардан кейін әлеммен біте қайнасып, өзіне қажетін алып келеді.

Осыдан 40 жыл бұрын әлемдегі ең кедей елдердің қатарында болған Қытайды қазірдің өзінде Жаһан Банкі (World Bank) табысы ортадан-жоғары (upper-middle income) елдердің қатарына қосуда. Экономикалық күш-қуатын, экспорттық әлеуетін ескере отырып, Аустралия тәрізді мемлекеттер Дүниежүзілік сауда ұйымынан (WTO) Қытайды дамыған елдер тізіміне қосуды талап етті. Ресми Бейжің әлемдік саудада дамушы ел статусынан молырақ пайда түсетіндіктен, әлі де “дамушылар” қатарынан “шыққысы келмейді”. Осы

ретте, Қытай жарты ғасыр ішіндегі орасан трансформациясы Қазақстан тәрізді дамушы елдер үшін де санаға қозғау салатын,  жөн сілтейтін даму моделі. Біз тәрізді жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысқан ресми Бейжің әу бастан Батыс реформаторлары мене кеңесшілері нұсқаушылары айтқан ақылды өз таразысынан өткізіп, Қытай мемлекетіне,  мәдениетіне және санасына үйлесетін және оның мүддесін ұзақ-мерзімде қорғайтынын арасынан таңдап алып,  жерсіндіріп отырған. Әлі күнге дейін Қытай үкіметі ел мүддесін жоғары қойып, тарихты жан-жақты зерттеп, Батыс мемлекеттерін төрге шығарған экономикалық саясат тәжірибелерін Қытайға бейімдеп, көсегесі көгеріп отыр.

Әлбетте, Қытайдың жетістік тәжірибесі мен табыс сырлары бұрын соңды ешбір елде кездеспеген,  байқалмаған деп айту жаңсақтық. Қытай көршісі және Азиядан алғашқы болып дамыған индустриялды лдер қатарына қосылған Жапонияның сара жолы да Бейжіңге серпін бергені сөзсіз.  Одан кейінгі Оңтүстік Корея мен Сингапур да ғаламдық қауымдастыққа тығыз интгерация жасай отырып, оның институционалды тетіктерін ел экономикасын күшейтуге жұмылдырғаны баршаға мәлім. Жапония салған сара жолмен жүріп өткен ресурсқа кенде Оңтүстік Кореяның жарты ғасырға жетпей адам басына шаққандағы Жалпы Ішкі Өнімі бүгінгі таңда $27,000 жетуі де іргедегі Қытайға даму моделі ретінде пайдалы болғаны анық. Түптеп келгенде,  Жапония, Оңтүстік Корея,  Сингапур және бүгінде Қытайдың қарқынды дамып, толағай табыстарға жетуі Қазақстан тәрізді Азия мемлекеттерін де рухтандырып, дамышу елдер қатарына қосылу әбден мүмкін және оған көп еңбек, білім, ғылым,  технология және мемлекет пен бизнестің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруы арқылы жетуге болатынын дәйектеп келеді.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Қытай Халық Республикасымен екіжақты және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және өзге де көпжақты платформалар арқылы қарым-қатынасты тереңдетіп, серіктестік байланысын кеңейтуді жалғастырғаны құба-бұп іс. “Bridgewater”хедж-фондының негізін қалаушы Рэй Далио “тарихта голланд, британ және америка империялары тәрізді Қытай да  алдағы уақытта ең маңызды қаржылық орталық ретінде Нью-Йорк, Лондонмен иық тіресетінін болжау қиын емес” дейді. Болжам шындыққа айналса, ол- ғасырлық жетістікке жатпақ. 2020 жыл елге тұтас 1 триллион юань инвестиция тартылып, Қытай қаржы нарығындағы айрықша кезеңге бағаланды.  Қорында $3.1 триллион бар Қытайдың қаржылық әлеуетін юань-ның Орталық Банктердің резервтері қатарынан көрініп, “Бір жол, Бір белдеу”(BRI/一带一路) елдерінде қолданысқа енуі паш етсе керек. Ал мұндай іргедегі қуатты елдің өсімі біздің де қарыштап дамуымызға септігін тигізетіні сөзсіз. Ол үшін біз тек Қытайдың шикізат жеткізушісі ғана емес, құны жоғары тауар өндіру үшін оның технологиясына қол жеткізіп, оны өндірісіміздің дамуына жұмылдырғанымыз жөн.

Дейтұрғанмен,  Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас тек оңды нәтиже беріп, ешқандай алаңдаушылыққа себеп жоқ деуден аулақ болғанымыз жөн. Қытайдың халқы, экономикасының көлемі мен әлеуеті Қазақстаннан

әлдеқайдан басым түсетінін ескерсек, екі жақты қарым-қатынаста ескеретін мәселелер мен дүниелердің көптігіне көзіміз жетеді. Сондай-ақ, Қытай Халық Республикасы бір партиялық яғни Коммунистік Партия өкімі жүретін, коммунистік идеология мен ханзу ұлтшылдығына негізделген, әлемдік деңгейдегі амбициясы жоғары мемлекет екендігін назардан тыс қалдырмаған абзал іс. Екі ел арасында территориялық даудың барлыңы оң шешімін тауып, халықтар арасында досшыл қатынас орнағанымен Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қайта тәрбиелеу лагерьлерінде этникалық қазақ ұлты өкілдерінің болуы Қазақстанда алаңдаушылық тудырғаны сөзсіз. Тұтас Қытайда 1.5 миллион қазақ тұратынын ескерсек, қандастарымыздың мәселесі күн тәртібінен қалмайтыны белгілі. Сәтімізге орай, Қазақстанның Сыртқы Істер Министрлігі ресми мәлімет беруден аяқ тартқанымен іс жүзінде екі тарап мұндай оқиғалар мен жағдайларды анықтап, этникалық қазақтарды босату мәселесінде келіссөздер жүргізіп келе жатқаны қуантады. Жалпы, Қытай үшін де қайта тәрбиелеу лагерьлері аса жағымсыз және күрделі мәселелердің бірі екендігін және ол тақырыпты қозғау ресми деңгейде Қытай билігі тарапынан оның ішкі істеріне араласу деп қабылдайтыны түсінікті. Шыңжаң ұйғырлары мен қазақтарының мәселесі бойынша Қытай Халық Республикасы Америка Құрама Штаттары мен Еуропа Одағының санкцияларына ұшырағаны мәселенің сезімталдығы мен күрделілігінен құлағдар етсек керек.

Бұдан бөлек, екі ел арасындағы қарым-қатынаста Қытай мемлекеттік компанияларының мүддесі мен ықпалын және оның Қытай үкіметі әрі Қытай Коммунистік Партиясымен байланысы да ескеріледі. Қазақстандағы мұнай-газ кеніштері кейбірінің ресми иесі CNPC, Sinopecжәне CNOOC тәрізді Қытай компанияларыболғанымен олар мемлекеттік компаниялар саналып, сондай-ақ “Бір белдеу, Бір жол” бағдарламасы аясында қызмет ететін компаниялардың дені де мемлекеттік компаниялар болғандықтан олар Қытай Коммунистік Партиясы тарапынан тікелей басқарылатынын қаперде ұстаған пайдалы. Мәселен, Қытай экономикасының жартысына жуығы мемлекеттік компанияларға тиесілі. Шамамен 100 шақты мемлекеттік корпорация Қытайдың стратегиялық өндірістеріне билігін жүргізеді. Олардың басшылары - Коммунистік партия мүшесі, кеңселерінде Партия бөлімшелері бар. Соңғы жылдары Партия жеке бизнеске де қадағалауды күшейтті:15 миллион жеке бизнестің 73%-да Коммунистік партия бөлімшелері ашылған. Бизнеске дербес шешім қабылдауға мүмкіндік бере тұра, барлығы Партия белгілеген бағыттан ауытқымауы шарт. Жақында бір жиында Партияның қаржы нарығындағы саясатын сынаған миллиардер (Қытайда ғана емес, әлем бойынша ықпалды тұлға)- Джек Ма-ның сөзі Бейжіңнің жауабын көп күттірген жоқ: бірнеше рет Бейжіңге шақырылып, Алибаба компаниясына Қытай үкіметінің тексерісі күшейіп, Джек мырза қоғам назарынан шеттетілді. Есебі, Қытай нарығында істейтін ірі шетелдік компаниялар жергілікті Қытай серіктесімен бірігіп, партия талабын орындап қана қызмет ете алады.

Есебі, Қытай үкіметі деген ұғымның да кең екені және оның ішінде де бәсекелестердің мүдде қақтығысы орын алатыны мәлім. Жалпылай алғанда,

Қытайдың Мемлекеттік Кеңесі (State Council/国务院) Қытайдың Орта Азия саясатына басты жауапты орган саналады. Коммунистік Партияның Орталық комитетінің Халықаралық Бөлімі мен Политбюроның Шетел байланысы [115] тобы да Қазақстан мен өзге Орта Азия мемлекеттерін деген Қытай саясатын қалыптастыруда орасан рөл атқарады. Қытайдың Сыртқы Істер Министрі Орта Азия республикаларымен ресми қарым-қатынас орнатуға міндеттелген. Алайда, Қытайдың Сауда Министрі экономикалық және жәрдем мәселелерінде маңыздырақ әрі ықпалдырақ тарап екенін ескерген жөн. Қаржы Министрлігі, мемлекет меншігіндегі Қытай Даму Банкі, Қытай Экспорт-Импорт Банкі және Қытай Инвестиция Корпорациясы да экономикалық қарым-қатынаста айтарлықтай үлкен ықпалы бар. Қытай Халық Азат ету Армиясы және Қоғамдық Қауірсіздік Бөлімі де әсіресе Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында өтетін контртеррористік ынтымақтастықта шешуші рөл атқарады.

Сондықтан Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас тек Президенттер байланысына ғана емес, олардың шешім қабылдауына ықпалы ететін бірқатар факторларға тәуелді. Қытай үкіметінің ішінде әрқилы мүддені көздейтін топтар, Қытай мемлекеттік компаниялары мен Қытай Коммунистік Партиясының байланысының динамика және Шыңжаңдағы жалпы саяси-экономикалық және қауіпсіздік ахуалы екі елдің қатынасын анықтайтын факторлар санатында. Сәтімізге орай, екі ел арасындағы түйткілді мәселелер екіжақты және көпжақты платформаларда өз шешімін табатын болады және оған жеткілікті саяси-экономикалық қызығушылық пен тетіктер бар.

Түйіндеп айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы экономика, саясат және кауіпсіздік салаларында ортақ мүдделері аз емес. Екі ел экономикасы бір-бірінің қажетін өтеп, кем-кетігін толтырады. Қазақстан экспортының негізгі құрылымы Қытай өндірісіне аса қажетті мұнай-газ және минералдардан құралады. Астық пен ауылшаруашылық саласында да еліміздің потенциалы үлкен. Қазақстан енді тек шикізат экспорттаушы ғана емес, Қытай технологияларын қолдана отырып, өзге құндылығы жоғары заттарды шығаруға да мүмкіндік алып отыр. Қазақстанның географиялық орналасуы мен транспорттық-логистикалық потенциалы Қытайды Еуропа нарығымен құрлық арқылы байланыстырып, Еуразия құрлығының біртұтастығын қаматамасыз етіп, ондағы елдердің экономикалық дамуына үлес қосып жатыр. Қазақстанның көл-көсір мүмкіндіктерін жете таныған Қытай стратегтері "Бір белдеу, Бір жол" бастамасында оны аймақтағы басты орынға шығарды.

Анығы, Қытай үкіметі мен инвесторлары "Бір белдеу, Бір жол" бастамасын қарқынды өсім үстіндегі экономикасына ауадай қажетті энергетика көздеріне кедергісіз қол жеткізу үшін тиімді пайдаланып отыр. Нәтижеде, екі елдің арасындағы стратегиялық серіктестікті күшейіп, екі мемлекеттің мүддесіне пайдалы жобалар саны арта түсті. Үкімете деңгейінде бекітілген жобалар және Қытай тарапының қаржылық әрі технологиялық қолдауы ірі экономикалық мақсаттардың жүзеге асуына жағдай туғызып келеді. Энергетикалық және экономикалық мақсаттары мен мүддесіне қол жеткізген Қытай аймақтағы

геосаяси күш-қуатын мен ықпалын да ұлғайтты. АҚШ-тың Ауғанстаннан кетуі және Ресей экономикасының тұралауы жағдайында алдағы онжылдықта Қытай Халық Республикасы Орта Азияда ықпалы зор басты геосаяси державаға айналуы әбден мүмкін. Қытай экономикасы 2030 жылға қарай әлемдегі ең ірі экономика болатынын ескерсек, Орта Азияда тектоникалық өзгерістер күтіп тұрғанына көз жеткізе аламыз. Бұрнада Қытай аймақта тек экономикалық мүдделерін көздеп келсе қазірдің өзінде саяси және әскери амбициясын байқатып келеді. Тәжікстанда салынып жатқан Қытай әскери базасы соның айғағы.

Осы ретте Қазақстан тарапы Қытай басшылығымен өзара тиімді қатынас пен серіктестікке негізделген екіжақты және көпжақты байланыстар орнатып, аймақтағы экономикалық және геосаяси өзгерістердің ауанын танып отыр. Қарым-қатынастың тереңдеуі мен серіктестіктің одан сайын күшеюіне барлық алғышарттар жасалып, тек үкімет деңгейінде ғана емес, халықтар арасындағы ауыс-түйіс пен байланыс та артып келеді. Жыл сайын мыңдаған Қазақстан студенттерінің “Бір белдеу, Бір жол” және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында және үкіметаралық келісімдер шеңберінде бөлінген шәкіртақылар арқылы Қытай университеттерінде білім алуы осы тиімді серіктестіктің жарқыны көрінісі екені айғақ.

# 3 ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ӘРІПТЕСТІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

## 3.1 Қазақстан мен Қытайдың өзара әріптестік қатынастары дамуының қазіргі саяси-құқықтық негіздері мен бағыттары

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық байланыстар орнағанына 30 жыл толып отыр. Тарихи тұрғыдан алғанда ширек ғасырдан біраз асатын бұл кезең айтарлықтай ұзақ уақыт болмаса да осы мерзім аралығында екі ел арасында жоғары деңгейдегі өзара тығыз байланыстар дәстүрлі түрде сақталып, өзара саяси сенімге қол жеткізіліп, прагматикалық ынтымақтастық жүзеге асып, өзара байланыстардың заманауи салалары дамып келеді. Екі ел арасында орнаған сан-салалы ынтымақтастықты тату көршілік, достық, серіктестікбайланыстардың жарқын үлгісі ретінде бағалауға болады.Саяси салада орнаған байланыстардың мықты негізі екіжақты ынтымақтастықтың басқа салаларының қарқынды дамуына септігін тигізді.

Тәуелсіздігін жариялаған жас Қазақстанның алдында сыртқы саяси қайраткерлігінде басымдықтарды белгілеп, сыртқы саясатының қағидаттарын бекіту қажеттігі туған тұста шығыстағы көршімізбен жақсы байланыстарды орнатып, дамыту алғашқы халықаралық міндеттердің біріне айналды. Себебі Қытаймен қарым-қатынас тарихи шартталған, объективті негізделген басымдықтар қатарына кіреді. Қазақстан мен Қытай арасындағы тату көршілік байланыстардың жоғары деңгейін жоғары дәрежелі өзара сапарлар мен екіжақты байланыстардың бекем қаланған шарттық-құқықтық негізі айқындайды. Екі елдің түрлі салалардағы ынтымақтастығының даму деңгейін айқындайтын да оның саяси-құқықтық негізі болып табылады.

Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси бағытын айқындаушы құрал ретінде ең алдымен тарихи факторды атауға болады. Өзінің жаңа заманғы тарихында түрлі қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген Қытайдың сыртқы саясаты түрлі ішкі және сыртқы факторлар әсерімен трансформацияға ұшыраған болатын. Бүгінгі таңда «бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» Қытайдың шет мемлекеттермен дипломатиялық байланыстарды орнатуда қойылатын басты шарттар ретінде талап етілетін сыртқы саяси қағидаттары болып табылады. Олар Қытайдың конституциясының преамбуласында айтылған: «Қытай тәуелсіз және дербес сыртқы саясатты дәйекті түрде жүргізіп, егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру сияқты бес принципті берік ұстанады. Бейбіт даму жолын, өзара тиімділік пен ортақ жеңіске бағытталған ашықтық стратегиясын қолдайды, басқа елдермен дипломатиялық байланыстарды, экономикалық және мәдени алмасуды дамытады, тағдыры ортақ адамзат қауымдастығын құруға ықпал етеді;империализмге, гегемонизмге және отаршылдыққа табанды түрде қарсы тұрады; әлемнің әртүрлі елдерінің халықтарымен ынтымақты нығайтады;езілген халықтар мен дамушы елдердің ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу және оны сақтау, ұлттық экономиканы дамыту жолындағы әділетті

күресін қолдайды, бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтауға және адамзаттың прогресіне ықпал етуге күш салады» [116].

Қытаймен дипломатиялық байланыстар орнататын мемлекетке қойылатын тағы бір талап – ол Тайвань мәселесі. Дәлірек айтсақ, Тайваньды Қытай Халық Республикасының аумағы ретінде мойындау талабы қойылады. Бұл жөнінде 1992 жылдың 3 қаңтарында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық байланыстар орнату туралы бірлескен коммюникеде «Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасының Үкіметін Қытайдың жалғыз заңды үкіметі екенін, Тайвань Қытай аумағының ажырамас бөлігі екенін мойындайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Тайваньмен қандай да бір формада болмасын ресми байланыстарды орнатпайтынын растайды» делінген [117].

Қазақстан-Қытай байланыстарының негізін қалаған осы саяси құжаттан басталған өзара ынтамақтастық қарқынды даму жолымен жүре отырып, елдердің бір-біріне деген мықты саяси сенімін қалыптастырды. Екіжақты байланыстардың ширек ғасырлық уақытта қаланған шарттық-құқықтық негізі өзара ынтымақтастықтың дамуында түрлі салаларды ашып берді. Олардың ішінде саяси, әскери, қауіпсіздік, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларды атауға болады.

Екі ел арасындағы саяси саладағы байланыстардың шарттық-құқықтық негізін құрайтын құжаттардың маңыздыларының қатарында мыналарды атауға болады:

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық байланыстар орнату туралы бірлескен коммюнике (1992 ж.)
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы бірлескен мәлімдемелер, коммюникелер (мемлекет басшыларының өзара ресми сапарлары кезінде қол қойылған құжаттар);
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт (2002);

Дипломатиялық байланыстар орнағалы бері екіжақты байланыстардың өзара сенім мен өзара тиімділік негізінде әрі қарай дамуына ықпал еткен маңызды факторлардың қатарында еліміз тәуелсіздік алған соң көп ұзамай жасағанстратегиялық саяси қадамы, ол ядролық қарудан бас тарту болды.

Саяси байланыстардың тиісті деңгейде дамуы ынтымақтастықтың басқа салалар мен бағыттарда алға басуын қамтамасыз ететін бірден-бір фактор болып табылады. Өйткені мемлекет басшыларының саяси салада уағдаластыққа келуі елдер арасында өзара сенімдіарттырып, достықты нығайтып, өзара түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ресми байланыстар орнағаннан бастап Қазақстан мен Қытай басшыларының өзара жасаған сапарлар легі толастаған емес, әр сапар сайын байланыстар дамуы жаңаша сипат алып, сапалық тұрғыда жоғары деңгейге көтеріліп отырды. Айталық, Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың 1993 жылдың қазан айындағы Қытайға ресми сапары нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы байланыстардың достық негіздері туралы бірлескен декларация

қабылданған болатын. Аталмыш құжатта  Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес, сондай-ақ Қытай сыртқы саясатының негізгі қағидаттары саналатын «бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» негізінде өзара байланыстар дамуы айтылған. «Қазақстан мен Қытай тату көрші елдер болып табылады. Тату көршілік пен достық рухындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамыту екі ел халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап береді, Азиядағы және бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді». Тараптар ғылым мен техника, сауда-экономикалық, білім беру, спорт, туризм, қоршаған ортаны қорғау салаларында өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамытуға дайын екендігі туралы мәлімдеген болатын  [118].

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың берік саяси-құқықтық негізін қалауда еліміздің тәуелсіздік ала салысымен ядролық қарудан бас тартуын және Қытайдың ядролық мемлекет ретіндегі Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктерін беруі маңызды қадамдар болып табылады. Елбасы Н. Назарбаевтың әуел бастан-ақ ядролық қарусыз мемлекет құруға деген ұмтылысы Қазақстанның әлемде тыныштық пен тұрақтылықты қалайтын бейбітсүйгіш көпвекторлы сыртқы саясатын айқындап берді. «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында Н. Назарбаев еліміздің ядролық қарудан бас тартудың, еліміздің ядролық қарудан бос аймақ ретінде жариялануының маңызын айрықша атап өтіп: «Қауіпсіз дүние дегеніміздің өзі әрқилы экономикалық, саяси, дәстүрлік, мәдени сипаттамалары жағынан алуан бояулы шытыра айнаны көзге елестеді. Ондай дүниенің әралуандығы мен біртұтастығын ядролық қарумен үркітіп тежеу арқылы емес, әрқилы бөліктерінің өзара ықпалдастығын мейлінше кеңейте түсу арқылы ғана нығайта аламыз. Сондықтан да барлық мемлекеттер, саны мен сапасына қарамастан, қауіпсіздікті нығайту мен дамытуға қал-қадырынша өз үлестерін қосулары қажет» [119].

Қытай тарапы Қазақстанның осы маңызды саяси қадамын жоғары бағалап, ядролық мемлекет ретінде елімізге қауіпсіздік кепілдігін берді. 2002 жылы 23 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың 5-бабында: «Қытайлық Уағдаласушы Тарап Қазақстан Республикасының ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын жоғары бағалайды және Қытайдың ешқашан және қандай да бір жағдайда болсын ядролық қаруды бірінші қолданбайтынын, ядролық қаруды қолдануға немесе оны ядролық қаруы жоқ мемлекеттерге немесе ядролық қарусыз аймақтарға қарсы қолданатындығы мен қатер төндіруге бармайтынын растайды және басқа да ядролық қаруы бар мемлекеттерді осындай ұстанымда болуға шақырады.Қазақстандық Уағдаласушы Тарап Қытайлық Уағдаласушы Тараптың жоғарыда баяндалған ұстанымын жоғары бағалайды әрі онымен бөліседі, ҚХР Үкіметінің 1995 жылдың ақпанында жарияланған, Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы мәлімдемесінің тарихи маңыздылығын атап көрсетеді және ғаламдық, сондай-ақ аймақтық тұрлаулылық пен қауіпсіздікті үздіксіз нығайту мүддесі

жолында Қытайлық Уағдаласушы Тараппен өзара іс-әрекеттесуге өзінің дайын екендігін растайды» делінген [120]. Осылайша, дамудың басты кепілі қауіпсіздік пен тұрақтылық екенін ескерсек, тараптардың қауіпсіздікке баса назар аударып, осы салада уағдаластыққа келуі екі ел арасындағы басқа да салалардағы ынтымақтастықтың дамуына жол ашты.

Қазақстанның мемлекеттік, ұлттық қауіпсіздікті сақтау, әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау қағидаты, сондай-ақ ядролық қаруға қатысты ұстанымы өзгермек емес. Оны Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы растайды. Бұл тұжырымдамаданың х*алықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы басымдықтар қатарында «*стратегиялық тұрақтылықты күшейтуге жәрдемдесу, ядролық қаруды кез келген мақсатта қолдануға және оны қолдану бойынша сес көрсетуге қарсы әрекет жасау; ядролық қару және жаппай қырып-жою қаруының (ЖҚҚ) басқа да түрлерінен азат әлемге қол жеткізуге күш салуды жалғастыру; ядролық қарудан таза аймақтар құруды қолдау» деген ұстанымдар көрсетілген. Ал шығыстағы көршіміз Қытай елімен сан-саладағы байланыстарды дамытуға деген мүдделілік еліміздің көпвекторлы сыртқы саясатын айқындайтын нормативті-құқықты құжаттарда әрдайым басымдық ретінде қарастырылады. Осы соңғы қабылданған сыртқы саяси құжатта да, дәлірек айтсақ,оның «*Өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтар» пунктінде былай делінген: «*Ресей Федерациясымен одақтастық қатынастарды, Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық әріптестікті, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық әріптестікті, Орталық Азия мемлекеттерімен стратегиялық қарым-қатынастарды, Европалық Одақпен (ЕО) және ЕО-ға мүше мемлекеттермен кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту» [121].

Қазақстан-Қытай байланыстарының саяси-құқықтық негізінің одан сайын беки түсуі Кеңес дәуірінен мұра болып қалған тарихи мәселе – мемлекеттік шекарасын бекіту болды. Мемлекеттің аумақтық тұтастығының бірден-бір айшықты белгісі болып табылатын бұл мәселе де елдің ұлттық қауіпсіздігімен, аймақтың саяси тұрақтылығымен тікелей байланысты болды. Кез-келген тәуелсіз мемлекет үшін нақты анықталып-белгіленген және халықаралық мойындалған шекараның болуы болашақта аумақтық даулардың пайда болуының қандай да болмасын алғышарттарынболдырмауға мүмкіндік беретін ел қауіпсіздігінің тұғыры болып табылады. Тараптар арасында жүргізілген көпдүркін келіссөздердің нәтижесінде шекараны анықтау, белгілеу, бекіту бойынша қыруар жұмыстар атқарылып, төмендегідей келісімдерге қол қойылды:

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісім (1994 жылғы 26 сәуір);
- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша келісім(1997 жылғы 24 қыркүйек);

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша Келісім (1998 жылғы 4 шілде);

- Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім (1999 жылғы 5 мамыр);

- Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім(1999 жылғы 25 тамыз);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттама (2002 жылғы 10 мамыр).

Сөйтіп, қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы мәселесінің шешілуі де өзара байланыстардың қарқын алуының маңызды факторларының біріне айналды.

Қытайдың бүгінгі таңдағы сыртқы саясаты негізін Қытай Коммунистік партиясының Жарғысына партияның XIX съезінен кейін кіргізілген Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің ұсынған идеялары құрайды: «Қытай коммунистік партиясы тәуелсіз және дербес бейбіт сыртқы саясатты, бейбіт даму жолын, өзара тиімділік пен жеңіске бағытталған ашықтық стратегиясын берік ұстанады. Жалпы ішкі және халықаралық жағдайды ескере отырып, сыртқы әлеммен қарым-қатынасты белсенді дамытады және біздің реформаларымыз, ашықтығымыз және жаңаруымыз үшін қолайлы халықаралық жағдай жасау үшін барлығын жасауға тырысады. Халықаралық істерде әділеттілік пен тиімділікті дұрыс түсінуді ұстана отырып, елдің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтайды, гегемонизм мен билік саясатына қарсы күреседі, дүниежүзіндегі бейбітшілікті қорғайды, адамзаттың прогресіне ықпал етеді, адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығын құруды және тұрақты бейбітшілік пен ортақ гүлдену бар жер бетінде үйлесімді бейбітшілікті құруды ынталандырады. Егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тең құқылық пен өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру – бес қағидат негізінде біздің әлемнің барлық елдерімен мемлекеттік қарым-қатынасымызды дамытуды қамтамасыз етеді. Ол көршілес елдермен тату көршілік және достық қарым-қатынастарды үздіксіз кеңейтуді, дамушы елдермен бірігу мен ынтымақтастықты нығайтуды қамтамасыз етеді. Бірлескен кеңесу, бірлескен құрылыс және бөлісу қағидаттарына сәйкес, «Белдеу мен жол» бастамасын іске асыруды ынталандырады. Тәуелсіздік пен егемендік, толық теңдік, өзара сыйластық және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптеріне сәйкес шет мемлекеттердің коммунистік және басқа да саяси партияларымен қарым-қатынасын дамытады» [122].

Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестік қатынастары 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың рухында халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен

нормаларына негізделген. Олардың негізгі мазмұны: саяси сенімді нығайту, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты бірлесіп қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты тереңдету; экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру, бірлескен даму мен өркендеуге ұмтылу; гуманитарлық саладағы ынтымақтастық пен адамдар арасындағы байланыстарды кеңейту, екі ел халықтары арасындағы дәстүрлі достықты нығайту.

Қытай тарапының ресми байланыстар орнатудағы басты шарты болып табылатын Тайвань мәселесі екі ел арасындағы келісімдерден міндетті түрде көрініс табады. Бұл мәселе екі елдің стратегиялық байланыстар орнату жөніндегі құжатта да айтылған. «Қазақстан тарапы «бір Қытай» қағидатын қолдайтынын, Қытай Халық Республикасының үкіметі бүкіл Қытайды білдіретін жалғыз заңды үкімет екенін, ал Тайвань Қытай аумағының құрамдас бөлігі екенін растайды. Қазақстан тарапы «екі Қытай» немесе «бір Қытай, бір Тайвань» құру әрекеттеріне қарсы, «Тайвань тәуелсіздігіне», Тайваньның тек егемен мемлекеттер ғана мүше бола алатын халықаралық және аймақтық ұйымдарға кіруіне қарсы. Қазақстан тарапы Тайваньмен ресми қарым-қатынас орнатпайды және ресми байланыста болмайды. Қазақстан тарапы Қытайдың «Тайвань тәуелсіздігін» жақтайтын сепаратистік күштерге қарсы тұру және ауыздықтау, мемлекеттің бейбіт түрде бірігуін жүзеге асыру және Тайвань бұғазы мен Азия-Тынық мұхиты аймағында бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін түсінеді және қолдайды. Қытай тарапы қазақстандық тараптың көрсеткен ұстанымын жоғары бағалайды» [123]. Сонымен бірге екіжақты стратегиялық әріптестіктік саяси қағидаттарының қатарына осы уақытқа дейін екі ел арасында қол қойылған келісім-шарттар мен уағдаластықтарды қатаң ұстану болып табылады. «Тараптар (Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы) және екі мемлекет арасында бұрын қол қойылған барлық саяси декларацияларды жүзеге асыруға күш салады, сондай-ақ Қытай-Қазақстан стратегиялық әріптестік қатынастарын үнемі жаңа мазмұнмен толықтырады».

Қытай тарапы Қазақстан тарапының мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауға, елдің шынайы жағдайына сай таңдалған жол бойынша жылдам дамуын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін қолдауды жалғастырады [123,с. 1].

Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестік байланыстарының экономикалық қағидаттары мен бағыттарынайқындауда 2004 жылы құрылған Ынтымақтастық бойынша Қазақстан-Қытай комитеті маңызды рөл атқарады. Себебі бұл комитет екіжақты ынтымақтастықтың нақты салалары бойынша жұмыс жасайды. Осы комитеттің құрылуымен 1992 жылғы 26 ақпанда қол қойылған келісім бойынша құрылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Қытай комиссиясы өз жұмысын тоқтатып, тиісінше сол комиссияны құру туралы келісім өз күшін жойып, оның басты қызметін жаңа комитет орындауға

кіріседі. Өзара ынтымақтастық салаларының кеңейе түсуіне байланысты аталған комитет өз ішіндемамандандырылған арнайы 11 кіші комитеттен құралды. Олар:

1) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Индустрия және сауда министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Сауда министрлігі.

2) Көлік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

3) Темір жол саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы:Көлік және коммуникация министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Байланыс министрлігі.

4) Өткізу пункттері арасындағы және кеден ісі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Кедендік бақылау агенттігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Бас кеден басқармасы.

5) Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Білім және ғылым министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Ғылым және технологиялар министрлігі.

6) Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Ұлттық Банк;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Қытай Халық банкі.

7) Энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Даму және реформа жөніндегі мемлекеттік комитет.

8) Геология және жер қойнауы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Жер және табиғи ресурстар министрлігі.

9) Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Мәдениет министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Мәдениет министрлігі.

10) Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет:

Қазақстантарапының үйлестіруші органы: Сыртқы істер министрлігі;

Қытай тарапының үйлестіруші органы: Сыртқы істер министрлігі.

11) Экология саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет;

12) Трансшекаралық өзендер мәселесін шешу жөніндегі комиссия.

Соңғы көрсетілген комиссияны кіші комитеттер қатарына қосуға болады. 2001 жылғы 12 қыркүйекте екі мемлекеттің премьер-министрлері қол қойған

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» сәйкес, екі мемлекеттің трансшекаралық өзендерінің ресурстарына қатысты тиісті істерге оған дейін құрылып қойған Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясы жауапты. Бұл комиссия қол жеткізілген келісімдер туралы Қытай-Қазақстан ынтымақтастық комитетіне есеп беруге міндетті [124].

Өзара ынтымақтастықты түрлі салаларда дамыту ниетін және өзара ықыластыққағидатын тараптар стратегиялық әріптестік орнату туралы құжатта айқын көрсетті. 2005 жылғы шілде айында екі мемлекет басшысы қол қойған стратегиялық әріптестік орнату және дамыту жөнінде Бірлескен декларацияның 4-пунктінде әріптестіктің басты бағыттары айтылған: «Тараптар сауда-экономика, энергетика, көлік және қаржы салаларындағы ынтымақтастық екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды бағыты болып табылады деп келіседі. Тараптар осы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және дамыту үшін барлық қолайлы жағдайларды жасайды».

Жоғары деңгейдегі өзара сапарлар қорытындысы уақыт озған сайын жаңа сапалы мазмұнға ие болып отырды. Стратегиялық әріптестік байланыстардың мазмұнының одан әрі тереңдей түсуіне 2011 жылғы маусым айындағы Қытай төрағасы Ху Цзиньтаоның елімізге жасаған мемлекеттік сапары зор ықпал етті. Сапар қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы Бірлескен мәлімдемесі ынтымақтастықтың негізі болып табылатын саяси-экономикалық байланыстардың даму перспективасын белгілеп берді. Аталмыш құжатта тараптар бір-біріне қатысты саяси ұстанымдарын одан әрі растай түсіп: «Тараптар жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамыту туралы шешім қабылдады. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты және басқа да қолданыстағы екіжақты халықаралық шарттарды сақтауға негізделе отырып, Тараптар тату көршілік пен достық қарым-қатынастарды нығайтуға, өзара тиімді практикалық қатынастарды тереңдетуге, ынтымақтастық, ортақ даму мен өркендеу игілігі үшін үйлестіру мен өзара іс-қимылды нығайтуға ықпал ететін болады. Мұндай қарым-қатынастардың дамуы одақ емес және үшінші тарапқа қарсы бағытталмаған. Халықаралық және өңірлік жағдайдың өзгеруіне қарамастан, жан-жақты стратегиялық әріптестіктегі қытай-қазақ қатынастарын дамыту екі мемлекеттің сыртқы саясатындағы басымдық болып қала береді» деп мәлімдеді.Сонымен бірге осы уақытқа дейін қалыптасқан өзара түсіністік пен өзара сенімді одан әрі нығайту мақсатында мынадай мәлімдеме жасады: «Тараптар Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарының негізі өзара саяси сенім екенін атап өтті. Тараптар екі мемлекет басшысының арасындағы тығыз байланысты сақтай отырып, екіжақты қарым-қатынастар, маңызды халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасады, үкіметтер, заң шығарушы органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер,

кәсіпорындар мен қаржы құрылымдары арасындағы жан-жақты байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуды, екі мемлекеттің арасындағы өзара түсіністік пен өзара сенімді үздіксіз нығайтуды ынталандырады» [125].

Бүгінгі таңда Қазақстан-Қытай байланыстарының шарттық-құқықтық негізін 250-ден астам үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер мен шарттар құрайды. Стратегиялық серіктестікті әрі қарай дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы Бірлескен мәлімдемеде тараптар осы уақытқа дейінгі саяси ұстанымдарын тағы да растап, дәлірек айтсақ, Қытайдың Тайвань мәселесі бойынша Қазақстан тарапының, еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығына, өзіндік таңдаған даму жолына қатысты бір-бірін қолдайтынын айтып, саяси сенім екжақты байланыстардың негізі екенін атап көрсетті. Сауда-экономикалық байланыстарды дамытуда тараптар ынтымақтастық сапасын, сауда көлемін арттыру ниеттерін білдіре отырып, осы саладағы байланыстардың жақсы қарқынын ерекше атады. Энегетикалық саладағы ынтымақтастықтың өзара байланыстардағы маңызын атай келе, тараптар баламалы энергия көздерін, оның ішінде күн, жел және басқа да таза энергия көздерін игеру бойынша тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру ниеттерін білдірді.

Өзара байланыстардың бағыттары барған сайын мазмұны мен сапасы жағынан кеңейіп, өзара тиімділік негізінде дамып келеді. Екіжақты байланыстардың маңызды бағыттарының қатарында, сондай-ақ экономиканың шикізаттық емес саласы, инвестициялық ынтымақтастық, көлік саласындағы ынтымақтастық, ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастық, ауыл шаруашылығы, кедендік іс, мәдени-гуманитарлық, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау салалары бар.

Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестігінің орнауы мен дамуында халықаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Әлемдік қауымдастықта бір-бірінің халықаралық бастамаларына әрдайым қолдау көрсететін тараптар жаһандық, аймақтық құрылымдар аясындағы байланыстарды дамытып келеді. Бүгінгі халықаралық қауіп-қатерлердің әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылыққа тигізетін кері ықпалы мен залалы зор. Олармен күрес халықаралық қатынастар субъектілерін бірлесе күш жұмсауды талап етеді. Халықаралық қатынастар жүйесінің белсенді мүшесі ретінде аймақтың, қала берді, әлемнің саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында екі ел халықаралық ұйымдар шеңберіндегі екіжақты және көпжақты форматтағы байланыстарға айрықша мән береді:

«Тараптар халықаралық терроризм, сепаратизм, экстремизм және трансшекаралық ұйымдасқан қылмыс/қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын заңсыз тасымалдау және сату, сондай-ақ экономикалық қылмыстар және т.б./ аймақтағы және жалпы әлемдегібейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген елеулі қатер екенін атап өтеді. Тараптар екіжақты форматта, ШЫҰ, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдар

мен көпжақты форматтар аясында «үш зұлымдыққа» қарсы күресте тығыз ынтымақтастықты жалғастырады.

Тараптар әлемдік қауымдастықтың лаңкестікке қарсы күресте және басқа да жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұруда Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық рөлін қамтамасыз ету үшін бірлескен күш-жігер жұмсайтын болады.

Тараптар халықаралық ынтымақтастық екі мемлекет арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өтті. Тараптар БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа да көпжақты құрылымдар аясында үйлестіру мен ынтымақтастықты нығайтуды, маңызды халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша байланыстарды және ұстанымдарды үйлестіруді жалғастырады» [126].

Қытай тарапы Қазақстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін құру туралы ұсынысын, оның Дүниежүзілік сауда ұйымына кірудегі талпынысын қолдаған болса, Қазақстан тарапы Қытай даналығының жаһандық басқаруды жетілдіруге үлес қосқан халықаралық қатынастардың жаңа түрін және адамзат тағдыры ортақ қоғамдастық құру туралы Төраға Си Цзиньпиннің ұсынысына Қазақстан тарапы оң бағаберді. Қытай тарапы Қазақстан тарапы ұсынған «жаһандық бастама» тұжырымдамасын халықаралық саяси және экономикалық дағдарысты еңсерудің пайдалы тұғырнамасы ретінде оң бағалап, қазақстандық тарапқа халықаралық істерде неғұрлым сындарлы рөлге ие болуында қолдау көрсетті.

Қытай Коммунистік партиясының 19-шы ұлттық съезінің баяндамасында Қытайдың жаһандық серіктестікті белсенді түрде дамытып, басқа елдермен мүдделердің жақындасуын кеңейтіп, ірі елдермен үйлестіру мен ынтымақтастықты дамытып, тұрақтылық пен теңгерімді дамуды қамтамасыз ететін ірі елдер арасындағы қарым-қатынастардың негізін салып жатқанын атап көрсетті.«Көршілермен серіктестікке» негізделген сыртқы саясатты ұстана отырып көршілес елдермен байланыстарды тереңдете отырып, әділдік пен мүдденің дұрыс тұжырымдамасын, сондай-ақ дамушы елдермен бірлік пен ынтымақтастықты нығайту үшін шынайылық, достық және адалдық тұжырымдамасын қолдайды.Соңғы жылдары Қытайдың жаһандық әріптестік желісі барған сайын жетілдіріліп, ашықтық пен өзара тиімді ынтымақтастықтың ауқымы кеңейіп, тереңдей түсті.Ол қолайлы халықаралық орта мен ішкі дамуға стратегиялық қолдау жасап қана қоймай, халықаралық қауымдастыққа маңызды озық тұжырымдамалар мен қоғамдық игіліктер әкелді.Қытай ұсынған «жаңа серіктестік» концепциясы тәжірибеге негізделген инновациялық жетістік болып табылады, оның «ойдан шығарылған жауды болжамау және үшінші тарапты нысанаға алмау» сипаттары бар. Ол Қытай дипломатиясының дәйекті бірізді қағидаларын мұра етіп қана қоймай, сонымен бірге адамзат қоғамы мен халықаралық жүйенің даму үрдісі мен жалпы мақсатына сәйкес келеді [127].

Дипломатиялық байланыстар орнағалы бері дамып келе жатқан өзара ынтымақтастықтың берік саяси тұғыры қалыптасып, өзара сенімге негізделген

стратегиялық әріптестік те мемлекет басшыларының өзара сапарлары нәтижесінде сапалы мазмұнға ие болып, одан әрі кеңейіп келеді. 2019 жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары нәтижесінде қол қойылған екі ел басшысының Бірлескен мәлімдемесінде бұған дейін әрдайым басшылыққа алынатын саяси қағидаттарды ұстана отырып, практикалық ынтымақтастықтың қазақ-қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігі дамуының қозғаушы күші екені айтылған.Тараптар Қытайдың жаңа даму тұжырымдамасы мен «екі ғасырлық мақсат» және Қазақстанның төртінші өнеркәсіптік революциясы жағдайындағы даму тұжырымдамасының Қытай мен Қазақстанның сәйкес дамуы үшін маңызды бағдарлаушы мәнге ие екенін және өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдету арқылы екі ел арасындағы ортақ дамуға қол жеткізуге дайын екенін атап өтті.

«Жаңашыл, үйлестірілген, жасыл, ашық және ортақ» жаңа даму тұжырымдамасы Си Цзиньпиннің жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелігі бар социализм туралы ойының маңызды бөлігі, жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социализмді қолдау және дамытудың негізгі стратегиясы болып табылады. Ол дәуір, саяси ұстаным, құндылық бағдары, даму моделі, даму жолы және басқа да негізгі саяси мәселелерді қамтиды [128]. 2017 жылы 18 қазанда Си Цзиньпин Қытай Коммунистік партиясының 19-шы жалпыұлттық съезінде жасаған «Орташа ауқатты қоғамды жан-жақты құрудағы шешуші жеңіс және жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социализмнің ұлы жеңісі» атты баяндамасында «екі ғасыр мақсаттары» туралы айтып, Қытай коммунистік партиясы реформалар мен ашықтықтан кейін елді социалистік жаңғыртудың стратегиялық шараларын қабылдап, үш қадамнан тұратын стратегиялық мақсатты алға қойды. Халықтың азық-түлік, киім-кешек мәселесін шешіп, жалпы алғанда орташа ауқатты өмірге қол жеткізудегі екі мақсат мерзімінен бұрын орындалды.Си Цзиньпин 2020 жылдан осы ғасырдың ортасына дейінгі уақытты екі кезеңге бөлуге болады деп ұсынды. Бірінші кезеңде, яғни 2020-2035 жылдар аралығында, жан-жақты өркендеген қоғамды құру негізінде біз социалистік жаңғыртуды түбегейлі жүзеге асыру үшін тағы он бес жыл бойы аянбай еңбек етеміз. Екінші кезеңде, яғни 2035 жылдан осы ғасырдың ортасына дейінгі аралықта модернизацияны түбегейлі жүзеге асыру негізінде біз елімізді гүлденген, қуатты, демократиялық, мәдениеті дамыған ұлы заманауи социалистік елге айналдыру үшін тағы он бес жыл бойы аянбай еңбек етеміз [128,с. 175].

Екі ел басшысы қол қойған бірлескен мәлімдемеде «Бір белдеу, бір жол» ынтымақтастығын бірлесіп салуда қол жеткізілген жемісті нәтижелердің екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу үшін маңызы зор екенін атап өтті.Тараптар Қытайдың «Жібек жолының экономикалық белдеуі» құрылысы мен Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты арасындағы ынтымақтастықтың зор маңызы бар екенін атап өтті.Екі жақ «Жібек жолының экономикалық белдеуі» құрылысы мен «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының байланысына қатысты ынтымақтастық жоспары

бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюды құптайтынын айтты. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай халықаралық қауымдастықтың бірлескен күш-жігері ғана жаңа қауіптер мен сын-қатерлермен тиімді күресуге болатынына келісті. Екі ел аймақтағы және әлемдегі бейбітшілікті, тұрақтылықты, өркендеу мен дамуды бірлесіп алға бастыру үшін халықаралық және аймақтық істерде неғұрлым тығыз және тиімді үйлестіруді жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдірді [129].

Қорыта келе, өзара байланыстардың даму үдерісінде Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының берік саяси-құқықтық негізі қаланды. Екі елдің ұзақ мерзімді, жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту ниетін дәлелдеген мемлекет басшыларының 2019 жылғы бірлескен мәлімдемесі – байланыстардың саяси-құқықтық негізін аса жоғары деңгейде бекіткен құжат.

Қазақстан мен Қытай екіжақты байланыстардың түйткілді мәселелерін уақтылы конструктивті түрде шеше отырып, атап айтқанда саяси және қауіпсіздік салаларында уағдаластыққа келе отырып, байланыстардың мықты шарттық-құқықтық негізін қалады. Өзара тиімділік, өзара мүдделілік, өзара ықыластықпен өзара қолдау Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси сенімге негізделген стратегиялық әріптестіктің басты қағидалары болып табылады. Екі елдің де даму концепциялары бүгінгі экономикалық жаһандану жағдайын, аймақтық интеграция маңыздылығын ескере отырып, ортақ дамуды көздейді. Осы мақсатпен екі ел өздерінің экономикалық бағдарламаларын ұштастыра отырып, өзара тиімді ынтымақтастық салаларын кеңейте түсуде. Тарихи өткені мен даму болашағы бір көрші мемлекеттердің халықаралық мәселелердегі ортақ ұстанымы, өзара қолдау қағидаты стратегиялық әріптестік деңгейін көтере түскені анық.

### 3.2 Қазақстан-Қытай арасындағы бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясы

Бүгінгі жаһандану жағдайында әлемнің кез-келген мемлекеті, мейлі ол бай болсын, кедей болсын, үлкен болсын, кіші болсын, сыртқы күштердің әсеріне ұшырайды. Халықаралық қатынастар субъектілері арасындағы өзара тәуелділік артып, өзара ықпалдастық деңгейі көтеріліп, өзара ынтымақтастықтың жаңа түрлері, формалары, бағыттары мен ерекшеліктері қалыптасуда. 21-ғасырдың басында айрықша мәнге ие болған елдер арасындағы байланыстардың жоғарғы сатысы, яғни стратегиялық әріптестік те өзіндік ерекшеліктерімен, даму формаларымен толысып, халықаралық ынтымақтастықтың ерекше түріне айналды.Қазақстан мен Қытай арасында дамып келе жатқан стратегиялық әріптестік өзара байланыстардың алға басуындағы екі елдің ортақ мүдделерін, ортақ ұстанымдарын және ортақ мақсат-міндеттерін айқындайды.

Сингапур Оңтүстік-Шығыс Азия зерттеулер институтының сарапшысы Ле Хонг Хиептің сөзі бойынша, Вьетнам стратегиялық әріптестікті, ең алдымен, қауіпсіздік, экономикалық тиімділік және Вьетнамның халықаралық мәртебесін көтеру тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, кез-келген стратегиялық әріптестік мынадай басты тәсілдерге негізделеді:

- Біріншіден, қауіпсіздік саласындағы ұстанымдар. Стратегиялық әріптестік Вьетнамның қорғаныс қабілетін нығайтуға ықпал етеді және оның дипломатиялық мүмкіндіктерін күшейтеді. Ол өз кезегінде ұлттық қауіпсіздік деңгейін тиісті деңгейде ұстап тұруда, ұлттық егемендікті қамтамасыз етуде және аумақтық тұтастықты сақтап қалуда өте маңызды болып табылады.

- Екіншіден, экономикалық өзара әрекеттесу саласы. Стратегиялық әріптестік шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық Вьетнамның әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімділігін көтеруге бағытталуы тиіс, олардың негізгі салалары сауда, инвестициялар, Вьетнамның халықаралық экономикалық жағдайын нығайту мақсатында халықаралық дамуға ықпал ету болып табылады.

- Үшіншіден, Вьетнамның халықаралық беделін көтеру. Стратегиялық әріптестік туралы Шартты жасасқан кезде қазіргі әлемдік саясатты белгілі мәртебеге ие мемлекетті таңдау маңызды болып саналады. Стратегиялық әріптестік бойынша серіктесті таңдау Вьетнамның халықаралық аренадағы орнының нығаюына, ұлттық тұрғыда маңызды саналатын халықаралық мәселелерді шешудегі мемлекеттің ұстанымын күшейтуге ықпал ету керек.Оған қосастратегиялық серіктестікті орнатқан кезде әріптеспен ұзақ мерзімді тиімді қарым-қатынастардың болуын, өзара жоғары саяси сенімнің болуын ескеру қажет. Әріптестіктің жан-жақты сипаты стратегиялық байланыстар дамуының анағұрлым жоғары деңгейі, ең жоғары формасы болып табылады [130,с. 1].

Ле Хонг Хиептің осы тұжырымымен толық келісуге болады. Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігі де осы аталған үш қағидат негізінде қалыптасып, дамып келеді. Саяси, қауіпсіздік саласындағы басты мәселелерді шешіп алған соң, дәлірек айтсақ, халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаларын қатаң ұстанып, шекара мәселесін шешіп, қауіпсіздік саласында да халықаралық ұйымдар шеңберінде ынтымақтастықты жемісті жүзеге асыра отырып, өзара саяси сенімді қалыптастырды. Экономикалық салада да тараптарсауда мен инвестициялар бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты қарқынды дамытып, байланыстардың заманауи бағыттарын іске асыруды қолға алды. Ал халықаралық аренадағы мәртебеге қатысты Қазақстан мен Қытай әлемдік, аймақтық халықаралық ұйымдар шеңберінде өзара қолдау қағидаты негізінде ынтымақтастықты дамытып келеді. Бір-бірінің халықаралық бастамаларына қолдау көрсету арқылы, сондай-ақ көптеген өзекті халықаралық мәселелерге қатысты ортақ ұстанымның арқасында Қазақстан мен Қытай бір-бірінің халықаралық беделін нығайтуға ықпал етеді. Осылайша, стратегиялық әріптестікті орнатудың алғышарттары қалыптасып, екі ел байланыстар дамудың ең жоғары деңгейіне көтерілді.

Қазақстан мен Қытай арасында қалыптасқан стратегиялық әріптестікті дамытудың бірден-бір тиімді формасы ретінде тараптар құрған екіжақты комиссиялар жұмысын атауға болады. Осы орайда 2004 жылы құрылған Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің қызметін айрықша атау керек. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтері арасындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетін құру туралы

келісімінде көрсетілгендей, Комитет жұмысының негізгі нысаны Комитеттің тең төрағаларының жетекшілігімен Қазақстан мен Қытайда кезектесіп өткізілетін, әдетте, жылына бір рет, бірақ тұрақты негізде емес, Комитет отырыстары болып табылады. Арнайы жиналыстар практикалық қажеттілікке қарай өткізіледі.Комитеттің жұмыс тәртібі мен жоспары оның отырыстарында айқындалады. Комитеттің шешімдері консенсус негізінде қабылданады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін хаттамалармен ресімделеді. Келісімнің 2-бабында аталған комитетті құрудағы мақсат айқындалған: «Комитеттің негізгі мақсаты Тараптардың сауда-экономикалық, көліктік, ғылыми-техникалық, қаржылық, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы, ұлттық, қоғамдық, экономикалық қауіпсіздік саласындағы және басқа да салалардағы ынтымақтастығын үйлестіру, стратегиялық маңызы бар ірі ынтымақтастық жобаларын жоспарлау және ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуболып табылады».

Комитет өз ішінде арнайы салаға арналған 12 кіші комитеттен тұрады. Оларды жоғарыда атап өткен болатынбыз.

2021 жылдың 26 қарашасындабейнеконференция байланысы форматында ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Ә. Смайыловтың және Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесі Премьерінің орынбасары Хань Чжэннің тең төрағалығымен Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің 10-шы отырысы өтті.Отырыс барысында тараптар қауіпсіздік, кеден, көлік, теміржол, сауда-экономикалық, су шаруашылығы, энергетика, ғылыми-техникалық, қаржылық, мәдени-гуманитарлық, экологиялық және геологиялық салалардағы ынтымақтастық бойынша Комитеттің 12 шағын комитетінің жұмысын қорытындылады. Талқыланған негізгі тақырыптардың бірі жүк тасымалдауға қолайлы жағдай жасау болды. Ә. Смайылов қолданыстағы шекаралық өткелдердің өткізу қабілетін арттырып, әлі жабылып тұрған «Қалжат-Дулаты» және «Майқапшағай-Зимұнай» автомобиль өткізу бекеттерінің жұмысын қалпына келтіруді ұсынды. Сонымен қатар, Ә. Смайылов «Достық-Алашаңқай» және «Алтынкөл-Қорғас» стансаларында Қазақстаннан тасымалданатын жүк пойыздарының санын тәулігіне 18 дейін арттыруды, сондай-ақ барлық жүктерді қабылдауға қойылған шектеулерді алып тастауды ұсынды.Кездесу нәтижесінде Қазақстан мен ҚХР арасындағы тауар айналымын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу туралы келісімге қол жеткізіліп, кездесу қорытындысы бойынша Хаттамаға қол қойылды [131]. Бұл жерде айта кететін жайт, соңғы 2 жылда бүкіл әлемді шарпыған Ковид-19 пандемиясының салдарынан шекаралар жабылып, әуе, темір жол, автомобиль тасымалына шектеулер қойылып, халықаралық байланыстар дамуы айтарлықтай тежелген болатын. Коронавирус инфекциясы таралуының бәсеңсуімен халықаралық ынтымақтастық қайта жанданып келеді.

Екіжақты байланыстардың түрлі бағыттарын дамытумен айналысатын Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінен бөлек Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі жемісті жұмыс жасап келеді. 2013 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ҚХР төрағасы Си

Цзиньпиннің қатысуымен Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесінің Құрылтай жиналысы өтті. Бүгінгі таңда Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі Қазақстан мен Қытайдың іскер топтарының өкілдері үшін диалог алаңы, сондай-ақ екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесін құрудағы мақсат – сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі ынталандыру, экономиканың әртүрлі салаларындағы ынтымақтастықты ілгерілету және дамыту. Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесінің ұйымдастыру жұмысын тараптардың хатшылықтары жүзеге асырады. «Самұрық-Қазына» Акционерлік қоғамы қазақстандық тарапының хатшылығы болса, қытайлық тараптан – Қытайдың халықаралық сауданы ынталандыру комитеті. Бұл кеңестің құрамына Қытай мұнай құбыры бюросы (China Petroleum Pipeline Bureau), Қытайдың экспорттық-импорттық банкі (The Export-Import Bank Of China), China Nonferrous Metal Industries Foreign Engineering and Construction Co.,Ltd (NFC), China Precision Machinery Import and Export Corporation, CHINA KINGHO, CGNPC UranResources CO., Ltdium, China National Nuclear Corporation, China Datang Power Group Corporation компаниялары кіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкініңмәліметтері бойынша, 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шет елдерде (Нидерланды, Ұлыбритания, Ресей, Ирландия, Сингапур, Түркия, АҚШ, Кипр, Біріккен Араб Әмірліктерінен кейін) орналастырылған қазақстандық инвестициялар бойынша Қытай 10-орында (647,4 млн. долл.), ал Қазақстан Республикасынатартылған шетелдік инвестициялар бойынша Нидерландыдан, АҚШ-тан және Швейцариядан кейін 4-орында тұр(19,94 млрд. долл.) [132]. Ал 2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша, Қытай Қазақстанға тартылған шетел инвестициялары бойынша Нидерланды, АҚШ, Швейцария және Ресейден кейін 5-орынға (20,4 млрд. долл.) жайғасты [133].

Іскерлік кеңестің алғашқы жұмыс жиналысы 2014 жылдың 11 наурызында Астанада өткен болатын. Екі ел кәсіпкерлерінің басын қосқан бұл жиында өзара ынтымақтастықтың маңызды бағыттары қарастырылды.

Қытайдың халықаралық сауданы ілгерілету кеңесі төрағасының орынбасары Чжан Вэй өз сөзінде Қытай мен Қазақстан бір-біріне маңызды серіктес екенін, прагматикалық ынтымақтастық жемісті нәтижелер бергенімен, даму мен жетілдіруге әлі де кең мүмкіндіктер бар екенін атап өтті. Энергетика саласындағы ынтымақтастықты жеделдетуді жалғастыра отырып, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, көлік, коммуникация және басқа салалардағы ынтымақтастықты белсенді түрде нығайта отырып, ынтымақтастық салаларын кеңейтіп, жаңа энергетика мен жасыл экономика сияқты ынтымақтастықтың жаңа өсу нүктелерін құру, сауданы тиімді дамыту күн тәртібінің маңызды мәселелерінің қатарында. Инвестицияларды ынталандыру құрылысы, тараптар Жібек жолы экономикалық белдеуін бірлесіп құрудың стратегиялық мүмкіндігін пайдалана отырып, екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың коннотациясын одан әрі байытатынын айтты.

2017 жылдың маусым айындағы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында өткен Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің 4-ші жиналысында құны 7 млрд. доллар болған 22 келісімге қол қойылды.

ҚХР Мемлекеттік даму банкі мен Қазақстанның Біріккен химиялық компаниясы арасында Қазақстанның Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағында метанол және аммиак өндіру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру туралы, сондай-ақ Қазақстанның Жамбыл облысындағы «Тараз химиялық паркі» АЭА аумағында каустикалық сода өндірісін іске қосу туралыкелісімдерге қол жеткізілді. Жобалар Қазақстандағы алғашқы агрохимиялық кластерді дамыту аясында жүзеге асырылуда.Қытайлық «Hydrochina Corporation» корпорациясы мен «Самұрық-Энерго» Қазақстанның Алматы облысының Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт болатын, болашақта 300 МВт-қа дейін жететін жел электр станцияларының құрылысын және шағын су электр станцияларының құрылысы жобаларын іске асыру туралы меморандумдарға қол қойды.Қытайдың China Datang корпорациясы мен «Самұрық-Энерго» Қазақстанның Ерейментау қаласының маңындағы жел электр станциясын 45-тен 300 МВт-қа дейін кеңейту туралы меморандумға қол қойды.Қытай-Қазақстан іскерлік кеңесінің жұмысына екі елдің мемлекеттік органдарының, ірі компаниялары мен қаржы институттарының 500-ге жуық өкілі қатысты [134].

Соңғы жылдары екі ел арасындағы байланыстардың дамуында экономикалық саланың басымдыққа ие болып келе жатқанын білеміз. Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев өзінің 2019 жылдың қыркүйек айындағы Қытайға мемлекеттік сапары шеңберінде Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің 6-шы отырысына қатысты.

Іскерлік кеңестің отырысын ашқан Қытай Халық Республикасының Халықаралық саудаға жәрдемдесу комитетінің төрағасы Гао Ян Қазақстан мен Қытай жақын көрші екенін, барлық салада ынтымақтастықтың дамуы олардың өзара мүдделеріне сай келетінін атап өтті. Сондай-ақ ол Қазақстан Республикасы Президентінің сапары екі елдің стратегиялық әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге серпін беретініне сенім білдірді.

Кәсіпкерлердің алдында сөз сөйлеген Қазақстан президенті экономикалық саладағы екі елдің жетістіктері мен мүмкіндіктері туралы айтқан болатын. Мемлекет басшысы Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингінде республика әлемнің 190 елі арасында 28-ші орынды иеленді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасына 300 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды, бұл біздің мемлекетті Орталық Азиядағы бұл көрсеткіш бойынша көшбасшы етеді.

Мемлекет басшысы қытайлық бизнесмендерді қаржылық операциялар үшін Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) биржасын белсендірек пайдалануға шақырып, бұл аймақ үшін бірегей мекеме екенін, қазірдің өзінде 250-ден астам компания тіркелгенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Азия мен Еуропа арасындағы көлік дәлізін қалыптастырудағы мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды: «Қазақстан аумағы арқылы Қытайды және Азияның басқа да елдерін Еуропамен, сондай-ақ Таяу Шығыспен байланыстыратын 5 теміржол және 6 автомобиль халықаралық бағыты бар. Бұл Қытайдан Еуропаға жүктерді Қазақстан арқылы және кері 15 күнде жеткізуге мүмкіндік береді, ал теңіз арқылы жеткізу 2-3 есе көп уақытты алады». Сонымен бірге президент «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жобасымен үндес екенін айтып, ортақ бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстан мен Қытайдың Жібек жолының бұрынғы ұлылығын қайта жаңғырта алатынына сенім білдірді.

Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі ретінде инновациялар мен жаңа технологияларға негізделген экономиканы дамытуды атаған Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары технологиялық салалар, сондай-ақ Индустрия 4.0 элементтері еліміз үшін стратегиялық қызығушылық тудыратынын, ал Қытайдың соңғы жылдары ең жаңа технологияларды әзірлеу мен енгізуде мойындалған әлемдік көшбасшыға айналғанын атап өтті.Екіжақты ынтымақтастықтың перспективалы бағыттарының бірі ретінде ауыл шаруашылығы да аталып, Қытай нарығының ауқымы қазақстандық фермерлер үшін тамаша экспорттық мүмкіндіктер ашатынына баса назар аударылды: «Қазақстан жоғары сапалы бидай экспорттаушы әлемдік ондыққа кіреді. Өткен жылы (2018 ж. авт.) Қытайға бидай экспорты 550 мың тоннаға жетті. Біз бұл көлемді 3,5 есеге – 2 миллион тоннаға дейін ұлғайта аламыз. Қазақ тұзының халықаралық нарыққа экспорттық жеткізілімі артып келеді. Қытайға жылына 100 мың тоннаға дейін ас тұзын жеткізуге дайынбыз. Сонымен қатар, біз Қытай нарығына сүт өнімдерін, құс, сиыр, қой, шошқа етін, сондай-ақ ұн, жарма, бұршақ, майлы дақылдарды жеткізуге дайынбыз. Біз Қытайға органикалық азық-түлік өнімдерін өндіру мен экспорттауды ұлғайтуды көздеп отырмыз» [135].

2013-2019 жылдар аралығында Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің 6 отырысы өтіп, онда жалпы сомасы 57,68 миллиард доллар болған 189 коммерциялық құжатқа қол қойылды [136].

Тұрақты сипатта дамып келе жатқан Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі өз жұмысын 2021 жылдың қазан айында жалғастырды. Бұл жолы Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлерінің кездесуі Қытайдың Цзянсу провинциясының дамыған портты қаласы Ляньюньганда өткізілді. 18 қазан күні өткізілген Қазақстан-Қытай кәсіпкерлерінің форумын «Самұрық-Қазына» АҚ-ы Қытайдың халықаралық сауданы ынталандыру комитетімен бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараның негізгі мақсаты Шығыс Қытайдың логистика, химия, фармацевтика, биотехнология, өндірістік және басқа да өзекті салаларын ұсынатын индустриалды теңіз жағалауындағы провинцияларының әлеуетті инвесторларымен байланыстарды жандандыру болды. Қазақстан арқылы мультимодальды тасымалдауды дамыту және бірлескен Қазақстан-Қытай логистикалық терминалы орналасқан Ляньюньган порты, сондай-ақ өңірлік логистикадағы кедергілерді азайту жолдарын іздеу ерекше назарда. Қазақстан

тарапынан форумға қатысушылармен онлайн форматта «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазақинвест» АҚ, «KTZ Express» АҚ, «UCC» ЖШС және басқа да бірқатар ұйымдар басшылығының өкілдері, Қытай тарапынан – бизнес қауымдастықтарының,жергілікті мұнай-химия, биомедициналық, логистика және электрондық коммерция компанияларының басшылары сөз сөйледі. Шара нәтижесінде Қазақстан мен Цзянсу провинциясы кәсіпорындары арасындағы инвестициялық және өнеркәсіптік кооперацияны нығайту бойынша екіжақты бастама қабылданды.

Форум аясында Ляньюньганды Ақтау теңіз портымен байланыстыруға, Транскаспий мультимодальды маршрутын одан әрі дамытуға, сондай-ақ заманауи логистика объектілерін, қосылған құны жоғарыжәне экспорттық әлеуеті бар тауарлар өндірісін Қазақстанда орналастыруғабағытталған «Ляньюньган-Каспий теңізінің біріктірілген жеткізу тізбегі» атты конференцияөтті.Конференцияның қорытындысы бойынша бірқатар коммерциялық құжаттарға қол қойылды, оның ішінде «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС мен қытайлық Shanghai ACE Investment & Development Co., Ltd компаниясы арасындағы ниет туралы келісімге қол қойылды [137].

Цзянсу мен Қазақстан және «Белдеу мен жолға» қатысы бар басқа да елдер мен аймақтар кең ауқымды ынтымақтастықты жүзеге асыруда. Оның ішінде Ляньюньганның көліктік орналасу артықшылығы бар, ол Қытай-Қазақстан логистикалық ынтымақтастығын дамыту үшін транзиттік база және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдер үшін теңізге шығу нүктесі болып табылады. Қазақстанның энергетика және мұнай-химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы, медицина және басқа да салалар да қарқынды дамып келеді.Соңғыжылдары Қытайға қазақ элементтері бар тауарлар көптеп жөнелтіліп, Ляньюньган арқылы әлемге экспортталуда. Қытай-Қазақстан іскерлік кеңесінің 2021 жылғы маңызды оқиғасы ретінде бұл форум Ляньюньган қаласында өтті, бұл екі тарап арасындағы өнеркәсіптік жәнесауда-экономикалық ынтымақтастық үшін маңызы өте зор [138-139]. Соңғы жылдардағы уағдаластықтарға сәйкес, Ляньюньган порты арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне жыл сайын 2 млн. тонна Қазақстан көмірін жеткізу жоспарланып отыр.

Екі елдің стратегиялық әріптестік байланыстарын қарқынды алға бастыруда Қазақстан-Қытай өңіраралық ынтымақтастық форумы елеулі рөл атқарады. Өңіраралық ынтымақтастық форумының бастамашылары Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың өңірлерінің экономикалық әлеуетін пайдалана отырып, өзара тиімді ынтымақтастық салаларын ашуда форумның маңызы зор. 2017 жылдан басталған бұл ынтымақтастық жұмысы бүгінге дейін 2 форум өткізді.

2017 жылдың 11-12 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Асқар Мамин Қытайдың Нанькин қаласында Қытай-АСЕАН Экспо көрмесі щеңберінде өткен Қазақстан-Қытай І Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысып, сөз сөйледі. Форум жұмысына сонымен

бірге Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің вице-Премьері Чжан Гаоли қатысты. Қазақстан тарапынан Форумға өңірлердің басшылары – ШығысҚазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, облыс әкімдерінің орынбасарлары, ҚР министрліктерінің, ұлттық компанияларының, бизнес қауымдастықтарының өкілдеріқатысты. Қытай тарапынан ҚХР провинцияларының басшылары, ҚХР мемлекеттік органдарының және ірі компанияларының басшылары қатысты.Форумда сөз сөйлеген А. Мамин екі мемлекет басшыларының бастамасымен ұйымдастырылған форумның елдеріміздің арасындағы достықты, тату көршілікті және стратегиялық серіктестікті нығайтуға жаңа серпін беретінін, сондай-ақ ҚР мен ҚХР өңіраралық ынтымақтастығының өзекті мәселелері бойынша екіжақты диалог пен тиімді кеңесу үшін бірегей алаң ретінде Форумның маңыздылығын атап өтті. «Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Жібек жолы Экономикалық белдеуін» «Нұрлы жол» бағдарламасымен ұштастыру бойынша бастамасы инвестициялар тартуға және инфрақұрылымдық жобалар бойынша екі елдің іс-әрекетін үйлестіруге мүмкіндік берді»,- деп атап өтті А. Мамин және екі елдің экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жобалардың табысты іске асырылып жатқандығын баса айтты.Екі елдің экономикалық өсімінің, сауда, инвестициялық, көлік-транзиттік ынтымақтастығын дамытудың іргетасы ретінде Форумның маңыздылығын атап өткен А. Мамин 2015 жылғы желтоқсанда қол қойылған ҚР мен ҚХР-дың 2015-2020 жылдарға арналған Шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасын «Қазақстан мен Қытайдың шекара маңындағы өңірлер арасындағы ынтымақтастығының маңызды құжаттарының бірі» деп атады [140].

Осы форум жұмысының нәтижесінде бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізіліп, төмендегі құжаттарға қол қойылды:

- ҚХР-ға қой етін экспорттау үшін 30 мың мал басын союға арналған заманауи мал бордақылау алаңын құру жөніндегі Меморандум;
- $250 млн капиталдандырумен бірлескен Инвестициялық қор құру бойынша ынтымақтастық туралы Негіздемелік келісім;
- «Aitey Group» холдингі мен Stone Stock компаниясы арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы келісім [140,с. 1].
- 2019 жылдың мамыр айында Алматыда Қытай мен Қазақстан екінші аймақаралық ынтымақтастық жөніндегі Қытай-Қазақстан форумын өткізді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы өңіраралық ынтымақтастықтың ІІ форумы «Өнеркәсіптік кооперация» тақырыбына арналған. Шетелдік делегация құрамында Пекин, Шанхай, Гуанси, Сычуань, Шэньси, Цзянсу, ШҰАА, Шаньдун, Нинся, Чжэцзян провинцияларынан 160-тан астам мемлекеттік органдардың, корпорациялар мен компаниялардың басшылары мен өкілдері болды. Іскерлік миссияны Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің бірінші вице-премьері Хань Чжэн басқарды. Оның айтуынша, бүгінде екі тарап та әріптестіктің стратегиялық байланыстарын арттыруға дайын."Қазақстан Қытайға ауылшаруашылық тауарларының алғашқы легін экспорттай бастады.

Мұнай саласында жаңа жобалар пайда болды. Енді жол-көлік жүйесін қалыптастыру қажет. Бұл екі ел арасындағы сауданың мүмкіндіктерін арттырады. Мен қазақ және қытайкәсіпкерлерінің тек іскерлік байланыстарды ғана емес, достықты да жалғастыра бергенін қалаймын. Соңғы онжылдықта Қытай нарығы жоғары даму деңгейіне өтті, дүниенің төрт бұрышына тарай бастады.Әлемдегі ең ірі елдер осында өздерінің еншілес компанияларын ашуды көздеп отыр.Біз бұл мүмкіндікті қазақстандық достарымызбен бөлiскiмiз келеді», - деді Хань Чжэн.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Ә. Смайыловөз сөзінде "Екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыс жыл сайын нығайып келеді. Осылайша, соңғы үш жылда өзара тауар айналымы 50 пайызға өсті. Бүгінгі таңда қазақстандық ұн, май және басқа да өнімдер Қытайдағы ең өтімді тауарға айналды. Достық-Алашанькоу және Алтынкөл-Қорғас теміржол өткелдері Қытай-Еуропа бағытындағы көлік тасымалының 56%-ын қамтиды. «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының трансшекаралық ынтымақтастығы сияқты ірі жобалар сәтті жүзеге асуда», - деген болатын [141].

Сонымен, Қазақстан мен Қытайдың облыс, провинция секілді әкімшілік бірліктері арасындағы, яғни өңіраралық байланыстардың нақты ынтымақтастық тетігі ретінде қалыптасып, институционалды негізде дамуы өзара байланыстардың мазмұны мен формасын сапалы түрде алға бастыратыны сөзсіз. Қазір екі ел арасында 19 бауырлас қала, облыс және қала бар.Олардың арасында тығыз әрі жан-жақты қарым-қатынастарды жүзеге асыру міндеті жоғарыда аталған Қазақстан-Қытай өңіраралық ынтымақтастық форумына жүктелген. Шынында да бұл форумның жұмысын бағалай келе, оның екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтудағы ынтымақтастықтың өте тиімді және жаңа формасы деуге болады.

Мемлекеттік органдармен өзара ықпалдастық және өзара мемлекеттік бастамаларға қолдау көрсету Қазақстан-Қытай әріптестігінің тиімді формасы болып табылады. Үкіметаралық келісімдер мен шарттардан бөлек министрліктер мен ведомстволар арасында да қол жеткізілген уағдаластықтардың практикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудағы маңызы зор. Солардың қатарында төмендегі құжаттарды атауға болады:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім (17 маусым 2002 ж.);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы шекаралық ынтымақтастық туралы келісім (8 тамыз 2002 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (3 маусым 2003 ж.);
- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Ақпараттық индустрия министрлігі

арасындағы ақпараттық-коммуникациялық индустрия саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум (1 шілде 2005 ж.);

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік мұрағат басқармасы арасындағы мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (20 желтоқсан 2006 ж.);
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су ресурстары министрлігі арасындағы трансшекаралық өзендердегі ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту туралы келісім (20 желтоқсан 2006 ж.)
- Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Көлік министрлігі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат беру жүйесін құру туралы Хаттама (12 қазан 2016 ж.);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан-Қытай кедендік шекарасында «Сенім» жобасын іске асыру туралы Хаттама (13 мамыр 2017 ж.);
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Қорғаныс министрлігі арасындағы ҚХР-ның Қазақстанға өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы Атқару хаттамасы (24 сәуір 2011 ж.);
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы сыртқы сауданың кедендік статистикасы саласындағы әдістемелік және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы Хаттамалар (8 желтоқсан 2012 ж., 26 сәуір 2019 ж.);
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік салық басқармасы арасындағы салық мәселелері бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум (8 маусым 2017 ж.) [142].

Жоғарыда берілген келісімдер екі елдің министрліктері мен ведомстволары арасында қол қойылған құжаттардың аз ғана бөлігі. Екіжақты байланыстар дамуын заңдық тұрғыда негіздейтін осы келісімдер тараптар арасындағы ынтымақтастықтың сан-салалы, жан-жақты сипатын көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестік байланыстарының берік номативті-құқықтық негізі қаланғанын дәлелдейді. Екіжақты және көпжақты келісімдер әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық дамудың барлық дерлік салаларын қамтыған.

Өзара саяси сенім мен экономикалық тиімділікті басты қағидат ретінде басшылыққа ала отырып, бүгінгі экономиканың жаһандануы жағдайында Қазақстан мен Қытай бір-бірінің халықаралық бастамаларына қолдау көрсетуде. Оған аймақтық, жаһандық интеграциялық үдерістердің қарқын алуы да ықпал етеді.

Қорыта келе, Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті дамытуда үкіметаралық комиссиялар, өңіраралық форумдар, шекаралық ынтымақтастық бағдарламалары, ведомствоаралық деңгейдегі екіжақты және көпжақты келісімдерынтымақтастықтың жаңа формалары ретінде кеңінен

қолданылып келеді. Олардың ішінде түрлі саладағы байланыстарды одан әрі кеңейтіп, жетілдіруде тараптар құрған екіжақты және көпжақты комиссиялар жұмысы айрықша рөл атқарып келетінін айту керек.Ынтымақтастық бойынша қазақстан-қытай комитеті, Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі, Қазақстан-Қытай өңiраралық ынтымақтастық форумы екі елдің стратегиялық әріптестігін одан да жоғары деңгейге көтеруде ынтымақтастықтың өте тиімді формасы ретінде қарастырылады. Себебі кез-келген келісім-шартқа қол қою, белгілі бір уағдаластыққа қол жеткізу үдерісі күрделі де маңызды ұйымдастырушылық жұмысты талап етеді.Өңiраралық байланыстар мен мемлекеттік органдар арасындағы тығыз ынтымақтастық екі ел стратегиялық әріптестігін дамытудың тиімді тетіктері болып табылады. Себебі жекелеген өңірдің экономикалық әлеуеті мен мүмкіндіктерін ашу нақты сала бойынша практикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың алғышарттарын қалыптастырса, ведомствоаралық ынтымақтастық белгілі сала мамандарының шынайы қалыптасқан ахуалға, мүмкіндіктер мен қажеттіліктерге сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді. Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігінің қай формасы болмасын байланыстардың ұзақ мерзімді, тұрақты, жүйелі сипатын айқындап, өзара тиімділік, өзара қолдау, өзара ынталандыру қағидаттарына сүйенеді.

### 3.3 Қазақстан-қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағы

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қытай Қазақстанның сенімді көршісі ретінде елімізге көмек пен қолдау көрсетіп отырды. Қарапайым сауда қатынастарынан басталған байланыстар қарқынды түрде дами келе стратегиялық әріптестікке ұласып,бүгінгі таңда екі ел тату көрші, жақсы дос және сенімді серіктеске айналды.Мемлекеттік шекара, шекара маңындағы әскери сенімді нығайту, шекара маңындағы әскерді қысқарту, лаңкестікпен, экстремизммен, сепаратизммен күрес сияқты мәселелерде уағдаластықтарға келу арқылы негізгі саяси, қауіпсіздік мәселелерін шешкенмен, өзара байланыстар дамуының күн тәртібінде түбегейлі қарастыруды қажет ететін мәселелер әлі де бар.

Қазақстан географиялық жағынан барлық негізгі трансшекаралық су ағындарының аяқ жағында орналасқан. Еліміздің аумағын сумен қамтамасыз ету көп жағдайда өзендердің жоғары жағында орналасқан көршілес мемлекеттердің суға қатысты саясаты мен суды бөлу қағидаттарына байланысты, сондықтан аймақтың тұрақты экономикалық дамуы тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықпен тікелей байланысты.Қазақстан мен Қытай арасында толық шешімін таба алмай келе жатқан маңызды мәселе, осы трансшекаралық өзендер мәселесі. Мемлекеттік шекара мәселесі сияқты трансшекаралық өзендер мәселесі де Қазақстанға КСРО-дан мұра болып қалған. Қазақстан мен Қытайды біріктіретін 20 трансшекаралық өзеннің ең ірілері әрі маңыздылары – Ертіс пен Іле өзендері. Екеуі де Қытайдан бастау алады, соның өзі бұл мәселеде Қытайға басымдық береді. Трансшекаралық өзендер мәселесін

тараптар дипломатиялық байланыстар орнатқаннан бері белсенді түрде талқылап, шешімін табуға ұмтылып келеді. Өнеркәсібі дамып, демографиялық әлеуеті барған сайын артып келе жатқан Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданынан басталатын өзендер суының қажеттілігі барған сайын артып, судың азаю және ластану қаупі туды.Ол өзендер  Қазақстанның әдеуір бөлігін ауызсумен және шаруашылыққа қажетті сумен қамтамасыз етіп отырғандықтан мәселенің ушығуы елімізге экономикалық және экологиялық зардаптар әкелуі мүмкін.

Алғаш рет трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселесі бойынша ресми келіссөздер 1998 жылы басталды. Осы жылдан бастап Қазақстан мен Қытай арасында ататлмыш мәселе бойынша келіссөздердің 5 раунды өтіп, нәтижесінде трансшекаралық өзендер бойынша Бірлескен жұмыс тобы құрылады. 2000 жылдың 6 қарашасында Алматыда осы топтың бірінші мәжілісі болып, онда 23 трансшекаралық өзеннің тізімі жасалып, 3 кезеңнен тұратын жұмыс белгіленген болатын.Трансшекаралық өзендер мәселесі екі ел ресми адамдарының кездесулерінде әрдайым талқыланды. Бірақ Қытай жағы суға байланысты мәселені жауапсыз қалдырып  отырды.  Тек  1999 жылдың 31 наурызындағы Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминге Жолдауы сол жылдың мамыр айында су мәселесіне байланысты келіссөздердің жандануына септігін тигізді. Қытай басшысына жолдаған хатында Н. Назарбаев трансшекаралық су ағысының жағдайы қоршаған ортаның тұрақтылығы мен екі елдің экономикаларының дамуының шешуші факторы болып табылатынын айта келіп, Қазақстан мен Қытайдың тиісті министрліктері мен ведомстволарына сол жылдың сәуірінде су ресурстарын тиімді пайдалану, олардың ластануын азайту мен болдырмау мәселелері жөніндегі келіссөздерді бастауды тапсыруды ұсынды. Бұл келіссөздердің нәтижесі трансшекаралық өзендерді бірлесе пайдалану мен қорғау жөніндегі келісімге қол қою бола алатынын айтты. Қазақстан Президенті тараптар бірлесе отырып, Қазақстан-Қытай қатынастарында дәстүрге айналған достық пен өзара тиімділік рухында осы мәселе жөніндегі өзара іс-қимылдың нақты жүйесін жасай алады деп сенім білдірді. Сөйтіп, нәтижесінде аталмыш мәселеге байланысты келіссөздер жүргізуге келісім алды [143].

Су мәселесін шешу бойынша құрылған бірлескен комиссияның жұмысы өз нәтижесін беріп, бүгінгі таңда трансшекаралық өзендер бойынша екі ел төмендегідей келісімдерге қол қойған:

- 2001 жылы 12 қыркүйекте Астана қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
- 2005 жылы 4 шілдеде Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы трансшекаралық өзендердегі табиғаттық апаттар туралы тараптарды жедел хабарлау жөніндегі келісім;

- 2006 жылы 20 желтоқсанда Бейжің қаласында Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы трансшекаралық өзендердегі ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту туралы келісім;

- 2006 жылы 20 желтоқсанда Бейжің қаласында Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы негізгі трансшекаралық өзендердегі шекаралық су бекеттерінің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттармен (мәліметтермен) өзара алмасу туралы келісім;

- 2011 жылы 22 ақпанда Бейжің қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендер суларының сапасын қорғау туралы келісім;

- 2011 жылы13 маусымда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

- 2013 жылы 7 қыркүйекте Астана қаласы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ҚытайХалық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Достық» бірлескен ортақ су торабын басқару және пайдалану туралы келісім;

- 2017 жылы 15 қарашада Бейжің қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Сүмбе өзеніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен су тарту нысанын қайта жаңғырту туралы келісім;

- 2017 жылғы 8 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Шұқырбұлақ (Алмалы)» бірлескен сел ұстағыш бөгет құрылысын салудағы ынтымақтастық туралы келісім [144].

Осы келісімдер негізінде екіжақты бірлескен комиссия жұмысын жалғастыруда. Қазақстан мен Қытай арасындағы басты мәселе – Трансшекаралық су ресурстарын пайдалану жөніндегі үкіметаралық келісімге қол қойылмай, тараптар 2015 жылдан бері тиісті келіссөздерді бастады. Қытайдың Қазақстаннан басқа ешбір көршісімен трансшекаралық су ресурстарын пайдалану жөнінде келіссөздер жүргізбегенін атап өту маңызды. Қазақстан Келісімге трансшекаралық өзендердің экожүйесін қорғауды енгізуді талап етеді. 2019 жылы тараптар трансшекаралық өзен су ресурстарын пайдалану және экожүйені қорғау саласындағы құқықтар мен міндеттерді анықтау үшін кешенді зерттеу жүргізуге келісті және тиісті келіссөздер жүргізілуде [145].

Осылайша, ҚазақстанменҚытай арасындағы суды бөлу өзекті де күрделі мәселе болып табылады, тараптар бұл мәселені сақтықпен шешуге тырысуда. Қытайдан басқа Қазақстанның барлық көршілері тиісті бақылау тетіктерін құрып немесе трансшекаралық өзен суын бұру бойынша тиісті келісімдерге қол жеткізген. Қазіргі уақытта Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестігінің толыққанды дамуына осы су мәселесінің әлі де түбегейлі шешілмеуі әсер етеді.

Трансшекаралық өзендерге қатысты бірқатар келесімдерге қол қойылғанмен қазіргі уақытта қол жеткізілген келісімдер қағидаттар деңгейінде шектелген, я болмаса тек ақпарат алмасу, бірлескен арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу сияқты белгілі бір мәселе бойынша іс-шараларды белгілеген. Суды бөлісу мәселесінде Қазақстан мен Қытай әзірше мазмұнды келісімге келген жоқ, бірақ олардың көпшілігі халықаралық міндеттеме алудан жалтарып, мәселені шешуде үлкен сақтық танытып, шағын қадамдар жасауда.

Геосаяси тұрғыдан алғанда, Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер Қазақстанның, тіпті бүкіл Орталық Азияның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне ықпал етті және ықпал ете де береді.Сондықтан дамудың басты кілті болып табылатын қауіпсіздік пен тұрақтылық екі ел байланыстарының алғашқы кезеңінде алғашқы басымдықтардың бірі ретінде қарастырылды.

Екіжақты байланыстар дамуына және жалпы аймақтың қауіпсіздігіне өзінің кері әсер ететін басты фактор ретінде орталықазиялық елдерде қалыптасқан қытайларға қарсы көңіл-күйді айтуға болады.Бұл көңіл-күйлердің тарихи негізі бар, КСРО ыдырап, еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Ресейдің отарлық езгісінен біржола құтылуға ұмтылған халық ендігі кезекте Қытайдың отарына айналу қаупі бар деп сезінді. Оған негіз де жоқ емес еді.Қазақстанның мұнайы мен газын, пайдалы қазбаларын игеруге белсенді қатыса бастаған қытай компанияларының қызметі, Қазақстан аумағына түрлі мақсаттармен келген қытайлық азаматтар санының артуы қазақстандықтарды алаңдатпай қоймады.

Белгілі саясаттанушы Досым Сатпаевтың пікірінше, Қазақстандағы антиқытайлық көңіл-күйлердің алты себебі бар. Олар: тарихи жады, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қатынастардың күңгірттігі, Қазақстан азаматтарының биліктің істері мен сөздеріне, соның ішінде Қытаймен ынтымақтастыққа қатысты сенімсіздік деңгейінің жоғары болуы, Қазақстан азаматтарының басым бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, перспективалардың болмауына және өмірдің әртүрлі салаларындағы әділетсіздік сезіміне байланысты қоғамдағы жалпы әлеуметтік шиеленіс, Қытайдың ШҰАА-дағы этникалық және діни топтарға қатысты ішкі кемсітушілік және адам құқықтарын бұзу саясаты, Орталық Азиядағы жағымсыз жағдай, яғни Қырғызстан мен Тәжікстан Қытайдың алдында несие бойынша ірі борышкергеайналуы.Д. Сатпаев антиқытайлық көңіл-күйлерді сейілтудің және Қытаймен қарым-қатынаста еліміз үшін тиімділікке қол жеткізудің шешімі ретінде мүмкін болатын мәселелер мен пайданы ескере отырып, Қытаймен қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болашаққа арналған айқын, нақты жасалған ынтымақтастық стратегиясының қажеттігін атайды. Сонымен қатар Қытаймен ынтымақтастықтың мемлекеттік саясатына қатысты қоғамның сенімін арттыру үшін Қытаймен қол қойылған барлық шарттар мен келісімдерді бұқаралық, ашық түрдегі тексерістен өткізу керек деп санайды. Сарапшы серіктестіктің тұғыры жөнінде: «Мынадай сөз бар: кез келген әріптестіктің сәттілігі алты тірекке сүйенеді: біріншісі – тағдыр, қалған бесеуі – сенім. Қазақстанның географиялық тағдыры және сонымен бірге

қиындығы екі үлкен амбициялы геосаяси ойыншылар – Қытай мен Ресеймен көршілестік, қазақ қоғамында оларға деген сенім артқаннан гөрі төмендеп бара жатыр. Сонымен бірге, Қазақстанның басты міндеті – Қытаймен көршілестіктен минустардан гөрі плюстарды көбірек алу» деді [146].

Қазақстанда синофобия құбылысының пайда болып, одан әрі тереңдеуінің объективті себептері бар десек те, оның жоғары мемлекеттік деңгейде емес, бейресми бұқаралық деңгейде етек жайғанын байқаймыз. Еліміздің Қытаймен стратегиялық әріптестік деңгейіне жеткен байланыстарымыздың болашақ дамуына бұл құбылыстың кері әсер етуі мүмкін екендігін, Қытаймен әріптестіктен ұтарымыз көп екенін ерекше атап көрсеткен белгілі ғалым Н. Алдабектің пікіріне жүгінейік: «Өзіміз білетіндей, біздің бизнес саласындағы орасан зор жоспарларымыз қытай нарығына көп үміт артады. Біз қытай нарығына отандық азық-түлік өнімдерін – ет пен астық өнімдерін көптеп шығаруды ойластырудамыз. Оның үстіне қытайлық сұраныстың ауқымды көлемін ескере отырып, өзіміздің ауылшаруашылық саласын дамыта түсуге мүмкіндік аламыз. Егер де біз екі елдің арасына сына қағатын синофобия сияқты әрекеттерді жалғастыратын болсақ, онда біз бұл мүмкіндіктерден айырылып қалуымыз ғажап емес. Қытайлық нарық мүмкіндігін ұтымды пайдалану үшін онымен бейбіт қатынастарды мықты ұстану ғана келешекте екі елдің бейбітшілікте болуына жол ашады. Тараптар арасындағы барыс-келіс, түрлі деңгейдегі байланыстарды дамыту, халықаралық қатынастар ережесіне сай паритет сақтау дұрыс жол болмақ». Н. Алдабектің пікірінше, синофобия құбылысының етек жаюының еліміз үшін, ең алдымен, экономикалық тұрғыдан залалы көп болмақ. «Өзіміздің ең ұтымды тұстарымызды, яғни әлемнің екінші экономикасы атанған көршімізбен экономикалық тиімді байланыстарымызды қолдан шығарып алсақ, бұл дегеніміз барлық жетістікті жоққа шығарумен тең. Қазақстан қытай халқының сатып алу қабілетінің жоғары деңгейін ескере отырып, өзінің транзиттік орнын тиімді пайдаланып, қытайлық инвестицияны тартып, елдің экономикасына қажетті қытайлық технологияларды тарту арқылы жетістікке жетуге зор мүмкіндік бар. Сондықтан синофобия арқылы байланыстарымызға көлеңке түсіру еліміз үшін экономикалық тұрғыдан өте қажетсіз саясат болмақ» [147].

Қытайлықтарға қарсы толқуларәсіресе соңғы кезеңде жандана түсті, оның негізгі себебі Қытайдың Қазақстандағы стратегиялық маңызы бар компаниялардағы үлесінің артуы, маңызды экономикалық жобаларды жүзеге асыруға қатысуы, елімізге берілген кредиттер көлемінің артуы болды.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы Қытайға сапарының алдында елімізде антиқытайлық акциялардың орын алғанын білеміз. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында президент Қ. Тоқаевтың «Хабар» арнасына берген сұхбатында дәл осы синофобия құбылысының, антиқытайлық акциялардың Қытаймен байланыстардың сипатына әсер ете ме деген сұраққа жауап берді. Президент Қытайдың, бірінші кезекте, біздің құдай қосқан көршіміз екенін, оны ешкім өзгерте алмайтынын, екіншіден, Қытай өзінің экономикалық дамуында үлкен жетістіктерге жеткенін, жоғары технологияларды дамыту, жасанды интеллект

тұрғысынан алғанда алдыңғы қатарлы мемлекет болып табылатынын, біз онымен ынтымақтасуымыз қажет екенін атап өтті. Оған қоса Қазақстанның стратегиялық өнімдер шығаратын, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін Қытай үлкен нарық болып табылатынын, антиқытайлық демонстрацияларды ұйымдастырушылар өздерінің саяси мақсаттарын көздеген адамдар екенін, олардың еліміздің экономикалық қажеттіліктері мен жалпы экономикалық жағдайды жете түсінбейтіндер болуы мүмкін екенін жеткізді. Әлемдік қауымдастықта үлкен геосаяси қақтығыстар орын алғанын, сондықтан олардың әрекеті қандай да бір қорлар, құрылымдардың қаржылық қолдауымен жүргізіліп жату мүмкіндігін де жоққа шығармады. Қазақстандағы синофобияға қатысты ойын түйіндей келе, президент: «Жалпы алғанда, осы уақытқа дейін Қытай бізге ешқандай жамандық жасаған жоқ. Жуырда ғана өткен «Орталық Азия+Қытай» саммитінде мен өткен жылдың 11 айында Қазақстан мен Қытай арасында сауда көлемі 17 млрд. долларға жеткенін айттым. Бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш, біз Қытаймен әрі қарай да сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға мүдделіміз», - деді [148].

Қазақстанның бірнеше қаласында митингілер мен наразылық акциялары өтті, оның ресми себебі 2015 жылдан бері Қазақстанда 55 индустриялық-инновациялық жобаны жүзеге асыру бойынша жүзеге асырылып жатқан Қазақстан-Қытай бірлескен бағдарламасы болды. Шерушілер бағдарламаның тоқтатылуын талап етті. Ал кейбіреулері елдің Қытайға қатысты сыртқы саясатын қайта карауды ұсынды.

Осы шерулердің себебін ғалым Е. Ертісбаев оған қатысушылардың елдің экономикалық ахуалына қатысты білімдерінің жоқтығымен байланыстырады: «Карл Маркстің «Надандық - сайтанның күші» деген тамаша сөзі бар. Және бұл көптеген қайғылы оқиғалардың себебі болады. Мен оның әділдігіне Шығыс Қазақстандағы, Жаңаөзендегі, Алматыдағы, Нұр-Сұлтандағы Қытайға қарсы митингілердің мысалында көзім жетті, олардың негізінде надандық, нақты жағдайды білмеу деп анық айта аламын».55 жобаның Қазақстан үшін тиімділігі жөнінде: «осы 55 жобаның жартысы нақты жұмыс істесе жақсы. Мен осы 55 жобаны мұқият зерттеп шықтым, олар негізінен бірлескен кәсіпорындар, шағын, 200-300 адам жұмыс істейді деп айта аламын. Үлкендері бар, бірақ олар аз. Қол қойылған, жүзеге асырылған, басқалары әзірлену үстіндегі жобалар бар. Олардың айрықша ерекшелігі – жұмыс күші біздікі, сату нарығы қытайлық. Қазақстан өз аумағында өндіреді, ал өнімді шет мемлекеттің аумағында сатады деп қуануымыз керек. Егер бәрі керісінше болса, бұл нағыз проблема болар еді» деді сарапшы [149].

Өткен жылдың 24 маусымында қазақстандық және қытайлық сарапшылардың қатысуымен «Қазақстан-Қытай: табысты әріптестіктің 30 жылы» атты дөңгелек үстел өтті. Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық даму жолын талқылаған қатысушылар ксенофобия мәселесін айналып өтпеді.Шанхай халықаралық зерттеулер университетінің профессоры Ян Чен соңғы кездері Қазақстан азаматтарының арасында Қытайға қарсы көңіл-күй күшейіп келе жатқанын мәлімдеп, мұндай көңіл-күйдің бір себебін «Шыңжаң

мәселелерімен» байланыстырды.Қытайлық сарапшының пікірінше, сауда-экономикалық саладағы тамаша көрсеткіштерге қарамастан, Қазақстандағы антиқытайлық көңіл-күйдің күшеюін елемеу мүмкін емес. Спикер жаңа көліктік және басқа да жобалармен қатар Қазақстан мен Қытай екіжақты ынтымақтастығында гуманитарлық құрамды нығайту қажет деп санайды. «Біз медицина саласындағы ынтымақтастықты нығайту, бірлескен медициналық орталық салу туралы айтып отырмыз. Мұның бәрі жағдайды өзгертуге оң ықпал ете алады.Ғалымдар мен ресми ұйымдар мен құрылымдар арасындағы ғана емес, қарапайым халық арасындағы қарым-қатынасты жандандыру қажет. Өзара көмек көрсетудің оң мысалдары арқылы елдеріміздің тарихын айту керек", - деді Чен мырза [150].

Қазақстанның Әлемдік экономика және саясат институтының Азиялық және Қытай зерттеулері бағдарламасының жетекшісі Ерлан Мәдиев өз кезегінде Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы бүгінде бұрынғыдан да тұрақтандыруды қажет ететінін атап өтті. "Бұған тек жоғары деңгейде ғана емес, сонымен қатар төменгі деңгейде, департаменттер деңгейінде тұрақты байланыс деңгейін сақтап тұру арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, тараптардың әрқайсысы үшін өз мүдделеріне әсер ететін өз ниеттерін жылдам жеткізу маңызды», - деді ол. Нақты мысал ретінде сарапшы 2021 жылдың басында Қытай тарапы енгізген шектеулерге байланысты туындаған Қазақстан-Қытай шекарасындағы кептелістерді келтірді, елдер арасында тасымалдау көлемі бойынша келісімге қол жеткізілген. «Егер тараптар тиімді байланыс орнатқан болса, онда бұл көлік коллапсын болдырмауға болар еді. Қаңтар-сәуір аралығында Қазақстан шекарасында әртүрлі жүктері бар 12 мыңға жуық вагон жиналып, қазақстандық жүк жөнелтушілер үлкен шығынға ұшырады. Себебі – төменгі деңгейде тиісті органдар арасындағы тиімді байланыс арналарының жоқтығы», - деп түйіндеді Мәдиев [151].

Қытайлық сарапшыЯн Чен айтып отырған «Шыңжаң мәселелері" дегеніміз еліміздегі антиқытайлық көңіл-күйлердің себептерінің бірі ретінде қазақстандық сарапшылар атаған Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданындағы «саяси тәрбилеу» лагерьлері.Шыңжаңдағы мұсылмандардың – ұйғырлардың, қазақтардың діни көзқарастары негізінде түрмеге жабылып, саяси түзету лагерьлерінде өте қиын жағдайда өмір сүріп жатқандығы жөнінде көптеген басылымдар, соның ішінде батыстық басылымдар жарыса жазды. Алайда Қытайдың ресми билігі келтірілген фактілерді жоққа шығарды.

Алғашында «лагерьлердің» барын жоққа шығарған Қытай кейін мұндай мекемелердің бар екенін мойындап, оларды «кәсіптік оқыту орталығы» деп атады. Бейжің бұл институттардың құрылуын Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы (ШҰАА) экстремизм мен терроризмге қарсы күреспен түсіндірді [152].

Осы орайда елімізде үлкен қоғамдық қызығушылық пен талқылауды тудырған Қытай азаматы, этникалық қазақ Сайрагүл Сауытбайдың оқиғасына тоқтала кетсек. Оған шекараны заңсыз бұзғаны туралы айып тағылып, сот Сайрагүл Сауытбайды ҚР ҚК 392 бабының 1 бөлігі бойынша кінәлі деп тауып,

6 ай бас бостандығынан айырып, 63 бабының негізінде оны бас бостандығын шектеуге ауыстырып, сот залынан босату туралы үкім шығарған [153]. Қытайға депортацияланбай, Қазақстанда қалдырылған Сайрагүл елімізден босқын мәртебесін сұраған болатын. Оның арызын қараған Алматы облыстық полиция департаментінің жанындағы «босқын мәртебесін беру» жөніндегі комиссия өтінішін қанағаттандырудан бас тартады. Адвокаттар көмегімен БҰҰ-ның босқындар жөніндегі комиссариатының көмегіне жүгініп, нәтижесінде Сайрагүл Сауытбайды Швеция босқын ретінде қабылдауға рұқсат берді. Бүгінде ол Швецияда отбасымен тұрып жатыр.Осы мәселеге қатысты айта кететін жайт, Сайрагүл Сауытбайдың ісі туралы мемлекеттік орган өкілдері мәлімет беруден бас тартып, ол туралы, негізінен, республикамыздың Азаттық, Қамшы.кз сияқты тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары ғана жазды.

Қазақстан басшысының айтуынша, этникалық қазақтардың Шыңжаңдағы қайта тәрбиелеу лагерлеріне жаппай орналастырылғаны туралы ақпарат Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысының бір бөлігі болып табылады. "Біріншіден, Шыңжаңда Қытай Халық Республикасының азаматтары тұрады. Құқық қорғау ұйымдарының осы қайта тәрбиелеу лагерьлерінде, концлагерьлерде ұсталды деген қазақ ұлтының өкілдеріне қатысты хабарларына келсек, олардың айтуынша, бұл фактілер тексеруді қажет етеді. Қалай болғанда да, этникалық қазақтарға қатысты бұл тақырып төңірегінде қандай да бір қасақана шиеленіс бар», - деді Тоқаев Deutsche Welle агенттігіне берген сұхбатында. "Жалпы алғанда, бұл материалдар шындыққа сәйкес келмейді деп ойлаймын. Қазақ ұлтының өкілдерінің бұл қайта тәрбиелеу мектептеріне түсуінің жекелеген жағдайлары бар шығар. Бірақ тренд ретінде, кейбір халықаралық институттар немесе ұйымдар айтып отырғандай, барлығы дерлік бұл лагерьлерге қазақтарды айдауда, әрине, бұл дұрыс емес», - деп жауап берді Тоқаев.Ол Қазақстан мен Қытай бір-бірінің ішкі істеріне араласпауы туралы халықаралық келісімдер бар екенін айтты [154].

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар дамуындағы мәселе ретінде Қазақстан азаматы Алтынай Тұрлыбайдың ісі туралы айтуға болады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға сапарына бірер күн қалғанда Ақжарқын Тұрлыбайанасы президентке өтінішін жолдады. 20 жастағы қазақ қызы 2014 жылдың наурыз айында Гуанчжоу әуежайында ұсталған. Ол есірткі контрабандасы үшін айыпталып, өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Ақжарқын кінәсін мойындамай, шын мәнінде қандай жүкті тасымалдап жатқанын білмеймін деп отыр. Енді Тұрлыбай апелляциялық соттың шешімін күтіп отыр.Үндеуінде қыздың анасы 2015 жылы Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы Ақжарқын Тұрлыбайды нигериялық топтың құрбаны деп танығанын еске алды. Қылмыскерлер әлі ұсталған жоқ. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтан қызының отанына оралуына көмектесуін өтінді.Президенттің көмекшісі Мұрат Нұртілеуовтың айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға сапары кезінде Ақжарқын Тұрлыбай мәселесін көтерген. Сондай-ақ мәселе Сыртқы істер министрлігі арқылы талқыланатынын, бұл мәселені оң шешу үшін бар күш-

жігер жұмсалатынын жеткізген [155]. Қытайқылмыстық кодексінің 347-бабы – «Есірткі заттарды заңсыз алып өту, өткізу, тасымалдау және дайындау» бойынша15 жылға дейін бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру, өлім жазасына кесу, сондай-ақ мүлкін тәркілеудің бірімен жазаланады.Қытайда есірткімен байланысты қылмыс аса ауыр қылмыс қатарына кіргізілген. Қазақстанда мұндай қылмыс Қылмыстық кодекстің 297-бабына сәйкес келеді – «Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу, жөнелту немесе өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау». Ақжарқын Тұрлыбайға қатысты қылмыс бойынша мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл мәселені шешуге деген талпыныс мемлекеттік деңгейде қарастырылып жатқанмен, сәтті аяқталуы екіталай.

Соңғы бірнеше жыл ішінде халықаралық қауымдастықта да, біздің елімізде де түрлі саяси-әлеуметтік оқиғалар орын алды. Қазақстан-Қытай байланыстары дамуының шынайы жағдайы көрсеткендей, тараптар әрдайым бір-біріне қолдау көрсетіп, көмек қолдарын созатынын көрсетті. 2019 жылдың наурыз айындағы елімізде мемлекет басшысының ауысуы, одан кейінгі бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Ковид-19 індетінің пандемиясы, үстіміздегі жылдың басында Қазақстанда орын алған «қаңтар оқиғасы» сияқты құбылыстар екіжақты байланыстардың дамуында сынақты кезең болып, болашағын бағдарлауға мүмкіндік берді.

Қ. Тоқаев билік басына келгеннен кейін көп ұзамай Қытай басшысымен Бішкекте кездесті. Си Цзиньпин Тоқаевты Қазақстан Президенті лауазымына кірісуімен құттықтап, Тоқаевтың Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарын дамытуға қосқан маңызды үлесін жоғары бағалады. Си Цзиньпин Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасының тұрақты әрі ұзақ мерзімді болатынын және уақыт өткен сайын нығая түсетінін баса айтты [156].

Пандемия басталғаннан кейін екі ел арасында өзара гуманитарлық көмек беру ісі жандана түсті.Қытай 2020 жылы Қазақстанға ең көп гуманитарлық көмек жіберген мемлекет болды: 10 миллион долларға жуық, бұл жалпы гуманитарлық көмек көлемінің жартысынан астамын құрады [157].

2020 жылдың 13 наурызында Қазақстанда Орталық Азиядағы коронавирустық инфекцияның алғашқы оқиғасы тіркелгеннен кейін көп ұзамай, Қытай құрылыс банкі медициналық көмектің алғашқы партиясын Алматыға 21 наурызда жеткізді, деп хабарлады Синьхуа ақпараттық агенттігі. Екінші жүк - Шыңжаң үкіметінен Қорғасқа 27 наурызда келді.Екі ел арасындағы уағдаластықтар мен келісімдерден кейін мыңға жуық қытайлық сарапшы Қазақстандағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберіндегі жобалар алаңына қайта оралды. 2020 жылы қытайлық компаниялар Алматы облысында күн электр станциясын, Жамбыл облысында Жаңатас жел электр станциясын және Қарағанды облысында ферросиликон кеніндегі YDD термоэлектр пеші жобасын аяқтап, пайдалануға берді. Сонымен қатар, Тургусун су электр станциясының құрылысы қайта жанданды. Қазақстандық кәсіпорындар 3-ші China Import Expoкөрмесіне белсене қатысты, отандық сүт өнімдері сияқты

жоғары сапалы өнімдер алғаш рет Қытай нарығына шықты және қытайлық тұтынушылары тарапынан сұранысқа ие болды. Әлемдік пандемия жағдайында Қазақстан-Қытай байланыстарындағы қарқынды даму үрдісі әрі қарай жалғасын тапқанын атап айту керек. Бірқатар кедергілерге қарамастан сауда көлемінің алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсімі антиүрдіс құбылысын тудырды. Қалыптасқан жағдай екі елдің өзара тәуелділігін, өзара ынтымақтастықтың, өзара ықпалдастықтың объективті қажеттілік екенін танытты. Бұл уақытқа дейін аса мән берілмей келген денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықтың қажеттілігі туып, аталмыш саладағы байланыстардың негізі қаланды. Келісімдерге қол жеткізудің негізгі құралы саналатын өзара келіссөздер мен кездесулер өткізуде ақпараттық технологиялардың маңызы артты [158].Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қазақстанда орын алған наразылық шерулері артынан қарулы қақтығысқа, жаппай тәртіпсіздікке ұласып, еліміздің тыныштығын бұзғанын білеміз. Қазақстанда мемлекеттік төңкеріс жасап, саяси тұрақсыздық орнатуға тырысқан күштерді ауыздықтату мақсатында еліміз Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының көмегіне жүгініп, нәтижесінде ҰҚШҰ әскері республикада стратегиялық нысандарды қорғауда үлкен қолдау көрсетті. Осы факті саяси тұрақсыздық орнаған тұста ұлттық қауіпсіздік пен егемендікті сақтап қалу ісінде халықаралық ынтымақтастықтыңмаңызынайқындап берді. ҰҚШҰ-ға кірмейтін мемлекеттердің өзі, атап айтсақ, Өзбекстан, Түркия, АҚШ, ЕО басшылары да президентке телефон арқылы өз қолдауларын білдірген болатын. Шығыстағы көршіміз Қытай да бұл жағдайда үнсіз қалмады.

10 қаңтарда ҚХР Мемлекеттік кеңесшісі және Сыртқы істер министрі Ван И Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары, Сыртқы істер министрі М.Тілеубердімен телефон арқылы сөйлесті. Ван И көршілес елретінде Қытай Орталық Азия ұзақ мерзімді тұрақтылықты сақтап, даму мен жандануға қол жеткізетініне бәрінен де көбірек үміттенетінін білдірді. Қытай тарапы Қазақстан тарапымен құқық қорғау және қауіпсіздік департаменттеріндегі ынтымақтастықты арттыруға, екі елдің саяси жүйелері мен саяси билік қауіпсіздігін сақтауға, «түрлі-түсті төңкерістің» кез келген әрекетіне тосқауыл қоюға және оған қарсы тұруға, кез келген сыртқы күштердің араласуы мен енуіне бірлесіп қарсы тұруға, Қытай-Қазақстан ынтымақтастығындағы ірі жобалардың қауіпсіз және кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге дайын екендігін жеткізді [159]. 25 сәуірде Қазақстанға сапармен келген Қытайдың Қорғаныс министрі Вэй Фэнхэ президент Қ. Тоқаевпен кездесуінде Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының дамуын жоғары бағалап: «Қытай Қазақстанда «түрлі-түсті революцияны» қасақана қоздыратын сыртқы күштерге үзілді-кесілді қарсылық танытып, қазақстандық тараптың ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шешуші шаралар қабылдауын қолдайды», - деді.Ол кейбір ірі державалардың аймақтық қауіпсіздікті бұзу мақсатында Орталық Азияның ісіне араласуына қарсы қырағылық танытуға шақырды.Қорғаныс министрі оның сапары Қытайдың Қазақстанды табанды түрде қолдайтынын растайтынын, «екі ел қандай қауіп-қатер мен сынақтарға

тап болса да, олар аймақтық тұрақтылықты бірлесіп сақтап, адамзаттың болашағы ортақ қоғамдастық құру жолында алға жылжитынын» атап өтті [158,с. 1].

Бұдан шығатын қорытынды, Қытай біздің көршіміз ретінде Қазақстанда тұрақтылық пен қауіпсіздіктің орнауына мүдделі және аймақ тұрақтылығына нұқсан келтіретін түрлі қауіп-қатерлермен бірге күресуде қолдау көрсетуге дайын. Бұл екі ел арасында 30 жыл бойы қалыптасып, дамып, нығайған байланыстардың жоғары деңгейін білдірсе керек.

Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестік байланыстарының болашағы зор деуге толық негіз бар деп санаймыз. Себебі екі ел арасында соңғы жылдары қол жеткізілген уағдаластықтар тараптар үшін өте маңызды уақыт талабына сай заманауи жобалар мен жаңа ынтымақтастық бағыттарын қарастырады. Қазақстанда соңғы жылдары орын алған саяси өзгерістер, мемлекеттік биліктің ауысуы Қазақстан-Қытай байланыстарында оған дейін орнатылған ынтымақтастық деңгейін әрі қарай көтеруге, стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдетуге бағытталатынын көрсетті.2019 жылдың қыркүйек айындағы жаңа сайланған Қазақстан президенті Қ. Тоқаевтың Қытайға жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы екіжақты байланыстардың алға қойған стратегиялық мақсаттары ұзақ мерзімді болашақ перспективаларына бағыт алғанын байқатады.Сапар кезінде "Президент болғаннан кейін сіз өз курсыңыздың үш қағидатын жарияладыңыз: сабақтастық, әділеттілік және прогресс. Сіздің мақсаттарыңыз - экономиканы дамыту, жұмыс орындарын құру, сыбайлас жемқорлықпен күрес және халықты әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру. БұлҚазақстан халқының мүддесіне сәйкес келеді. Сіздің барлық бастамаларыңыз осыған бағытталған», – деп, Қытай басшысы Қазақстан президентінің ұстанған бағытының толық қолдайтынын білдірді. Си Цзиньпиннің айтуынша, Қытай тарапы Қазақстанмен стратегиялық ынтымақтастықты тереңдетуге, көлік-коммуникациялық өзара байланысты нығайтуға, құрлық және теңіз тасымалы үшін Қытай-Қазақстан тас жолын салуға, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың сапасын арттыруға, өндірістік қуат саласындағы, ғылыми-техникалық инновациялар саласындағыынтымақтастықты арттыруға ұмтылуда [159,с. 1].

Президент Қ. Тоқаевтың осы сапарының қорытындысы бойынша 10 құжатқа қол қойылған болатын:

1. Қазақстан мен Қытайдың ұзақ мерзімді, жан-жақты стратегиялық әріптестігінің дамитынынрастайтын мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты мен «Жібек жолының экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) құрылысын

біріктіру бойынша ынтымақтастық жоспарын іске асыру туралы өзара түсіністік туралы меморандум.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының Үкіметінің Қазақстан тарапына суперкомпьютер беру жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісім.

5. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі мен ҚХР Сауда министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Басбасқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан ҚХР-ға экспортталатын сүт өнімдеріне қойылатын инспекциялық, карантиндік, ветеринариялық-санитариялық талаптар туралы хаттама.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан ҚХР-ға экспортталатын жүн шикізатына қойылатын инспекциялық, карантиндік, ветеринариялық-санитариялық талаптар туралы хаттама.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы зияткерлік меншік құқықтарын шекаралық қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы меморандум.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан ҚХР-ға экспортталатын зығырға қойылатын инспекциялық, карантиндік, ветеринариялық-санитариялық талаптар туралы хаттама.

Қазақстан мен Қытайдың кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпарат алмасуға арналған техникалық спецификация [157,с. 1].

Биылғы ақпан айында екі ел басшылары тағы да кездесті. Пекинде өткен қысқы олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысуға барған сапары аясында Қазақстан президенті Қытай басшысы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізді.Екі мемлекет басшылары жан-жақты Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестігінің, оның ішінде саяси, сауда-экономикалық, транзиттік-көліктік, мәдени-гуманитарлық салалардағы кең ауқымды мәселелерін талқылады.Келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту бойынша бірлескен күш-жігерге ерекше назар аударылды. Президент пандемияға қарамастан, екіжақты сауда 2021 жылы 15,2 пайызға өсіп, 18,2 миллиард долларды құрағанын атап өтті. Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекеті арасындағы жалпы тауар айналымының тең жартысы біздің елге тиесілі. Президент Қ. Тоқаев «Белдеу мен жол» бастамасының әрі қарай жүзеге асуын басымдықтар қатарына қосып, Қытаймен сандық технологиялар, транспорт пен логистика салаларындағы ынтымақтастыққа қатысты еліміздің қызығушылығын растады. Екіжақты стратегиялық әріптестік байланыстар дамуына жоғары баға беріп, бұл ынтымақтастықтың мәңгілік, жан-жақты және саяси конъюнктураға бағынбайтыны туралы пікірін білдірді.ҚХР Төрағасы өз

кезегінде президент Қ. Тоқаевқа «Бір Қытай» қағидатын қолдағаны үшін алғысын білдіріп, жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуға дайын екендігін білдірді.ҚХР Төрағасы 9 жыл ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асыру бойынша табысты ынтымақтастықты атап өтіп, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, жасыл энергетика, жасанды интеллект, қаржы және электронды коммерция салаларындағы ынтымақтастық перспективаларына ерекше назар аударды [156,с. 1].

Президент Қ. Тоқаевтың осы жолғы сапарының басты қорытындысы ретінде Қытай төрағасы Си Цзиньпинді Қазақстанға ресми сапармен келуге шақыруы болды. Қытай басшысы өз кезегінде шақыруды қабыл алып, биылғы қыркүйек айында Қазақстанға келетіні туралы мәлімдеді. Пандемия салдарынан өзара сапарлар тізбегінде белгілі мерзімдік үзіліс болып қалғандығы, оған қоса дипломатиялық байланыстардың 30 жылдық мерейтоймен сәйкес келетін болашақ жоғары деңгейдегі сапардан да Си Цзиньпин ұсынған өзара ынтымақтастықтың «алтын 30-жылдығын» ашу үшін жаңа стратегиялық идеялар мен маңызды жобалық ұсыныстарды күтуге болады.

Қорыта келе, кез-келген демократиялық қоғамның белгісі болып табылатын мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттағы ашықтықтың болмауы, халықтың билікке деген сенімін жойып, қоғамда түсініспеушілік тудырып, тек мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық деңгейдегі тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін. Қытаймен стратегиялық әріптестіктің тиімді, сәтті жүзеге асуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етуі тиіс, ал ол өз кезегінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеретін қозғаушы күш бола алады. Тек сондай жағдайда ғана біз Қытаймен әріптестігімізді нағыз тиімді ынтымақтастық деп атай аламыз.Қазақстан-Қытай байланыстарының дамуын шын мәнінде тежейтін түйткілді мәселелер жоқтығын сеніммен айтуға болады.Екі ел арасында анағұрлым өзекті болып тұрған трансшекаралық өзендер мәселесі шешімін табуға біртіндеп келе жатыр. Ол үшін шарттық-құқықтықнегіз де қалыптасқан. Ал ішінара туындап отыратын жоғарыда аталған мәселелер географиялық, тарихи-этникалық және идеологиялық факторлармен шарттасқан.Қалай болғанда, Қытай да, Қазақстан да стратегиялық әріптестік деңгейіне жеткен байланыстардың мазмұны мен сапасын бұдан былай да көтеруге мүдделі. Бұл туралы мемлекет басшылары әр сапар сайын мәлімдейді. Ковид-19 пандемиясы әлем елдерінің экономикалық дамуына, халықаралық экономикалық байланыстардың алға басуына нұқсан келтіргенін білеміз. Алайда бүкіл жер шарын жайлаған індеттің салдары өзінің алғашқы кезеңінде ғана Қытай экономикасының дамуын уақытша тежеген болатын. Алдыңғы даму қарқынын тез қалпына келтірген көршіміз экономикалық құлдыраудан оң өсімді тез арада қамтамасыз еткен ірі экономикалардың бірегейі болды. Осылайша, ол өзінің әлемнің екінші экономикасы мәртебесін тағы дәлелдеді. Сондықтан экономикалық қуаты зор көршімізбен стратегиялық әріптестік байланыстарды болашақта да белсенді, қарқынды түрде дамыту еліміздің сыртқы саясатының басты ұстанымы болып қала бермек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақпен Қытай халқы көрші жатқан іргелес ел ретінде ықылым заманнан бері дипломатиялық байланыс орнатқанына тарих куә. Қазақ хандығының Цинь империясымен дербес саяси-экономикалық қатынасы да тарихқа таңбаланған деректермен дәйектелген. Қазақ жері Ресей империясы және одан кейінгі Кеңес Одағы құрамындағы кезеңде Қытай елімен қандай да бір дипломатиялық байланыс Мәскеу әрқылы жасалғанымен, тәуелсіз отауымызды тіккен 1991 жылдан бері Бейжіңмен өз мүддемізді ту етіп екі-жақты қарым-қатынасты дамытып келеміз. Осы аралықта Қазақстан-Қытай қарым-қатынас деңгейі жай ғана дипломатиялық қатынастан «тұрақты әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік» дәрежесіне жетіп, еліміз Германия дәрежесіндегі Қытайдың ең маңызды серіктестерінің біріне айналды.

Әлбетте, мұндай дипломатиялық қатынастардағы тығыз байланыс бір-екі жыл емес, аттай отыз жылдың ішінде екіжаққа тиімді, екі тараптың мүддесі ескерілетін өзара сенімге негізделген стратегиялық саясаттың жемісі. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезеңдегі Қытаймен сауда-экономикалық байланыс деңгейі әлі де төмен деңгейде еді. Тоқсаныншы жылдары Қазақстанда жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға қадам басқан сындарлы өтпелі кезең басталса, біршама уақыт әлемнен оқшауланған Қытай да өз кезегінде нарықтық экономика механизмдерін енгізуді қолға алғанДэн Сяопиннің реформалау және ашылу саясатының алғашқы жемісін татып, енді ғана даму жолына түскен еді. Сәйкесінше, тыңнан дипломатиялық байланыс орнатуды көздеген екі ел арасындағы ең басты мәселе шекара делимитациясы болатын.

Екі-жақты келіссөздер нәтижесінде даулы аймақтар мәселесі өзара тиімді жолмен шешімін тапқаннан кейін сең қозғалып Қазақстан мен Қытай үкіметі өзге салалар мен мәселелерде де прагматикалық жолмен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік алды. Тоқсаныншы жылдардың ортасына қарай мұнай импорттаушы елге айналған Қытай энергетика саласында Қазақстанмен тығыз қарым-қатынасты дамытуға бел шешіп кірісті. Қазақстанның мұнай-газ нарығына Батыс мемлекеттеріне қарағанда кеш келсе де, Қытай үкіметаралық келіссөздер және өзара сенім нәтижесінде бірқатар ірі кеніштерге қол жеткізді. Қытайдың тартымды несие-инвестициялық қарымы мен мұнай-газ құбырларын салу құлшынысы экспорт нарықтарын әртараптандыруды көздеген Қазақстан үкіметінің мүддесімен үйлесім тапты.

Шекараны бекемдеп, сауда-экономикалық байланыс жолға қойылғаннан кейін Қазақстан мен Қытай билігі қауіпсіздік мәселесі тәрізді сан салалы келісімшарттарға қол қойды. Олардың қатарында көпжақты Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы қауіпсіздік келісімдерінің мән-маңызы зор. Қытай мен Ресей тәрізді ірі елдер Орта Азияның тәуелсіздігіне қайта қол жеткізген елдері терроризм, экстремизм және сепаратизм алып келетін сын-қатерлерді бірлесе еңсеріп, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау қағидатын назарына ала отырып, бірлескен әскери жаттығу жиындарын өткізіп, мемлекеттердің тұғырын бекіткен еді. Қазақстан аймақтағы екі ірі елмен бір

ұйым аясында күш жұмылдыра ынтымақтасу арқасында геосаяси тепе-теңдік ұстануға мүмкіндік алды. Ал Қытай Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше болу арқылы батыс өңірі Шыңжаңдағы сепаратистік қозғалысты су сепкендей басып қана қоймай, Ресейдің Орта Азиядағы геосаяси және экономикалық пиғылын жақыннан бақылай алатын болды.

Негізінде, Қытай Орта Азия елдерімен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына орнаған өзара сенім мен тығыз қарым-қатынасты аймақтың энергетика нарығындағы ықпалын ұлғайту және өз тауарларының экспортын арттыруды мақсат етті. Алайда Ресейдің алаңдаушылығын байқаған Бейжің Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыруды кешеуілдетіп, масштабы жөнінен әлдеқайда үлкен "Бір белдеу, Бір жол" бағдарламасын іске қосты. Еуразияның инфрақұрылымдық жобаларына тың серпін берген бұл бастама Қазақстанға да түбегейлі бетбұрыс әкелген мегажоба болды. Қорғас құрғақ порты тәрізді жобалар жүзеге асырылып, Қазақстанның логистикалық хаб ретіндегі әлеуеті артып, жергілікті Нұрлы жол бағдарламасымен үндестік тапты. Экономикасын әртараптандыруды көздеген Қазақстан билігі еліміздің көлік-транспорттық потенциалын күшейтіп қана қоймай, жергілікті экспорт бағыттарын ұлғайтуға мүмкіндік алды.

Мұндай қарқынды даму мен жемісті ортақ жобалардың іске қосылуы екі елдің мүдделерінің тоғысуы және ішкі экономикалық қажеттіліктерінің сәйкестігінен туындағаны сөзсіз. Сондай-ақ, Қытай басшылығыныңжоғарғы деңгейдегі байланыстарға басымдық беру саясатының да стратегиялық жобаларды жылдам жүзеге асыруға жағдай туғызғаны мәлім. Қазақстан мен Қытай үкіметтерінің арасындағы өзара сенім, жоғарғы деңгейдегі тұрақты пікіралмасулар және Президенттер арасындағы достық пен құрмет те өрістеу қарқынын арттыруға себеп болғаны айқын. Нұрсұлтан Назарбаев пен Си Цзиньпиннің жеке кездесулері және әрқилы ұйымдар аясында жүргізген келіссөздері екі тұлға арасында толық сенімнің қалыптасқанын айқын дәлелдеді. Қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да Қытай басшысымен кездесулері екіжақты серіктестіктің маңыздылығын байқатты. Тоқаев мырзаның қытай тілінде еркін сөйлеуі де бұл серіктестіктің нығаюына септігін тигізеді деген ойдамыз.

Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігі тек экономикалық қана емес, сонымен бірге геосаяси тұрғыда мүдделестігінен де күшейіп отыр. Қазақстан өз тәуелсіздігін қалпына келтірген ел ретінде оны қорғау үшін ірі ойыншылардың арасындағы тепе-теңдік пен теңгерімділікті сақтауға мүдделі. Бір ірі елдің толық тәуелділігіне түсудің кері салдары қандай болатынын өз тарихымыздан жақсы білеміз. Бұл тарихи факторды сонау 1991 жылдан бері басшылыққа алып, іс жүзінде орындауға білікті ел басшылығы қам жасап келеді. Қазақстан әуелден АҚШ, Ресей және Қытай үштігімен ғана емес, Түркия, Иран, Үндістан және Жапония тәрізді аймақтық державалармен де орнықты қатынас орнатып, еліміздің геосаяси әлеуеті, қауіпсіздік және территориялық тұтастығын қамтамасыз етті.

Түйіндеп айтсақ, Қазақстан мен Қытай билігінің сан алуан мәселеде көзқарастары ортақ,  пікірлері үндес. Таяу болашақта екі көрші мемлекет қарым-қатынасы нығайып, сауда-экономикалық қатынасының өсу әлеуеті зор. Осы өткен отыз жыл ішінде Қытай билігі Шыңжаң қазақтарының лагерьге тоғыту жағджайларынан тыс барлық мәселеде Қазақстанмен көкейімізге қонымды саясат жүргізгенін айта кету қажет. Оның өзінде екіжақты дипломаттардың келіссөздері нәтижесінде ресми Бейжің қамалған қандастарымыздың мәселесін бейжай қалдырмай, екіжақты дипломатия нәтижесінде шешімін табуда. Екі үкімет ортақ сын-қатерлерді бірге еңсеріп, мойынға алған міндеттемелерді абыроймен аяғына жеткізді.

Дейтұрғанмен, осы  отыз жыл ішінде қол жеткізген жетістік одан әрі баянды болуы және жалғасын табуы үшін әрі талай алда тұрған түйткілді мәселелердің оң шешімін тауып, сын-қатерлерді бірге еңсеру ауадай қажет. Бұдан кейінгі мақсат осы күнге дейін жеткен белесті одан әрі нығайтып, Қытай өсімін еліміздің өркендеуі жолына бағыттау саясатын жалғастырғанымыз абзал. Мұндайда Қытай философиясындағы “Өзен отыз жыл бойы шығысқа, келесі отыз жыл батысқа ағады”(三十年河东三十年河西) деген яғни “заман да қатынас та өзгермелі, аумалы-төкпелі” деген нақыл сөздің бізге бағдар бола алады. Бір жағынан,Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас осы сындарлы отыз жыл ішінде бұрын-соңды байқалмаған таңқаларлық жетістікке жетіп, эволюциялық даму үстінде болды. Аймақтық деңгейде де,  халықаралық деңгейде де ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Тынымсыз өскен Қытай экономикасының шарапаты бізге де тиіп,  талай инфрақұрылымдық жобаларды жүзе асырдық. Қазақстан энергетика көздерін Ресей арқылы Еуропаға жеткізіп қана қоймай, шығыс бағытта да жаңа ірі нарық тауып, экспорт бағыттарын әртараптандырдық.

Екінші жағынан,  әлем бір қалыпты тұрмайды, елдердің арақатынасы да бірде жақсарып,  бірде суйытыны мәлім. Осы тұрақты өсімнен кейін қазір әлемдегі коронавирус індетінің өршуі, ірі державалар арасындағы геосаяси текетірестерден туындаған сын-қатерлер және ғаламдық экономикалық дағдарыстар бірқатар күрделі мәселелерді күн тәртібіне шығарып, жаһандану үдерісі мен аймақтық интеграцияға қауіп төндіргені сөзсіз. Сәйкесінше, таяу болашақта да Қазақстан билігі осындай ғаламат табысқа жетуі үшін қазіргі Қытай өсімінестратегиялық көзөараспен қарап, одан жан-жақыт пайдалануды қолға алған жөн. Қытаймен тату көршілік және стратегиялық серіктестік қатынасын сақтай отырып, Қытай арқылы тек мұнай-газ экспортын арттыру арқылы шикізат экспорттаушы болып қана қоймай, ендігі жерде Қытайдың “Жасанды Интеллект”, “Электр көлігі”, “Төртінші Ұрпақ Индустриясы 4.0” және “Қытайда жасалған 2025” тәрізді салалары мен бағдарламаларынан қажетінше үйреніп, еліміздің өндірістік және технологиялық қуатын күшейтуге басымдық беру керек. Бұл мақсаттың орындалуына осыған дейін қалыптасқан өзара сенім мен ынтымақтастықтың терең деңгейі қолғабыс болмақ.

Сондай-ақ, келешектегі геосаяси сын-қатерлер дәлірек АҚШ пен Қытай арасындағы ықтимал текетірес те Қазақстан билігі үшін сын сағаты болмақ.

Бейжің мен Вашингтон арасы күн санап суып, келешектегі жойқын текетірестің ықтималдылығн артырып келеді. Ірі екі супердержаваның соқтығысына Тайвань аралы және Оңтүстік Қытай теңізі тәрізді мәселелер себеп болуы мүмкін. Бүгінде екі тараптың кикілжіңіне Шыңжаң қайта тәрбиелеу лагерьлері де себеп болып отырғаны мәлім.Бейжіңге қарсы бірнеше жылдан бері әсіресе Трамп әкімшілігі кезінен Вашингтонның бірқатар санкциялар легі жарияланған болатын. Қытай билігіне қатысты Huawei және Шыңжаң қайта тәрбиелу лагерьлерінде қызмет еткен басқа қытайлық компаниялар да бірнеше жылдан бері санкциядан зардап шегіп отыр.

Қазақстан билігі бүгінге дейін Қытай, Ресей және АҚШ үштігімен жақсы қарым-қатынас орнатып, экономикалық пайдамен қатар тепе-теңдік сақтау арқылы геосаяси және қауіпсіздік салаларындағы мақсаттарына қол жеткізіп келеді. Алайда Қазақстан үкіметі АҚШ-пен екіжақты тығыз ынтымақтасуы және Ауғанстан әскери науқаны кезінде НАТО әскерін материалдық–логистикалық қамтамасыз етуде өзінің Құрық портын пайдалануға беруі Бейжің тарапынан алаңдаушылыққа себеп болғаны анық. Қытай-Ресей тандемінің АҚШ-пен ағымдағы геосаяси текетіресі және Қытай-Ресей арасында ықтимал даулар Қазақстан үшін айтарлықтай жағымсыз салдары болатыны түсінікті.

Мұндай жағдайда, Қытай билігі келешекте Қазақстан үкіметіненАмерика Құрама Штаттарынан іргені аулақ салуды талап етуі әбден мүмкін. Бұл әрине Қазақстанның геосаяси тепе-теңдік сақтау және барлық аймақтық және әлемдік державалармен тиімді қатынас орнату саясатына қайшы келіп, еліміздің билігіне қиын да күрделі мәселенің шешімін табуға итермелейді. Мұның алдын алу және екі-жақты стратегиялық серіктестігіміз баяндыболуы үшін қазірден бастапҚытайдың тәуелділігіне(dependence)түспей, керісінше қатынасты өзара тәуелділікке (interdependence) айналдыруға қам жасауымыз керек.Қытаймен сан алуан салада сауда-экономикалық қатынастарымызды стратегиялық серіктестік негізінде одан әрі күшейте отырып, өзге ірі халықаралық және аймақтық державалармен де орнықты байланыс орнатуымыз біздің ұлттық мүддемізге сай келеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия // Материалы ежегодной Алматинской конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008, июнь - 11.

2 Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика. – Алматы, 2000. – 145 с.

3 Современные глобальные проблемы мировой политики / под ред. М.М. Лебедевой. – М.: Аспект Пресс, 2003. – 135 с.

4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылдың 29 қаңтарындағы Қазақстан халықына жолдауы http://www.akorda.kz/kz/addresses 18.02.2018.

5 Совместная декларация об основах дружественных взаимоотношений между РК и КНР от 18 октября 1993 г. // Дипломатический курьер. - 1996. - №1. - С. 69-70.

6 2003-2008 жж. аралығындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық бағдарламасы // http://news.xinhuanet.com 11.12.2017.

7 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» // http://mfa.gov.kz/kz/ 9.10.2017.

8 21-ші ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы // http://kz.china-embassy.org 05.03.2017.

9 ҚХР мен ҚР арасындағы кешенді стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларация (中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国关于全面战略伙伴关系新阶段的联合宣言) https://www.yidaiyilu.gov.cn/ 05.07.2017.

10 Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесі 中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明 https://www.yidaiyilu.gov.cn/ 10.07.2018.

11 Декларация о создании ШОС от 15 июня 2001 // Приоритетные направления экономического сотрудничества Казахстана с Китаем: сборник статей, документов. - Алматы-Урумчи, 2004. - С. 22.

12 Шанхай ынтымақтасты құйымының Хартиясы http://www.news.xinhuanet.com 05.07.2017.

13 Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом // Шанхайская организация сотрудничества: сборник материалов внеочередного заседания министров иностранных дел государств-участников ШОС (г. Пекин). - Алматы: ЦВПА, 2002. - С. 42.

14 «Шанхай ынтымақтастық ұйымының он жылдығы Астана декларациясы» http://online.zakon.kz/Document/ 05.07.2017.

15 ҚХР Сыртқы істер министрлігі Еуропа Азия департаменті // Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы екі жақты қатынастарының маңызды құжаттар жинағы. - 1992-2012/ (中华人民共和国与哈萨克斯坦共和国双边关系重要文件汇编). - Пекин, 2012. - 256 б.

16 Қытай Халық Республикасы халықаралық қатынастар зерттеу институты ШЫҰ ғылыми-зерттеу орталығы // Құжаттар жинағы. Қазақ қытай

дипломатиялық қатынастар орнауының 15 жылдығына орай. – Алматы; Пекин, 2007. - 362 б.

17 Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігі: 2001-2011 жылдары қол қойылған Қазақстан-Қытай құжаттарының жинағы (哈中双边文件汇编). - Пекин, 2011. - 344 б.

18 Назарбаев Н.А. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы, 1996. - 620 б.

19 Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.

20 Назарбаев Н.А. Сындарлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 б.

21 Назарбаев Н.А. Қазақстан жолы. – Қарағанды, 2006. – 372 б.

22 Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.

23 Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. - Алматы: Білім, 1997. - 736 с.

24 Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. - Алматы: САК, 2000. - 584 с.

25 Тоқаев Қ.К. Беласу. - Алматы: САК, 2003. – 656 б.

26 Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Астана: GAUHAR, 2002. - 568 с.

27 ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің Қытайкоммунистік партиясының 16-съезінде жасаған ресми баяндамасы http://www.chinaconsulate.h tm 29.01.2018.

28 ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаодың Қытай коммунистік партиясының 18-съезінде сөйлеген сөзі. XI. Әлеммен адамзат дамуына қатысты игі істерді одан әрі жалғастыру http://www.china.org.cn/ 29.01.2018.

29 Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress http://www.chinadaily.com.cn/ 27.01.2018.

30 Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы басшыларының бірлескен мәлімдемесі 中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明 https://www.yidaiyilu.gov.cn/ 10.07.2018.

31 Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинь таомен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бірлескен мәлімдемесі https://www.fmprc.gov.cn/ 10.03.2017.

32 Си Цзиньпин. Ел басқару жөнінде. – Астана: Фолиант баспасы, 2017. - 560 б.

33 Султанов К.С. Пробуждение гиганта: очерки о китайских реформах. - Алматы: Қазақстан, 1999. - 172 с.

34 Султанов К.С. Реформы в Казахстане и Китае. – Астана: Елорда, 2000. – 472 с.

35 Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV-XIX вв.). - Алматы: Ғылым, 1995. - 228 с.

36 Орман А.А. Китайская Народная Республика. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. - 712 с.

37 Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). - Алматы: ҚАЗақпарат, 2000. - 336 б.

38 Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. - 70 б.

39 Мұқаметханұлы Н., Кәріпжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). - Алматы, 2013. - 251 б.

40 Алдабек Н.А. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 432 б.

41 Алдабек Н.А., Бектурганова П.Е., Сериккалиева А.Е., Дауен Д., Асыл М. Модернизация Китая и Казахстан. - Алматы: Қазақуниверситеті, 2014. - 348 с.

42 Сатубалдин С.С. «Драконы» и «тигры» Азии: сможет ли казахстанский «барс» пройти их тропами? − Алматы: Ғылым, 1998. - 600 с.

43 Бурханов К., Булекбаев С. Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад. - Астана: Елорда, 2010. - 336 с.

44 Шаймергенов Т.Т., Абишева М.А. Центральная Азия 2027: меняющийся стратегический ландшафт. Вероятные сценарии на десять лет вперед. – Астана: Библиотека Первого Президента РК – Елбасы, 2017. – 122 с.

45 Абдиров М.Ж. Китай в современном глобальном мире. – Алматы, 2013. - 422 с.

46 Кожирова, С.Б. Синьцзян на торговых перекрестках Евразии (История торговли XVII-XIX вв. – Алматы: Мир, 2016. – 219 с.

47 科日罗娃. 中国丝绸之路经济带对外政治构想中的新疆 (Қытайлық Жібек Жолының экономикалық белдеуі сыртқы саяси концепциясындағы Шыңжан). 丝绸之路经济带和欧亚经济联盟对接研究 / 李永全主编。- 北京：社会科学文献出版社，2017. - 285 页.

48 Кожирова С.Б. Китайская миграция и Казахстан // Казахстан Спектр. Научный журнал. – Астана, 2016. – №1. – С. 43-63.

49 Мажиденова Д.М. Дипломатияческая служба в контексте эволюции мировой политики. – Астана: Күлтегін, 2003. – 240 с.

50 Ноғаева А.М. Стратегиялық баланс: АҚШ, Ресей және Қытай Орталық Азия аймағында. – Астана, 2014. – 342 б.

51 Омарова М.А. Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты: тар. ғыл. канд. ... автореф.: 07.00.15. - Алматы, 2007. - 30 б.

52 Акатаева А.А. Казахстанско-китайские отношения в 90-е гг. XX в. – начало XXI в. (торгово-экономический аспект): автореф. … канд. ист. наук: 07.00.15. - Алматы, 2007. - 28 с.

53 Жекенов Д.К. Ху Цзиньтаоның сыртқы саясаты және ҚХР-дың әлемдік экономикалық ықпалы (2000-2012 жж): филос. ғыл. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 143 б.

54 Lanteigne M. Chinese Foreign Policy: An Introduction New Zealand. - Routledge, 2013. - 2 edition. - 208 p.

55 Bates Gill. Rising star: China’s new security diplomacy. - Washington: Brookings Institution Press, 2007. – 281 p.

56 Peter Hays Gries. China’s New Nationalism: Pride, Politics, and Diplomacy. – Berkeley; Los Angele; London: University of California Press, 2004. - 227 p.

57 Mariani Bernardo. China’s role and interests in Central Asia. - Saferworld, 2013. - 121 p.

58 Jeffrey N. Wasserstrom. China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know. - Oxford University Press, 2013. - 2 edition. - 208 p.

59 Kissinger H. Diplomacy. – Simon & Schuster, 1994. - 912 p.

60 Kissinger H. World Order. - Penguin Books, 2015. - 432 p.

61 Kissinger H. On China. - Penguin Books, 2012. - 624 p.

62 Бжезинский З. Великая шахматная доска. - М.: Международные отношения, 2010. – 256 с.

63 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций? // Полис. – М., 1994. - №1. – С. 18-37.

64 Fukuyama Francis. The End of History and the Last men. – Free Press, 2006. - 464 p.

65 Wilkins T.S. Russo–Chinese Strategic Partnership: A New Form of Security Cooperation? // Contemporary Security Policy. – 2008. - №29(2). – P. 358–383.

66 Jamal A. The Palestinians in the Israeli peace discourse: a conditional partnership // Journal of Palestine Studies. – 2000. - Vol. 30, №1. - P. 36-51.

67 Li Q., Ye M. China's emerging partnership network: what, who, where, when and why // International Trade. Politics and Development. – Emerald Publishing Limited, 2019. - Vol. 3, №2. - P. 66-81.

68 Struver G. International Alignment between Interests and Ideology: The Case of China's Partnership Diplomacy. - GIGA working papers, 2016. – 125 p.

69 Ciorciari J.D. The Limits of Alignment: Southeast Asia and the Great Powers Since 1975. - Washington: Georgetown University Press, 2010. – 174 p.

70 Қытай мен Қазақстан тұрақты және жан-жақты стратегиялық серіктестік орнатты https://news.cgtn.com/news/2019-09-11/China-Kazakhstan-forge-permanent-comprehensive-strategic-partnership-JU4Mgi2jrq/index.html 18.07.21.

71 Feng Zh., Huang J. China's strategic partnership Diplomacy // ESPO working paper. – 2014. - №8. – P. 18-22.

72 From marriage of convenience to strategic partnership: China-Russia relations and the fight for global influence https://merics.org/en/short-analysis/marriage-convenience-strategic-partnership-china-russia-relations-and-fight-global 17.07.2021.

73 Honghua M., Pengfei J. The China-Italy Comprehensive Strategic Partnership, World Century Publishing Corporation and Shanghai Institutes for International Studies // China Quarterly of International Strategic Studies. – 2020. - Vol. 6, №4. – P. 389–411.

74 What is a case study and what is it good for? // American Political Science Review. – 2004. - №1. – P. 341-354.

75 Caskey G. Chinese development lending and the amplification effect // Job market paper. - George Mason University, 2021. - №1. – P. 17-35.

76 Destined for War: Can America and China escape Thucydides trap? - Houghton Mifflin Harcourt, 2017. – 174 p.

77 Theories: lessons from Mackinder, Young Diplomats https://www.young-diplomats.com/theories-lessons-from-mackinder/ 17.04.2020.

78 Саяси сана саңлақтары. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – Б. 6.
79 Eurasian Mission: an introduction to neo-eurasianism. - Alexander Dugin, 2020. – 217 p.
80 Бжезинский Збигнев. Ұлы Шахмат Тақтасы. Саяси сана саңлақтары. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. - 336 б.
81 Oil and natural gas production is growing in Caspian Sea region. - EIA, 2020 https://www.eia.gov/todayinenergy/detail.php?id=12911 17.07.2021.
82 Wang Yi calls on China, Central Asia to build new type of regional cooperation, CGTN https://news.cgtn.com/news/2021-05-12/Wang-Yi-calls-on-China-Central-Asia-to-build-new-type-of-cooperation-10cyogF6mu4/index.html 17.04.2020.
83 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. – Алматы: Дайк Пресс, 2009. – Б. 9.
84 Paterson S. China and the WTO at 20: celebration or regret. - Hinrich Foundation, 2020. – 17 p.
85 Қазақстан-Қытай қатынастар қарқыны артады // Егемен Қазақстан. – 2017. - №109. – Б. 2.
86 От каких стран больше всего зависит экономика Казахстана РБК https://www.rbc.ru/economics/12/01/2022/61dc3c029a79474999203b91 17.04.2020.
87 Global Soft Power Index 2021: 15 Nations from Mena feature. - Brand Finance, 2021. – 122 p.
88 Jacob Mardell, China’s Health Silk Road: Adapting the BRI to a pandemic-era world. - MERICS, 2020. – 122 p.
89 Huang Y. Context, not history, matters for Deng’s famous quote // Global Times. – 2011. - №6. – P. 15.
90 郑羽, 中俄美在中亚: 合作与竞争 Cooperation and Competition. – China: Russia and the US in Central Asia, 社会科学文献 2007. - P. 67.
91 Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының 20 жылдағы жетістігі https://strategy2050.kz/news/shankhay-yntyma-tasty-yymyny-20-zhylda-y-zhetistigi/ 14.08.2020.
92 Fingar T. The New Great Game: China and South Asia and Central Asia in the era of Reform. - Stanford University Press, 2016. – 154 p.
93 Jin J., Gallagher K.P. Slowing Down, Powering Up: 2017 Chinese Energy Development Finance. - Global Development Policy Center, 2018. – 163 p.
94 China focus: China, Kazakhstan agree to develop permanent comprehensive strategic partnership. – 2019 http://www.xinhuanet.com/english/2019-09/12/c_138384816_2.htm.
95 Economist Justin Yifu Lin: why continued growth in China is a win for the world, Knowledge Wharton. - 2012 https://knowledge.wharton.upenn.edu/article/economist-justin-yifu-lin-why-continued-growth-in-china-is-a-win-for-the-world/ 18.08.2020.
96 Mapping the Belt and Road Initiative: this is where we stand https://merics.org/en/tracker/mapping-belt-and-road-initiative-where-we-stand 14.02.2020.

97 Назарбаев: Си Цзиньпин назвал меня старшим братом https://ru.sputnik.kz/20180614/nazarbayev-si-czinpin-starshiy-brat-6023594.html 17.08.2020.

98 Xie T. Chinese Foreign Policy with Xi Jinping Characteristics. - 2017 https://carnegieendowment.org/2017/11/20/chinese-foreign-policy-with-xi-jinping-characteristics-pub-74765 15.08.2020.

99 Chinese expansion in Central Asia is no threat to Moscow. Russian Ambassador says https://www.scmp.com/news/china/diplomacy/article/3006887/chinese-expansion-central-asia-no-threat-moscow-russian 16.09.2020.

100 A Sneak Peek at CAREC's New Strategy https://blogs.adb.org/blog/sneak-peek-carec-s-new-strategy 18.06.2021.

101 Raimondi P. Central Asia oil and gas industry –the external powers energy interests in Kazakhstan, Turkmenistan, and Uzbekistan // Working paper. - Fondazione Eni Enrico Mattei, 2019.- №1. – P. 18-26.

102 Worldwide look at reserves and production // Oil and Gas Journal. - 2017. - №10. - P. 20.

103 Daly J. China Buys $5 Billion Share in Kazakhstan's Kashagan Caspian Field. - Oil Price, 2013 https://oilprice.com/Energy/Crude-Oil/China-Buys-5-Billion-Share-in-Kazakhstans-Kashagan-Caspian-Field.html 17.06.2021.

104 Pipeline brings Asian gas to China. - Financial Times, 2009. – 111 p.

105 Jin J., Gallagher K.P. Slowing Down, Powering Up: 2017 Chinese Energy Development Finance // Global Development Policy Center. – 2018. - №3. – P. 28.

106 China's ambitious new 'port': landlocked Kazakhstan. The New York Times. – 2018 https://www.nytimes.com/2018/01/01/world/asia/china-kazakhstan-silk-road.html 11.02.2020.

107 Khorgos Gateway https://kz.linkedin.com/company/khorgos-gateway 13.08.2020.

108 Тиан Уэнлин 田文林. "落实'一带一路'倡议伊朗是重要支点." 《大众日报》. - 2016 年 1 月 23 日: 9.

109 Partnership is much better for China than it is for Russia // The Economist. – 2019. - №1 https://www.economist.com/leaders/2019/07/27/partnership-is-much-better-for-china-than-it-is-for-russia 15.02.2020.

110 The rise and fall of America' s New Silk road strategy https://www.thestreet.com/economonitor/emerging-markets/the-rise-and-fall-of-america-s-new-silk-road-strategy 15.08.2020.

111 SCO to induct Egypt and Saudi Arabia as dialogue partners. CGTN https://news.cgtn.com/news/2021-07-15/SCO-to-induct-Egypt-and-Saudi-Arabia-as-dialogue-partners-11UZH4bY5m8/index.html 13.01.2020.

112 Россияне вдвое чаще стали считать китайский язык полезным для карьерыhttps://www.rbc.ru/society/10/04/2022/6250eed39a79477986f4392d?from=from_main_8 13.02.2021.

113 Jakobson L., Knox D. New Foreign Policy Actors in China. - SIPRI, 2010

https://www.sipri.org/publications/2010/sipri-policy-papers/new-foreign-policy-actors-china 20.08.2021.

114 Конституция КНР (в редакции 2018 г.) // https://chinalaw.center/constitutional_law/china_constitution_revised_2018_russian/ 03.06.2021.

115 Казахстан-Китай. 5 лет по пути добрососедства и сотрудничества // Сборник документов и материалов / под ред. К. Султанова. – Пекин, 1997. – С. 7.

116 Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговлик стратегическому партнерству // В 3 кн.: Сборник документов. – Алматы: Казахстанский институтстратегических исследований при Президенте РК, 2010. Книга 3. – С. 23.

117 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 256 б.

118 Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000420_ 07.05.2021.

119 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы // https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalgan-tuzhyrymdamasy-turaly 03.05.2021.

120 Устав коммунистической партии Китая: принят с частичными поправками XIX Всекитайским съездом КПК 24 октября 2017 года http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726536.htm 12.09.2021.

121 Совместная декларация Республики Казахстан и Китайской Народной Республики об установлении и развитии стратегического партнерства. - Астана, 2005 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30033087&pos=3;-106#pos=3;-106 02.05.2021.

122 О подписании Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о создании Казахстанско-китайского комитета по сотрудничеству. Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 мая 2004 года, №545 // https://adilet.zan.kz/rus/docs/P040000545_ 12.08.2021.

123 Совместная декларация КНР и Казахстана о развитии всестороннего стратегического партнерства http://russian.people.com.cn/31519/7408894.html 01.02.2021.

124 Совместная декларация КНР и Казахстана о развитии всестороннего стратегического партнерства http://russian.people.com.cn/31519/7408894.html 03.09.2021.

125 丁工.浅谈中国的全球伙伴关系 http://world.chinadaily.com.cn/2017-11/28/content_35104042.htm 18.04. 2020.

126 两个一百年 https://baike.baidu.com/item/%E4%B8%A4%E4%B8%AA%E4%B8%80%E7%99%BE%E5%B9%B4/4272808 017.05.2020.

127 中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明（全文）http://www.xinhuanet.com/politics/2019-09/12/c_1124990997.htm 06.08.2020.

128 Шпаковская М.А., Нгуен Т.Н.З., Куклин Н.С. Всеобъемлющее стратегическое партнерство Социалистической Республики Вьетнам и Российской Федерации: основа, содержание и принципы // Юго-Восточная Азия: актуальные проблемы развития. – 2019. – Т. 1, №2(43). – С. 175.

129 Смайылов Ә. Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің 10-шы отырысына қатысты https://primeminister.kz/kz/news/a-smayylov-kazakstan-kytay-yntymaktastyk-komitetinin-10-shy-otyrysyna-katysty-2610756 17.04.2020.

130 Казахстанско-Китайский Деловой Совет https://www.sk.kz/dev/kkds/ 17.08.2020.

131 Сотрудничество Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой. – Официальный сайт МИД РК https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/470?lang=ru 18.09.2021.

132 Пресс-релиз Посольства КНР в РК (2017.5.29-6.11) Официальный сайт Посольства КНР в РК https://www.fmprc.gov.cn/ce/ceka/rus/ztbd/xwzy/t1469443.htm 18.08.2021.

133 Муканова Асель. Казахстан-Китай: новый уровень всестороннего стратегического партнерства // Казахстанская правда. – 2019, сентябрь 12.

134 Сотрудничество Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой. – Официальный сайт МИД РК https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/470?lang=ru 17.08.2020.

135 О мероприятиях Казахстанско-Китайского делового совета в Ляньюньгане https://www.sk.kz/press-center/news/72800/?lang=ru 14.09.2020.

136 中国（江苏）——哈萨克斯坦企业家论坛在连云港举行 // https://www.imsilkroad.com/news/p/466455.html 05.08.2020.

137 Асқар Мамин Қазақстан-Қытай бірінші Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысты // Егемен Қазақстан. – 2017, қыркүйек – 12.

138 Асқар Мамин Қазақстан-Қытай бірінші Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысты // Егемен Қазақстан, 2017, қыркүйек – 12.

139 В Алматы прошел II Межрегиональный форум сотрудничества Казахстана и Китая https://inbusiness.kz/ru/news/v-almaty-proshel-ii-mezhregionalnyj-forum-sotrudnichestva-kazahstana-i-kitaya 17.08.2020.

140 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан https://adilet.zan.kz 14.08.2020.

141 Омарова М.А. Қазақстан мен Қытай арасындағы су мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. - 2013. - №2(62). – Б. 18-27.

142 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан https://adilet.zan.kz 17.08.2021.

143 哈萨克斯坦与中国开展跨界水资源利用谈判 https://www.imsilkroad.com/news/p/458639.html 13.08.2020.

144 Сатпаев Д. Шесть причин антикитайских настроений в Казахстане // Forbes Kazakhstan. - 2019, ноябрь - 4 https://forbes.kz/process/expertise/shest_prichin_antikitayskih_nastroeniy_v_kazahstane/ 17.08.2021.

145 Алдабек Н. Синофобиялық көзқарастардың әсері мен салдары // Егемен Қазақстан. - 2022, ақпан – 20.

146 Эксклюзивное интервью Президента Республики Казахстан Касым-ЖомартаТокаева Агентству "Хабар" https://www.youtube.com/watch?v=lwzhOH-xcgI&t=1229s 17.05.2021.

147 Ертысбаев Ермухамет. В основе антикитайских митингов лежит невежество https://informburo.kz/interview/ermuhamet-ertysbaev-v-osnove-antikitayskih-mitingov-lezhit-nevezhestvo.html 16.08.2020.

148 Усиление гуманитарной составляющей во взаимоотношениях Нур-Султана и Пекина может стать новым драйвером в сотрудничестве, считают эксперты https://inbusiness.kz/ru/news/eksperty-kazahstana-i-kitaya-obsudili-prichiny-ksenofobii-i-puti-ih-ustraneniya 16.02.2020.

149 Усиление гуманитарной составляющей во взаимоотношениях Нур-Султана и Пекина может стать новым драйвером в сотрудничестве, считают эксперты https://inbusiness.kz/ru/news/eksperty-kazahstana-i-kitaya-obsudili-prichiny-ksenofobii-i-puti-ih-ustraneniya 13.07.2020.

150 Посол Китая назвал «дезинформацией» сообщения о задержании этнических казахов в Китае https://rus.azattyq.org/a/30294972.html#comments 19.08.2021.

151 Әлмұханбет Әсем. Сайрагүл Сауытбай туралы жаңа деректер шықты https://qamshy.kz/article/41334-sayragul-sauytbay-turaly-dganha-derekter-shyqty# 14.08.2021.

152 Токаев высказался о положении этнических казахов в Китае https://ru.sputnik.kz/20191204/tokaev-china-kazakh-lager 16.09.2020.

153 Визит Токаева в Китай: какие соглашения заключили стороны и чем они выгодны Казахстану https://informburo.kz/stati/vizit-tokaeva-v-kitay-kakie-soglasheniya-zaklyuchili-storony-i-chem-oni-vygodny-kazahstanu.html 13.08.2021.

154 习近平会见哈萨克斯坦总统托卡耶夫 ҚХР-дың ҚР-дағы елшілігінің ресми сайты https://www.fmprc.gov.cn/ce/ceka/chn/zhgx/t1672339.htm 16.02.2021.

155 Почти на 10 миллионов долларов гуманитарной помощи в Казахстан направил Китай, что составило более половины от всего объема https://ru.sputnik.kz/20210210/Skolko-gumanitarnoy-pomoschi-poluchil-Kazakhstan-za-pandemiyu-16251245.html 17.02.2020.

156 Омарова М.А. Қазақстан-Қытай байланыстары // Қазақ тарихы. - 2021. - №2(191). – Б. 29.

157 哈萨克斯坦内乱：一次调价引发的中亚震荡. – 《中国新闻周刊》2022 年第 3 期 http://www.chinanews.com.cn/gj/2022/01-15/9652979.shtml 17.05.2021.

158 Минобороны КНР: Китай выступает против внешних сил провоцирующих "цветную революцию" в Казахстане https://www.kt.kz/rus/politics/pochetnoe_konsuljstvo_kazahstana_otkrito_v_avstrijskom_klagenfurte_1153627756.html 14.08.2020.

159 Визит Токаева в Китай: какие соглашения заключили стороны и чем они выгодны Казахстану https://informburo.kz/stati/vizit-tokaeva-v-kitay-kakie-soglasheniya-zaklyuchili-storony-i-chem-oni-vygodny-kazahstanu.html 13.05.2021.

# ҚОСЫМША А

## Қытай дипломатиялық серіктестіктерінің иерархиялық орналасуы [74]

**Not all partnerships are created equal**
Hierarchy of China's diplomatic partnerships, in order of closeness

| TYPE OF PARTNERSHIP | DESCRIPTION | COUNTRIES |
|---|---|---|
| **1. Strategic Partnership of Coordination 战略协作伙伴关系** | | |
| Comprehensive Strategic Partnership of Coordination for a New Era (新时代全面战略协作伙伴关系) | China's highest level of foreign partnership; cooperation on all issues, including international affairs, military and technological development. | Russia |
| **2. Strategic Cooperative Partnership 战略合作伙伴关系** | | |
| 2.1 All-Weather Strategic Cooperative Partnership (全天候战略合作伙伴关系) | Wide-ranging coordination and cooperation – both political and economic – with strategically important countries. Pakistan tops the list, ranked as an "all-weather" partner. | Pakistan |
| 2.2 Comprehensive Strategic Cooperative Partnership (全面战略合作伙伴关系) | | 11 countries, all in Southeast Asia and Africa |
| 2.3 Strategic Cooperative Partnership (战略合作伙伴关系) | | Six countries, mostly in South Asia (including India) |
| **3. Strategic Partnership 战略伙伴关系** | | |
| 3.1 All-round Strategic Partnership (全方位战略伙伴关系) | Strategic partners are countries China considers strategically important for political, economic or geopolitical reasons. They warrant a higher level of engagement from Beijing, though relations are not without friction. | Germany |
| 3.2 Permanent Comprehensive Strategic Partnership (永久全面战略伙伴关系) | | Kazakhstan |
| 3.3 Comprehensive Strategic Partnership (全面战略伙伴关系) | | 40 countries, including eight EU member states and the UK |
| 3.4 Friendly Strategic Partnership (友好战略伙伴关系) | | Austria |
| 3.5 Strategic Partnership (战略伙伴关系) | | 16 countries, including Canada and the Czech Republic |
| 3.6 Innovative Strategic Partnership (创新战略伙伴关系) | | Switzerland |
| **4. Cooperative Partnership 合作伙伴关系** | | |
| 4.1 All-round Cooperative Partnership (全方位合作伙伴关系) | Cooperative partnerships focus mainly on economic cooperation. Even if relations are friendly, cooperation is limited to specific issue areas. | Singapore |
| 4.2 Comprehensive Friendly Cooperative Partnership (全面友好合作伙伴关系) | | Romania, Maldives |
| 4.3 Comprehensive Cooperative Partnership (全面合作伙伴关系) | | Six countries, including South Korea and the Netherlands |
| 4.4 Friendly Cooperative Partnership (友好合作伙伴关系) | | Japan |
| 4.5 New-Type Cooperative Partnership (新型合作伙伴关系) | | Finland |
| **5. Partnership 伙伴关系** | | |
| Innovative Comprehensive Partnership (创新全面伙伴关系) | Other partnerships tend to signify that, though relations may not be close, there is a wish to improve them. | Israel |

Note: as China's only treaty ally, North Korea is not included in this partnership framework.

Sources: Ministry of Foreign Affairs of the People's Republic of China, MERICS

© MERICS